

## **Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

### **Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

#### **1. Мыналар:**

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық:

1) 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 10-тармағының б) тармақшасын және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымшасындағы "Коммуникативтік-тілдік дағдылар" деген бөлімдегі реттік нөмірі 9-жолды;

2) 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 және 22-тармақтарын;

3) 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 4-сыныптар үшін қолданысқа енгізілетін Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 1-параграфын, 3-тарауының 1-параграфын және 4-тарауының 1-параграфын;

4) 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 9-сыныптар үшін қолданысқа енгізілетін Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 1-параграфын, 3-тарауының 1-параграфын және 4-тарауының 1-параграфын;

5) 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 10-сыныптар және 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап 11-сыныптар үшін қолданысқа енгізілетін Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 1-параграфын, 3-тарауының 1-параграфын және 4-тарауының 1-параграфын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 19 және 21-тармақтары, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 2-параграфы, 3-тарауының 2-параграфы және 4-тарауының 2-параграфы, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 2-параграфы, 3-тарауының 2-параграфы және 4-тарауының

2-параграфы 2019 жылғы 1 қыркүйекке дейін, Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 2-параграфы, 3-тарауының 2-параграфы және 4-тарауының 2-параграфы 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
1-қосымша

## **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармағына сәйкес әзірленді және мыналарға:

1) оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне;

4) оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Осы стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) ата-аналар дағдылары – баланың дене, зияткерлік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, тиісті мінез-құлықты қалыптастыру үшін қажетті дағдылар;

2) әлеуметтендіру – қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті білім, білік, дағдыларды, нормаларды, қағидаларды меңгеру арқылы баланың әлеуметтік ортаға ену процесі;

3) әлеуметтік дағдылар – бала мектепке дейінгі жаста меңгеретін өзара әлеуметтік әрекеттің әдістері мен тәсілдері;

4) интеграция – мазмұнның құрылымдық бөлімдерінің арасындағы байланысты орнататын процесс;

5) ерте дамыту – баланы туғаннан бастап үш жасқа дейін дене, зияткерлік және эмоционалдық дамытуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру;

6) заттық-кеңістіктік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі;

7) инклюзивті білім беру – барлық тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс;

8) күн тәртібі – баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін тәулік бойғы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекет пен демалыстың дұрыс өзара бірізділігі;

9) күту – ерте жастағы балаларға күтім жасау, тамақтандыру, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру шараларын ұйымдастыру;

10) оқыту нәтижесі – баланың даму деңгейінің көрсеткіші;

11) өз бетінше үйрену дағдылары – баланың дербес және ересектердің басшылығымен қоршаған ортаны тануда және мектепте оқуға табысты дайындалуда жинақтаған дағдылары;

12) үлгілік оқу бағдарламасы – әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

13) үлгілік оқу жоспары – жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған оқу қызметінің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат;

14) ұйымдастырылған оқу қызметі – білімді игеруге, біліктер мен дағдыларды меңгеруге бағытталған педагог пен тәрбиеленушілердің бірлескен әрекеті;

15) жеке оқу жоспары – Үлгілік оқу жоспары негізінде оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші және/немесе психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары құрастырған оқу жоспары;

16) жеке оқу бағдарламасы – Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оның жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші және/немесе психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары құрастырған оқу бағдарламасы;

17) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар–денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы және уақытша қиындық көріп жүрген арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін балалар.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында әрбір топта үш адамнан аспайтын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту қарастырылады. Топта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жағдайда топты жасақтаудың ара қатынасы үш тәрбиеленушіге бір ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар баладан іске асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар**

4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен орта білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары білім беру қызметін:

1) "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары);

2) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

5. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;

2) қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

3) тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;

4) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруға;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге;

6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындыққа;

7) креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға;

8) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарлама әзірленеді.

7. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

9. "Денсаулық" білім беру саласы.

"Денсаулық" білім беру саласының мақсаты денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру болып табылады.

"Денсаулық" білім беру саласына ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, түрлі ұлттық қимылды ойындарды және командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттерді және командада өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту енгізілген.

"Денсаулық" білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту жалпы қимылдық біліктерді, жүру мен жүгіру дағдыларын, қимылдарды үйлестіруді, гигиеналық және дене шынықтыру құралдарын қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруды, ойындарға қатысуға қалауы мен эмоционалдық жауап беруді, нұсқау бойынша қимылдарды орындауға баулуды қарастырады.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) дене шынықтыруды (ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге арналған бейімделген дене шынықтыру);

2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. "Қатынас" білім беру саласы.

"Қатынас" білім беру саласының мақсаты ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

"Қатынас" білім беру саласы тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретуді қамтиды.

"Қатынас" білім беру саласының мазмұны коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту қатысымының вербалді және вербалді емес дағдыларын қалыптастыруды, тілдік ортаны құруды, сөйлеу белсенділігін, қоршаған ортаға қызығушылықты, коммуникативті әрекеттің түрлі формаларына қатысуға қабілеттілікті оятуды қамтиды.

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сөйлеуді дамытуды;

2) көркем әдебиетті;

3) сауат ашу негіздерін;

4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (қазақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. "Таным" білім беру саласы.

"Таным" білім беру саласының мақсаты мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл жасауда командада жұмыс істей білуге қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруі үшін дамыту болып табылады.

"Таным" білім беру саласы санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту көпсенсорлы қабылдау мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыруға, сенсорлық ақпараттарды саралауға, сезімдік тәжірибені жинақтауға, заттық қимылдарды игеру және ойлау процестерін белсендіруге, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сенсориканы (бөбек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);
- 2) құрастыруды;
- 3) жаратылыстануды қамтиды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. "Шығармашылық" білім беру саласы.

"Шығармашылық" білім беру саласының мақсаты шығармашыл тұлғаны, шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық саланы, қиялды, ойлауды, көркем талғамды қалыптастыру, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

"Шығармашылық" білім беру саласы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту шығармашылық әрекет процесінде шынайы әлемнің бейнелерін қалыптастыруды, заттық ұғымдарды айқындауды, нақтылауды және жалпылауды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сурет салуды;
- 2) мүсіндеуді;
- 3) жапсыруды;
- 4) музыканы қамтиды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. "Әлеумет" білім беру саласы.

"Әлеумет" білім беру саласының мақсаты ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді қолайлы әлеуметтендіру, оларды мәдени-әлеуметтік нормаларға,



отбасы, қоғам мен мемлекеттің дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

"Әлеумет" білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді; қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Ерте жастағы тәрбиеленушілерде отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру баланың өмірін қорғауға және денсаулығын нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік қабілеттер мен дағдыларды: мәдени-гигиеналық біліктер мен дағдыларды меңгеруге, тәртіп ережелерін үйретуге, күн тәртібіне дағдыландыруға, когнитивтік функцияларды дамытуға (алдында туындаған қиындықтарды көре білу, көңіл-күйінің, эмоционалды жағдайының өзгеруін көру), тұлға аралық қатынастарды құрудың негізі болып табылатын этикалық нормаларға тәрбиелеуге, отбасында және мектепке дейінгі ұйымда балалардың бір-біріне мейірімді болуына, көңіл бөлуге, қамқорлық жасау және бір-біріне көмектесу жағдайын құруға, жеке тұлғаның жайлы әлеуметтенуіне, эмоционалды-адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауға, балалар әрекетінің әр түрінде тәрбиелеу дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, еліне деген сүйіспеншілікке, оның тарихына қызығушылыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту органикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша өзіне қызмет ету дағдыларын, әлеуметте өзін ұстауы мен оған қарым-қатынасын қалыптастыруға, оларды әлеуметтік және тұрмыстық ортаға тартуға, түрлі әлеуметтік-мәдени дағдыларды игеруге бағытталған.

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) өзін-өзі тануды;
- 2) қоршаған ортамен танысуды қамтиды.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3- тарау. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

14. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

15. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;

3) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;

4) ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;

5) мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат.";

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;

3) ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11,5 сағат;

4) ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12,5 сағат;

5) мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) - ұзақтығы 25-30 минуттан 18 сағат.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

16. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушісі Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс.

17. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

18. Мектепке дейінгі ұйымның және орта білім беру ұйымдарының мектепалды сыныбы түлегі келесідей сапаларды меңгеруі тиіс:

1) дене бітімі дамыған;

2) білуге құмар;

- 3) өзіне сенімді және белсенді;
- 4) эмоционалды елгезек;
- 5) әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;
- 6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;
- 7) орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

19. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Туғаннан бастап 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымшасында берілген.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **5 тарау. Оқыту мерзіміне қойылатын талаптар**

21. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) мынадай:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1 жастан бастап 6(7) жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мектепке дейінгі тәрбие  
мен оқытудың мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
2-қосымша

## Туғаннан бастап 1 сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ п/п	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (0-3 жас)			Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)	
		Нәрестелік жас (туғаннан бастап)	Ерте жас (1 жастан бастап)	Кіші жас (2 жастан бастап)	Орта жас (3 жастан бастап)	Ересек (4 жастан бастап)
1	2	3	4	5	6	7
Денсаулық сақтау дағдылары						
1	Мәдени-гигиеналық дағдылар	Тамақты көргенде қимылдайды. Ыдысты ұстауға көмектеседі, ұстайды.	Өз еркімен қасықпен тамақ ішеді, ересектің көмегімен киінеді, түбекке сұранады, оның орнын біледі және уақытында қажеттілігін айтады	Жеке бас гигиенасының алғашқы дағдыларын меңгереді.	Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.	Гигиеналық шараларды орып ретін біледі.
2	Дене шынықтыру	Ересектердің саусақтарынан ұстайды. Заттарға ұмтылып, екі қолымен ұстайды, заттарды қолдан қолға ауыстырады	Берілген бағытта жүре алады, жүгіре алады. Баспалдақпен жоғары көтерілгенді және төмен түскенді ұнатады.	Жүгіру, өрмелеу және секірудің алғашқы дағдыларын меңгереді.	Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын меңгереді.	Өмірлік маңызы қимылдарды өздігінен орып алады.
		Сүйене отырып заттың үстіне шығады, айналаға	Қатар отырып ойнай алады, кеңістіктегі		Командада ойнаудың қарапайым	Түрлі ойындар оның ішінде ұл

3	Дербес қимыл белсенділігі	қарайды, контейнерден заттарды алады, с у д ы шашыратады.	ашық, зейін аударатын заттарды өз бетінше таба алады.	Шағын топта бірге ойнай алады.	ережелерін сақтай біледі.	ойындарды ойнай ойын ережеле сақтайды.
4	Салауатты өмір салты	Өзін жұбату және ұйықтау қабілеттерінің жоғарылағанын көрсетеді.	Күн тәртібін орындайды.	Шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады және қауіпті жағдайда сақтық танытады.	Салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі, ересектердің көрсетуімен шынықтыру элементтерін орындайды.	Салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және сақтайды. Өсімдіктермен, жануарлармен, жәндіктермен істеуге болатын біледі.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар

1	Қарым-қатынас мәдениеті	Дыбысқа және оның дереккөздеріне назар аударады. Былдырлайды және дыбыстарға еліктейді.	Жаңа сөздерге еліктейді; таныс заттардың және қимылдардың жеңілдетілген атауларын, алғашқы толық сөздерді қолданады.	Өзінің құрбыларымен және жақындарымен қарым-қатынасқа түсе алады.	Ересектердің сөзін түсінеді. Сұрақтарды тыңдайды, оларға жауап береді.	Ересектермен, балалармен қарым-қатынасқа алады және олардың өтініштерін орындайды.
2	Тілдің грамматикалық құрылымы	-	Қарапайым сөздерді қолданады және заттар мен қимылдарды қарапайым сөздермен атауды біледі.	Түсінікті болу үшін өз ойын дұрыс жеткізе алады.	Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады.	Ересектердің сөзін қолданып, сөз және сабақтармен құрмалас сөйлем үйлесімді құрас алады.
3	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	Оның есімін атағанда ыммен немесе дауысымен жауап береді.	Дауысты дыбыстарды және артикуляциялық қатынаста дауыссыз дыбыстарды жеткілікті түрде анық айта алады.	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады.	Сөздердің қалай айтылатынын тыңдап, оларды анық айтады.	Ана тілінің бағдарлы дыбыстарын дұрыс айтады.
4	Сөздік қор	Қимылдарға, басқа ымдар мен дыбыстарға еліктейді.	Ересектердің айтқан сөздері мен сөз тіркестерін қайталайды. Жануарлардың дыбыстарына еліктейді.	Өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сұрақтарға жауап береді.	Барлық қимылдарды, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен сапасын атайды.	Жағдайды көрсетіп, сөздерді қолданып, сөйлеуде етістік белсенді қолданады.
5	Байланыстырып сөйлеу	-	Қысқа сөз тіркестері мен сөздерді қолданып, өтініш жасай алады, тапсырманы мұқият тыңдайды және оны дұрыс орындайды.	Тілектерін, ойларын, сезімдерін айту үшін сөздерді қолдана алады.	Табиғаттың тірі және өлі нысандарын бақылау, суреттерді, заттарды қарастыру кезінде сұрақтарға дұрыс жауап береді.	Диалогтік сөйлеу формасын меңгеріп, 2-3 сөйлеммен ойын жеткізе алады.
		Шаршаған немесе ренжіген кезде өзін	Ойыншықтармен қойылатын күрделі емес шағын сахналық	Саусақ ойындарына	Кейіпкерлердің мінезін жеткізу үшін	Таныс ертегілерді айтады, ойыншық туралы шағын

6	Шығармашылықпен тілдік қызмет	құшақтаудың, еркелетудің қажет екенін ыммен білдіреді.	қойылымдарды түсінеді, ойыншықтардың әр қимылына еліктейді.	арналған тақпақтарды ж а т қ а айтады.	интонациялық мәнерлеудің қарапайым түрлерін қолданады.	әңгімелер құрастырады.
7	Шығармаларды қабылдауы	Қысқа тақпақтар мен тіл жаттығуларын тыңдайды және о ғ а н көңіл-күймен жауап береді.	Тиісті суреттерді қолдана отырып шағын, қарапайым әңгімелерді, өлеңдерді , тақпақтарды түсінеді.	Халық ауыз әдебиеті туындыларына эмоционалды үн қатады.	Түрлі оқиғаларға, кейіпкерге өзінің қарым-қатынасын білдіреді.	Өзіне ұнайты бірнеше шығармаларды алады, әдеб кейіпкерлерді оі қолданады.
8	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	-

Танымдық дағдылар

1	Заттардың қасиеттерін бағдарлау	Заттарды есте сақтауға және іздеуге қабілетті.	Біртекгі заттарды бір белгісі бойынша ( көлемі, пішіні) топтастыра біледі. Негізгі төрт түсті ажырата алады.	Заттардың негізгі түстерін, пішінін, көлемін, сипатын ажыратады.	Салыстыру (қатар қою, беттестіру) тәсілімен заттарға т ә н айырмашы-лықтарды таниды және атайды.	Заттарға тә ерекшеліктерді : белгілерді иісі, , дыбысы негізі қабылдайды.
2	Қоршаған ортаны тану	Әртүрлі тәсілдермен заттарды зерттейді (яғни лақтырады, шашады, басқалардың әрекетін бақылайды).	Өзі, отбасы туралы білімге ие. Үйге, балабақшаға жақын маңайдағы жануарларды, өсімдіктерді, заттарды таниды.	Адамдарға, олардың әрекетіне ерекше қызығушылық танытады.	Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды және а т а й д ы . Бағдаршам белгілерін түсінеді және атайды.	Тірі және өлі тап пен қоғамдъ өмірдегі қарапа себеп-салдарлы байланыстарды түсінеді.
3	Құрастыру дағдылары	Қимылдарды орындаудың	Ересектердің көмегімен қарапайым	Ересектердің көрсетуімен қарапайым құрылыстарды қайталап жасайды (үстіне,	Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, құрылыс материалдарын қолдана біледі. Оның негізгі	Құрылыс материалдарын бетінше таңдайд құрастыруға

		түрлі әдістерін жасауға тырысады.	құрастырылымдарды құрастыра біледі.	жанына, астына қоя алады).	бөлшектерін біледі және атайды.	тырысады. Кома жұмыс істеуді бі
4	Экологиялық мәдениет негіздері	Табиғат әлемін жағымды қабылдайды, қоршаған ортадағы өсімдіктер мен жануарларды аңғарады.	Тіршілік иелерін, өсімдіктерді ажырата алады, оларға қызығушылық танытады.	Жануарлар әлеміне мейірімділік пен ұқыптылық танытады.	Ересектердің көмегімен өсімдіктерді күтіп баптау бойынша қарапайым еңбек дағдыларын орындай алады.	Табиғатта өзін ұстаудың кей нормаларын меңгереді.
5	Қарапайым математикалық ұғымдар	Өртүрлі көлемдегі және пішіндегі ойыншықтармен немесе заттармен ойнайды.	Ересектердің нұсқауларын түсінеді және айналасындағы кеңістіктен заттарды таба алады.	Кеңістікті бағдарлаудың бастапқы дағдыларын меңгереді.	Уақыт, кеңістік туралы қарапайым түсініктерін көрсете алады.	Уақыт туралы (т бөліктері: таңер күндіз, түн; кү бүгін, кеше, ер жылдам, бас түсініктерін біле
6	Ізденіс және эксперименттік әрекет	Заттарды зерттеуге қызығушылық танытады, жаңа заттармен танысады немесе зерттейді. Заттарды көбінесе қолданылуына қарай емес, өлшемі бойынша салыстырады.	Өртүрлі пішіндегі ойықтарға (тесіктерге) сәйкес заттарды салуды біледі.	Өртүрлі заттармен әрекет жасай (ажырата, жалғай, құрастыра) алады.	Т а н ы с материалдармен өз бетінше, сондай-ақ командада эксперимент жасай алады.	Максатты түрде материалдармен эксперимент, ү жасай алады я заттар арасынд жалпы белгіле ажырата біледі.
7	Ақпаратпен жұмыс	Айнадағы бейнесін бақылайды және қызығушылық танытады.	Ақпаратты сезім мүшелерінің (сезім, иіс сезу, жанасу түйсіктері арқылы) көмегімен алады .	Өртүрлі ақпарат көздеріне қызығушылық танытады.	Қызықты ақпаратты анықтайды.	Жаңа ақпарат қажеттігін түсін

#### Шығармашылық дағдылар

1	Музыкалық әрекет	Ересек адаммен көңілді ойын ойнағанда қуанады, дабылдың соғылғанын көргенде, заттың бетін ұрады.	Өнді орындау барысында қарапайым кимылдармен би әуеніне көңілді сипат бере алады.	Музыкалық аспаптарды біледі, музыкалық фразалардың жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады, ересектермен	Музыкалық шығарманың қарқынын, жоғары дыбыстарды ажыратады, әуеннің басы мен соңына назар аударады.	Дауыс тембр ажыратады, ә созып айтад сөздерді анық ай би, музыкаль ырғақты кимыл орындайды. О т а н д ы қ композиторлард шығармаларын
---	------------------	--	---	--	---	---

		Музыкалық құралдармен әрекет жасайды.		бірге ән айтуға ықылас танытады.	Халық әуендерін тындайды және қабылдайды.	тындайды және қабылдайды.
2	Өнімді әрекет	Ашық түсті заттарға, картиналарға, гүлдерге эмоционалды үн қатады (аузына салады, басын изейді, тоқылдатады, ұрады, лақтырады).	Қағаз бетін ашық дақтармен, жақпалармен толтырады (боюу, маркер, борлар, қарындаштар); дөңгелек, жалпақ пішіндерді мүсіндейді.	Мүсіндеу дағдыларын игерген (заттарды шұңқырлау, сәндеу). Қағаз бетіне тік және жатық, ирек сызықтар сыза алады.	Бейнелеу әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктерді игереді.	Бейнелеу өнер түрлері туралы ұғымдары ба кескіндеме, мүсі халық өн Ата-бабаларды тұрған үйлер тұрмыстық заттар ұлттық киім бөліктерін атайды
3	Қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау	-----	Бояудың ашық түстеріне назар аударады, оларға таң қалады, қуанады.	Халық ойыншықтарын қарастыру кезінде эмоционалды түрде қуанышын көрсетеді.	Қолданбалы халық өнерінің түрлеріне қызығушылық танытады. Материалдарды ұқыпты қолданады.	Геометриялық пішіндерді және өсімдік элемент халық өнер шығармаларының желісі бойын бір келкі орналастырады Түрлі заттар дайындаудың қарапайым дағдыларын игер

Әлеуметтік дағдылар

1	Мәдени мінез-құлық дағдылары	Сәлемдескенде, қоштасқанда жауап қайтарады.	Жай сөйлеммен айтылған өтінішті орындайды.	Мінез-құлық нормалары мен қағидаларын түсінеді, сәлемдесу, қоштасу, ризашылық сөздерін қолданады.	Адамның қарым-қатынас туралы білімді меңгерген, эмоционалдық жай-күйді түсінеді.	Айналадағы жақын адамда қамқорлық көрс
2	Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет	Отбасы мүшелерін таниды. Ересектермен жағымды қарым-қатынаста бола отырып күледі, қол бұлғайды немесе күлімсірейді. Қарым-қатынас	Ойын-сауықтар мен әртүрлі ойындарда ересектермен әрекет етеді. Ересектерді ынтамен тындайды және қарапайым тапсырмаларды орындайды.	Жақындарына, құрдастарына бауырмалдық, тілектестік сезім танытады.	Тұрақты ойын топтарына қосылады және танымдық тақырыптарда құрдастарымен тілдесе алады.	Ересектермен беңбек әрекетте орындайды, командада әрекет алады. Құрдастарының арасында өзін орнын, өзінің "Т" екенін сезіне Ересектермен жақын құрбы-құрдастар қарым-қатынас жасағанда



		жасауда ұнату, жақтырмау сезімін білдіреді.				адамгершілік нормалары м ережелерін сақта
3	Адамгершілік нормалары туралы түсінік	Алғашқы эмоцияларын білдіреді. Көмек қажет болғанда дененің қозғалысын және дыбысты қолданады.	Айналасындағылармен қарым-қатынасты реттеу және өзінің қалауын білдіру үшін қажетті сөздерді қолданады.	Қазақстанның астанасын, өзі тұратын қаланың атауын біледі. Халық ауыз әдебиеті шығармалары арқылы ненің "жақсы", ненің "жаман" екенін түсінеді.	Айналасындағыларға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытады . Өзінің әрекеттерін және ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалай алады.	Қазақстан халқы салт-дәстүрлері туралы түсінікке

\*\*\* Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, оның ішінде ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесіндегі балалар үшін және арнайы үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
2-қосымша

## **Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және бастауыш білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне , білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

2) бағалау – әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

3) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

4) білім беру процесінің мониторингі – білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жай-күйіндегі өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;

5) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

6) білім беру қызметі – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;

7) білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

8) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

9) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

10) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

11) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

12) оқытудан күтілетін нәтижелер– оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

13) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

14) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

15) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

16) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі.

### 3. Стандартты қолдану:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген бастауыш білім берудің мақсаттары жүйесіне қол жеткізу есебінен оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға;

2) қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасауға;

3) қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруі мен алған білімдерін қолдана білуін дамытуды көздейтін бастауыш білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндері мазмұнының тереңдігі мен күрделілігін қамтамасыз ететін пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңмен толықтырып отыруға;

5) күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі принципін іске асыруға;

6) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға;

7) орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында бастауыш білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

8) білім беру ұйымдарындағы инновациялық практиканы қолдау мен дамытуға;

9) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған.

4. Жеңіл ақыл-ой кемістігі және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инварианттық компоненттің оқу пәндерінің көлемі мен мазмұны "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу бағдарламалармен айқындалады.

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар**

### **1-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

5. Бастауыш білім беру мазмұнында:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу базалық құндылықтар болып айқындалған.

6. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдыкпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

7. Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады:

- 1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- 2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- 3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- 4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.

8. Бастауыш білім берудің мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

9. Үштілді білім беру іс жүзінде мынадай жолдармен іске асырылады:

- 1) қазақ, орыс және шетел тілдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейлік меңгерілуін қамтамасыз ету;
- 2) сабақтан тыс жұмысты қазақ, орыс және шетел тілдерінде ұйымдастыру.

10. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінің аясында жүзеге асырылады:

1) "Сауат ашу", "Қазақ тілі" қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, "Русский язык" орыс тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда "Қазақ тілі", оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда "Русский язык", "Әдебиеттік оқу", "Шетел тілі";

2) Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында "Тіл және әдебиет" білім беру саласына осы этностың "Ана тілі" оқу пәні қосымша енеді. Ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде оқытатын білім беру ұйымдарына арналған "Ана тілі" оқу пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне енеді.

10-1. Оқытуы қазақ тіліндегі оқушылар үшін "Сауат ашу" пәні бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Әліппе" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері "Ана тілі" оқулығымен 2-жартыжылдықта; оқытуы орыс тіліндегі оқушылар үшін "Букварь"/"Обучение грамоте" пәні бойынша әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдерінің міндеттері "Букварь" оқулығымен 1-жартыжылдықта, әліппеден кейінгі кезең міндеттері "Обучение грамоте" оқулығымен 2-жартыжылдықта жүзеге асырылады.

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. "Тіл және әдебиет" білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында Қазақстанның ұлт мәдениеттерінің бірлігі мен әртүрлілігі, ұлттық сана-сезімнің негізі ретінде мемлекеттік тіл туралы түсініктерін қалыптастыруға, сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Қазақ тілін/орыс тілін/ана тіліноқыту тілі ретінде үйрету білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, мәтіннің әртүрлі түрлерімен және типтерімен өз бетінше жұмыс істеуге машықтандыру үшін әдеби мәтіндерді пайдалануға негізделген.

13. Екінші тілді (оқыту тіліне байланысты қазақ тілі/орыс тілі) және үшінші тілді (шетел тілі) оқыту тілді деңгейлеп меңгеруге бағдарланған.

14. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Цифрлық сауаттылық" оқу пәндерінде іске асырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар түзе білу машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

16. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану" оқу пәнінде іске асырылады.

17. "Жаратылыстану" пәнінің мазмұны "Адам – Табиғат" жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны "қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай" принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. "Жаратылыстану" оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын "Биология", "Физика", "География", "Химия" оқу пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды.

18. "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны "Дүниетану", "Өзін-өзі тану" оқу пәндерінде іске асырылады.

19. "Адам және қоғам" білім беру саласы пәндерінің мазмұны "Адам –Қоғам" жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып-білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; қазақстандық қоғамның құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге; әр білім алушының өзінің табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің көзін ашуына; өз халқының және басқа да

халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға, өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталған.

20. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" және оқу пәндері арқылы беріледі.

21. "Технология және өнер" білім беру саласы пәндерінің мазмұны қоршаған ортаны біртұтас қабылдауды қалыптастыруға, оны визуалды өнер мен музыка құралдары арқылы тануға; бейнелеу өнерінің, қолөнер мен музыканың адам өміріндегі рөлі туралы алғашқы түсініктерді дамытуға, қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріне, музыкалық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әлемдегі басқа халықтардың өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеуге; өнердің алуан түріне адам өмірінің көрінісі ретінде адамгершілік-эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуге, бастауыш мектеп білім алушыларының көркем және музыкалық-шығармашылық дамуына бағытталған.

22. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәнінде жүзеге асырылады.

23. "Дене шынықтыру" пәнінің мазмұны физикалық қасиеттерді, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға деген қызығушылықты дамытуға; саламатты өмір салты мәдениетін дарытуға; дене шынықтырудың адам өміріндегі рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруға, спорт, қазақтың ұлттық спорт түрлері туралы ақпаратты өз бетімен таба білу және оны өзінің денсаулығын нығайту үшін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыруға; оқу, ойын және жарыс қызметі жағдайында құрбы-құрдастармен қарым-қатынас жасау мәдениетінің машықтарын қалыптастыруға бағытталған.

24. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеруқаамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

25. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

26. Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

## **2-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып білім мазмұнына қойылатын талаптар**

27. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

28. Бастауыш білім беру баланың жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерінің, оның қоршаған ортаға эмоционалдық-құндылық қатынасының, оқу процесіне оң мотивациясының қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен іскерліктерінің дамуын қамтамасыз етеді.

29. Орта білімнің іргелілігін сақтау және орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау мақсатында инварианттық компонент жалпы сағат көлемінен бастауыш білім деңгейінде 90%-дан төмен болмайтын көлемде белгіленеді.

30. "Тіл және әдебиет" білім беру саласына енетін оқу пәндері: "Қазақ тілі" (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда), "Орыс тілі" (орыс тілінде оқытатын сыныптарда), "Әдебиеттік оқу", "Қазақ тілі" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда), "Орыс тілі" (оқыту орыс тілінде емес сыныптарда), "Шетел тілі".

31. Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында "Тіл және әдебиет" білім беру саласына осы этностың "Ана тілі" қосымша енеді. "Ана тілі" ("Ұйғыр тілі", "Өзбек тілі", "Тәжік тілі") оқу пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне енеді.

32. "Математика" білім беру саласына "Математика" оқу пәні енеді.

33. "Жаратылыстану" білім беру саласына "Дүниетану" оқу пәні енеді.

34. "Адам және қоғам" білім беру саласына "Өзін-өзі тану" оқу пәні енеді.

35. "Өнер" білім беру саласына: "Музыка", "Бейнелеу өнері" оқу пәндері енеді.

36. "Технология" білім беру саласына "Еңбекке баулу" оқу пәні енеді.

37. "Дене шынықтыру" білім беру саласына "Дене шынықтыру" оқу пәні енеді.

38. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

39. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 6 сағат көлемінде сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімі көрсетіле отырып іске асырылады.

## **3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**



## **1-параграф. Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

40. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.

41. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

42. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
- 3) шетел тілі бойынша;
- 4) цифрлық сауаттылық бойынша;
- 5) өзін-өзі тану бойынша жүзеге асыруға болады.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Инклюзивті білім беру шеңберінде 42-тармақта көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

44. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.

45. Үлгілік оқу жоспарларында пәнді меңгеруге бөлінетін оқу уақыты тиісті үлгілік және вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын әзірлеу кезінде ескеріледі.

46. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі - ҮОЖ) сәйкес белгіленеді.

47. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі олардың қажеттіліктері ескеріліп, білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарында белгіленеді.

48. Сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болған жағдайда сынып толымдылығы осындай әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

49. Білім алушылардың денсаулығын нығайту және олардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдарсыныптан тыс жұмыс нысанындағы спорт секцияларының сабақтарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

50. Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы орта білім беретін ұйымда оқи алмайтын білім алушылар үйінде немесе емделу орындарында ақысыз жеке оқытумен қамтамасыз етіледі.

51. Жергілікті атқарушы органдар және жалпы білім беретін ұйымдар білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін:

- 1) салауатты өмір салтын насихаттау;
- 2) әлеуметтік және психологиялық қызметті күшейту;
- 3) ғимаратты күзетуді қамтамасыз ету;
- 4) жергілікті тұрғындар мен ата-аналар қауымдастығы арасында тығыз байланыс орнату;
- 5) білім алушылардың бейресми ортасын зерделеу;
- 6) алдын алу іс-шараларын (әлеуметтік сұрақ-жауап, психологиялық қолдау, құқық қорғау және медицина мекемелері қызметкерлерімен кездесулер) өткізу;
- 7) профилактикалық медициналық тексеруді уақытылы ұйымдастыру;
- 8) техника қауіпсіздігін, өрттің алдын алу ережелерін сақтау;
- 9) үй-жайларда жарық, ауа және жылу режимін сақтау;
- 10) компьютерлік техникамен жұмыс істеу тәртібін сақтау;
- 11) жолда жүру қауіпсіздігі ережелерін сақтауды насихаттау;
- 12) балаларды тасымалдауда техника қауіпсіздігін сақтау арқылы жағдай жасайды.

52. Білім беру ұйымдарында білім беру процесі ҮОЖ негізінде әзірленетін және білім беру ұйымдары дербес бекітетін, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісілетін оқу жұмыс жоспары аясында жүзеге асырылады.

53. Республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттарда білім беру процесі ҮОЖ негізінде әзірленетін жұмыс оқу жоспары шеңберінде жүзеге асырылады.

53.1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.

**Ескерту. 53-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **4-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

### **1-параграф. Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

54. Білім алушылардың дайындық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

55. "Тіл және әдебиет" білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Қазақ тілі/Орыс тілі/Ана тілі, Әдебиеттік оқу:

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы әңгімелесудің, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және жеткізе алады; сөйлеушінің көзқарасын жеткізу жолдарын айқындайды, қорытындылар жасайды; пікірталастың тақырыбын түсінеді және сөйлеу нормасын сақтай отырып, оны талқылауға қатысады; сөйлеу барысында синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді, тура және ауыспалы мағыналы сөздерді саналы түрде қолданады; мәнерліліктің эмоциялық-реңкті құралдарын қолдана отырып, әңгімелеу және сипаттау мәтіндерінің мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін пайдаланады; көркем шығармалардың мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін қолданады; тыңдағандарына және оқығандарына қатысты пайымдайды, өз ойымен және эмоциясымен бөліседі; логикалық дәйектілікті сақтай отырып, өз көзқарасын дәлелдейді; берілген тақырып пен коммуникативтік нұсқауға сәйкес өзара байланысқан , логикалық тұрғыдан дәйектелген дербес пікір білдіреді; тілдік қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, диалогқа қатысады; оқылған, тыңдалған ақпараттың негізінде рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінікті талдайды;

2) оқылым:

білім алушы халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті туындыларын оқиды, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды және іс-әрекеттеріне баға береді; көркем мәтіндерді көркем емес мәтіндерден ажыратады; көркем шығармалардың негізгі идеялары мен композициясын айқындайды; көркем туындының жанрын айқындайды, өзінің жауабына/таңдауына негіздеме береді; автордың бейнені сомдау үшін қолданған әдеби көркемдеуіш құралдарын айқындайды; жазушының өз кейіпкерлеріне қатынасы туралы қорытынды жасайды; мәтіндерді белгілі бір оқу түрлері мен стратегияларын қолдана отырып оқиды; шығармалардағы оқиғалар барысын болжайды; мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды; әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп оқиды;

өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды; көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

3) жазылым:

білім алушы тиісті сөздерді негізді түрде іріктей отырып, әртүрлі типте, жанр мен стильде өз мәтіндерін құрастырып жазады; меңгерген грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық нормаларға сай жазады; жеткізудің түрлі тәсілдерін (суреттер, сызбалар, кескіндер, кестелер) қолдана отырып, мәтіндер жазады; жазудың гигиеналық және каллиграфиялық дағдыларын сақтайды; Қазақстан халқының мәдениетіне, салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, шағын мәтіндер құрастырады.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда,)/Орыс тілі (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда):

1) тыңдалым:

білім алушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады; қарым-қатынас жасау жағдаяттарына, қарым-қатынас орнына және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгертінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

білім алушы алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқиғаны, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады;

3) оқылым:

білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың тұжырымы мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді ажыратып таниды; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

4) жазылым:

білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның ( тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Шетел тілі:

1) тыңдалым:

білім алушы таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелесулердің негізгі мазмұнын түсінеді, таныс сөздер мен фразалардың айтылуын ажырата алады; түстер мен сандар туралы қысқа сұрақтарды түсінеді; таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелердің мазмұны мен мәнін болжау үшін мәнмәтіндік тірек сөздерді пайдаланады; баяу және айқын дыбысталып айтылған шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсінеді;

2) айтылым:

білім алушы өзі туралы тіркестер мен сөйлемдер құрастырады, сұрақтар құрастырады; сұрақтарға жауап береді; заттар мен оқиғаларды сипаттағанда негізгі сөздер мен фразаларды дұрыс интонациямен және екпінмен айтады; өзіне не ұнайтынын және не ұнамайтынын айтады;

3) оқылым:

білім алушы қарапайым иллюстрацияланған сөздікті пайдаланады; тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптағы көлемі шағын көркем және көркем емес мәтіндерді түсінеді; қысқа мәтіндердің негізгі ойын айқындайды; қысқа мәтіндерден нақты және детальді ақпаратты айқындайды;

4) жазылым:

білім алушы жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты білетіндігін көрсете отырып, дұрыс жазады; дауыстап оқығанда жай сөйлемдерді жаза алады; сөйлем соңында тыныс белгілерін дұрыс қояды.

56. "Математика және информатика" білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) "цифр", "сан", "координаталық сәуле", "санның үлесі", "жай бөлшек", "аралас сан", "санды өрнек", "әріпті өрнек", "теңдік", "теңсіздік", "бұрыштың градустық өлшемі", "пайыз", "жиын", "симметрия", "ақпарат", "объект", "файл", "папка", "затбелгі", "модель", "компьютер желісі", "Интернет" ұғымдарының мәнін; ондық санау жүйесіндегі разряд бірліктерінің мәндерін; жазық және кеңістік геометриялық фигураларының түрлерін және олардың элементтерін; шаршы және тік төртбұрыш периметрі мен ауданын есептеу формулаларын, бірдей дәрежелі бөлшектерді қосу және азайту принциптерін; операциялық жүйе объектілерінің қызметін; ақпаратты ұсыну түрлері мен өлшем бірліктерін; компьютердің негізгі құрылғыларын, енгізу мен шығару құрылғыларын; қолданбалы, сервистік бағдарламалардың және операциялық жүйенің

мақсатын, компьютерде жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасы принциптерін біледі;

2) натурал сандарға, шамаларға және олардың арасындағы байланысқа қатысты арифметикалық амалдардың мәні мен ретін; шамалар арасындағы қарапайым өзара тәуелділікті; жиындардың "қиылысуы" мен "бірігуіне" қатысты операциялардың мағынасын; пайызды бөлшек санмен өрнектеуді, бөлшек сандарды пайызбен өрнектеуді; тұрақты және айнымалы шамалар арасындағы айырмашылықтарды; компьютердің негізгі бөліктерінің қолданылуы, құрылымдарының, операциялық жүйе интерфейсі элементтерінің кіру және шығу құрылғысы; компьютерлік техниканың адам денсаулығына тигізетін әсері; ақпаратты және құрылымдарды зиян келтіретін бағдарламалардан қорғаудың маңыздылығы; ақпараттың авторларға сілтеме жасалған ілеспе қажеттілігін түсінеді;

3) өрнектер жазу үшін, санды өрнектерді түрлендіру үшін, есептер шығару үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдар мен қасиеттерді; натурал сандар мен арифметикалық амалдарды ауызша және жазбаша есептеу амалдарын; шамалардың стандартты және стандартты емес өлшем бірліктерін (ұзындық, аудан, көлем, масса, уақыт); шамаларды өлшеу құралдарын; есеп шарттарын жазудың математикалық тілі мен графикалық модельдерін; теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; периметр мен ауданды есептеу формулаларын (шаршының, тік төртбұрыштың, тікбұрышты үшбұрыштың); жиын элементтері арасындағы қатынастарды көрсету үшін Эйлер-Венн диаграммаларын; санның бөлігін және оның бөлігі бойынша санды табу білігін; ақпаратты жинауға, сақтауға, өңдеуге және жеткізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық құралдарды; ақпараттың алуан түрлерімен жұмыс істеуге, модельдер құруға арналған қолданбалы бағдарламаларды; алға қойылған міндеттерді шешу үшін интернет қызметін; компьютерде жұмыс істеу принциптерін қолданады;

4) ауызша және жазбаша санаудың рационалды тәсілдерін; геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін; сандық өрнектер мен айнымалысы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижесін; әртүрлі шамалар арасындағы тәуелділіктер (сан, баға, құн, жылдамдық, уақыт, арақашықтық, еңбек (жұмыс) өнімділігі, жұмыс ұзақтығы, жұмыс көлемі); заңдылықтарды және тізбектің жетіспейтін элементтерін табуды; күрделі емес комбинаторикалық және логикалық есептерді; есеп шартының сызба, кесте түрлеріндегі жазбасын; санаумен, өлшеумен байланысты деректер мен нәтижелерді; қолданбалы бағдарламалардың мүмкіндіктерін; желіде этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдарын; мәлімделген талаптарға сәйкес іріктеп, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды;

5) заттарды олардың белгілері мен кеңістіктегі орналасуына қарай сыныптауышын; шамалар арасындағы тәуелділіктің математикалық моделін; шынайы әлемнің нақты нысандары мен процестерінің бейнелер мен сызбалар түріндегі ең қарапайым

модельдерін; ұсынылған мәліметтер немесе математикалық модельдер бойынша есеп құрастырады және оған кері есеп құрайды; берілген заңдылықтар бойынша тізбек құрастырады; практикалық міндеттерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, объектілер мен жағдаяттардың модельдерін; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің мүмкіндіктері туралы білімдерін түрлі міндеттерді шешу үшін жинақтайды;

б) өлшем нәтижелерін; сандар, шамалар, геометриялық фигуралар туралы қарапайым тұжырымдардың ақиқаттылығын немесе жалғандығын; графика, кесте, диаграмма түрінде берілген деректерді; модельдің берілген критерийлерге сәйкестігін; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің түрлі міндеттерді шешуде пайдалану мүмкіндіктерін бағалайды.

57. "Жаратылыстану" білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) Күн жүйесінің ғаламшарларын және олардың ерекшеліктерін; Жер мен оның табиғаты туралы, Ғалам туралы негізгі жаратылыстану түсініктерін; ғылыми таным әдістерін: бақылау, эксперимент, тәжірибе; зерттеуді жоспарлау мен жүргізу барысындағы қауіпсіздік техникасы негіздерін; апатты табиғи құбылыстар кезінде әрекет жасау принциптерін; адамның, өсімдіктердің, жануарлар мен саңырауқұлақтардың өмірлік циклдерін; адамның, өсімдіктердің, жануарлар мен саңырауқұлақтардың негізгі органдарының құрылымы мен орналасу ерекшеліктерін және олардың функцияларын; өсімдіктердің, жануарлар мен саңырауқұлақтардың жіктелуін; фотосинтез процесінің негіздерін; жарықтың кейбір қасиеттерін; кейбір физикалық күштерді және олардың пайда болу себептерін; қуаттың кейбір түрлерін; Жер бетінде кеңінен таралған заттектердің құрамы мен қасиеттерін; түрлі денелердің қасиеттерін және олар қолданатын кейбір салаларды; пайдалы қазбалардың негізгі түрлерін және олардың маңызын, Қазақстан Республикасындағы пайдалы қазбалардың негізгі кеніштерін біледі;

2) қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың және Жердегі биоалуантүрлілікті сақтаудың маңыздылығын; жеке бас гигиенасын сақтаудың қажеттілігін; ағзаның қорғану функцияларын; табиғат компоненттерінің тірі ағзалар үшін маңызын; қоршаған ортаға енудің құралы ретіндегі ағзалар ерекшеліктерін; омыртқалы және омыртқасыз жан-жануарлардың қарапайым айырмашылықтарын; табиғат ресурстарын ұтымды пайдаланудың қажеттілігін түсінеді;

3) табиғи объектілерді, процестер мен құбылыстарды зерделеу үшін кейбір зерттеу әдістерін; табиғи объектілерді, құбылыстар мен процестерді өлшеудің стандартты және стандартты емес бірліктерін; табиғи объектілерді, процестер мен құбылыстарды өлшеудің қарапайым құралдарын; жүргізген зерттеулерді түсіндіруге қажет тиісті ғылыми терминологияны; өзі тұрып жатқан жердегі өсімдіктер мен жан-жануарларды жіктеу үшін олардың қарапайым белгілері туралы білімді қолданады;

4) табиғат компоненттері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды; материалдарды қолдану мүмкіндіктерін айқындау үшін олардың қасиеттерін; белгілі бір аумақтың жануарлар мен өсімдіктер әлемін; алуан түрлі өмір сүру орталарының ұқсастығы мен айырмашылығын; өз зерттеулеріндегі және түрлі дереккөздерден алынған материалдарды талдайды;

5) тірі және өлі табиғаттың объектілері мен құбылыстарына зерттеу жүргізуді жоспарлау және өткізу үшін алынған білімі мен дағдыларын; сурет, сызба, графиктер, диаграммалар, кестелер түріндегі ақпараттық материалдарды; қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты идеяларды; микро- және макроәлемнің объектілері, құбылыстары мен процестерінің имитациялық және географиялық үлгілерін жинақтайды;

6) табиғи объектілердің, құбылыстар мен процестердің даму факторлары мен жағдайын; адамның әрекеті мен қоршаған ортаның жағдайына ғылыми-техникалық прогрестің салдары; ғылыми-техникалық прогрестің адамның тіршілік әрекетіне әсері; жасалған болжамға өз зерттеулерінен алынған нәтижелердің сәйкестігін бағалайды.

58. "Адам және қоғам" білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) білім алушының күнделікті өмірі өтетін отбасының, мектеп қоғамдастығының құрылымын, құрамы мен функциясын; адамның ең негізгі әлеуметтік функцияларын; "адам – қоғам" өзара байланысы туралы бастапқы мәліметтерді; "қауіпсіздік", "денсаулық" ұғымдары және олардың басты белгілерін; жеке тұлғаның, отбасының, қауымдастықтардың және тұтас қоғамның ерекшеліктерін және олардың адам өміріндегі маңызы мен атқаратын рөлін; тұтыну тауарларының негізгі түрлерін және олардың құрамын; Қазақстанның тарихы мен географиясы туралы жалпы мәліметті; Қазақстан халқы мен Қазақстан халықтарының негізгі дәстүрлері мен фольклорын; Қазақстанның әлемдегі орны мен рөлін; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін; жалпыадамзаттық құндылықтарды; оң және достық қарым-қатынас жасау принциптерін, этикет принциптерін, мектеп оқушысының құқықтары мен міндеттерін, саламатты өмір салтының принциптерін біледі;

2) өзінің Қазақстанның жас азаматы ретіндегі азаматтық болмысын және белгілі бір ұлтқа қатыстылығын; отбасының, туған жері мен Атамекенінің құндылығын; көпұлтты қазақстандық қоғамның құндылығын; Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің маңызын; қоғамдағы адамның адамгершілік мінез-құлық нормаларын; өз өмірінің мектеп өмірімен, ауыл, қала, ел өмірімен тығыз байланыста екендігін; қоғамға қызмет етудің маңыздылығын; әртүрлі елді мекен түрлерінің функционалдық және құрылымдық ерекшеліктерін; өз ойы мен сөзінің, іс-әрекетінің бір жерден шығуының маңыздылығын, олар үшін өз жауапкершілігін; ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін; адам өміріндегі және қоғам дамуындағы саяхаттардың рөлін; адамның өзін тануы мен өзін дамытудың маңыздылығын; "еңбек", "өзара түсіністік", "өмірге қуанышпен қарау", "



қиындыққа мойымау", "мейірімділік", "жомарттық", "кеңпейілділік", "патриоттық", "шығармашылық" ұғымдарының мазмұнын және маңыздылығын; саламатты өмір салтын ұстануы керектігін; табиғаттың өмірлік қуат көзі ретіндегі мәнін; табиғатқа камқорлық көрсетудің маңызын түсінеді;

3) таным әдістерін қоғамдық процестер мен құбылыстарды зерттеу үшін, оқу тапсырмалары мен шығармашылық, танымдық, зерттеу, жобалау сипатындағы жұмыстарды орындау үшін; қарапайым қаржылық қарым-қатынастардағы жеке басының тәжірибесі мен білімін; салауатты өмір салты туралы, жеке бас гигиенасы туралы, тамақтану және күн тәртібі туралы білімін; дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету туралы қарапайым білімін; қоршаған ортаға бейімделудегі өзінің жеке және қоғам тәжірибесін; отбасында және ұжымда өзара оң және достық қарым-қатынасты сақтау мақсатындағы қатынас принциптерін қолданады;

4) Қазақстанның әлемдегі орнын; қазақ халқының және елде тұрып жатқан басқа да ұлт өкілдерінің мәдени және салт-дәстүрлерінің ортақ және ерекше белгілерін; жеке тұлғаның, отбасының, мектеп қауымдастығының даму факторларын; адам өміріндегі негізгі ресурстардың мәнін; денсаулық пен қауіпсіздік факторларын; адамның көңіл-күйінің, сезімі мен адамдар іс-әрекетінің көрінісі, олардың себеп-салдарын; өзіндік эмоционалдық күйін талдайды;

5) қоғамдық құбылыстар мен процестерді жүйелеу және топтастыру үшін білімі мен дағдыларын; қоғамның кейбір өзекті проблемаларын айқындау үшін білімі мен дағдыларын; кеңістікте (орын), уақытта (хронологияда), әлеуметтік ортада (қоғамда) бағдарлануы үшін жеке шешімдерін; отбасылық, тұлғааралық және қоғамдық салаларда коммуникация модельдерін; өмір қауіпсіздігі, саяхатты ұйымдастыру бойынша өз жобаларын, өзіндік рухани-адамгершілік дамуы бойынша шешімдерін жинақтайды;

6) адамгершілік нормасы тұрғысынан өзінің мінез-құлқы мен айналадағы адамдардың істерін; отбасының, қоғамның, мемлекеттің әрбір адам өміріндегі маңыздылығын; заманауи өмірдегі дәстүр мен фольклордың рөлін; тұтыну заттарының маңыздылығы мен құны бойынша құндылығын; сабақта өз жұмысына қанағаттану дәрежесін; тұлғааралық, қоғамдық және қаржы-экономикалық қарым-қатынас саласында өзінің ілгерілеу деңгейін, өзінің эмоциялық және физикалық қалпын; адамдардың тәртібін жалпы қабылданған адамгершілік нормалары тұрғысынан бағалайды.

59. "Технология және өнер" білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білімді аяқтағанда білім алушылар:

1) өнердің негізгі түрлері мен жанрларын; сызықтардың және формалардың негізгі түрлерін; негізгі және қосымша түстерді; сурет салуға және сәндік-көркем жұмыстарға керекті негізгі материалдар мен құралдарды; өнердің әр алуан түрлерінде жұмыс

істеудің негізгі техникалары мен әдістерін; әлемдік және отандық өнер қайраткерлері туындыларының үздік үлгілерін; шығармашылық идеяларды берудің көркем әдіс-тәсілдерін; музыкалық сауаттылық негіздерін; әнді орындау және музыка тыңдау принциптерін; қазақтың дәстүрлі музыкасының негізгі түрлерін, жанрларын және стильдерін; халық аспаптар оркестрі мен симфониялық оркестердің музыкалық аспаптарының атаулары мен жіктеуішін; хор мен оркестр түрлерін; қазақтың дәстүрлі және классикалық музыкасының үздік үлгілері мен танымал орындаушыларын; Қазақстан композиторларының музыкасын және әлем халықтарының музыкасын; қарапайым компьютерлік музыкалық бағдарламаларды біледі;

2) өнердің өмірмен байланысын; орындау техникасының өнердің түрімен, стилімен, жанрымен байланысын; Қазақстанның сәндік-көркем өнеріндегі ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктері мен маңызын; қазақ халқының және басқа да әлем халықтарының мәдениетіндегі өнер туындыларының маңызын; музыканың адам өміріндегі маңызын; музыканың басқа өнер түрлерімен байланысын; қазақ халқы мен әлемнің басқа халықтарының мәдениетін көрсететін дәстүрлі музыканы; халықтық музыканың композиторлар музыкасы үшін негіз қалаушы рөлін түсінеді;

3) заттарды бейнелеудегі композиция заңдарын; өнердің мәнерлілік құралдарын; идеяларды дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; шығармашылық жұмыс жасау үшін әртүрлі көркем материалдарды, құралдарды және техникаларды; шығармашылық жұмысты жасау үшін өнердің түрлері , стилдері мен жанрлары туралы білімді; қауіпсіздік техникасының ережелерін; жеке және ансамбльде, хорда/оркестрде ән айтуда, музыкалық аспаптарда ойнауда сезімді, көңіл-күйді жеткізу үшін, қарапайым шығармаларды, импровизацияларды, шығармашылық жобаларды, оның ішінде компьютерлік музыкалық бағдарламаларды пайдалана отырып жасау үшін музыкалық сауаттылық негіздерін; музыкалық құбылыстарды, қоршаған өмірдің құбылыстарын дыбыс тілі арқылы түсіндіргенде музыканың түрлері, стилдері және жанрлары туралы білімді қолданады;

4) өзінің қызметін жоспарлау үшін әртүрлі дереккөздерінен алынған ақпаратты; қазақ халқының және әлемнің басқа да халықтары өнерінің стильдері мен жанрларын; өнер туындыларын жасау үшін қолданылған материалдар мен техникаларды; эксперименталдық, зерттеу жұмыстарын жүргізуде көркем материалдар мен аспаптардың қасиеті мен сапасын; өзінің шығармашылық қызметінің процесі мен нәтижелерін; адам өміріндегі музыканың рөлі мен мәнін; дәстүрлі қазақ музыкасы мен әлем халықтары музыкасының ұқсастығы мен айырмашылығын, сондай-ақ мазмұнын; халық және симфониялық оркестрлердің музыкалық аспаптарының ерекшеліктерін; жеке музыкалық шығармашылық жұмыстарды жасау және импровизациялау үшін әртүрлі дыбыстар мен дыбыс әсерлерін талдайды;

5) шығармашылық жұмыстарды жасау үшін тәсілдер мен техникаларды, материалдың қасиеті мен мүмкіндіктерін; идеяны дамыту үшін түрлі дереккөздерден

алынған ақпаратты, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып алынған ақпаратты; шығармашылық жобаларды орындау және идеяларды, оның ішінде музыкалық компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып іске асыру үшін білімдерді, дағдыларды, ақпаратты, шығармашылық жұмысты әзірлеу үшін өнердің әртүрлі элементтерін синтездейді;

б) көркем және музыкалық жұмыстардың негізгі мақсатын, образдары мен идеяларын; шығармашылық жұмыстарды жасау үшін мәнерлілік құралдары мен материалдың қасиетін; көркем еңбек бойынша жеке/ұжымдық орындалған жұмыстарды; үйренетін музыканың адамгершілік-эстетикалық жағын, алынған шығармашылық қызмет нәтижесін, музыка мен көркем шығармашылықтың өмірдегі рөлін бағалайды.

60. "Дене шынықтыру" білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) ағзаның дамуына ықпал ететін негізгі дене шынықтыру жаттығуларын, оларды орындаудың принциптері мен техникасын; дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысындағы техникалық қауіпсіздік принциптерін; сергіту жаттығуларын мен ширатып шынықтыру жаттығуларын орындау принциптерін; дене жаттығуларын орындау кезіндегі ағзадағы өзгерістерді бақылау тәсілдерін; дене даярлығын жақсарту үшін дене бөліктері мен бұлшық еттерді дамыту әдістерін біледі;

2) дене шынықтырудың денсаулықты нығайтудағы маңызын; дене шынықтыру мен спорттың елдің дамуындағы және сол үшін мақтаныш сезімін қалыптастырудағы рөлін; орындалатын жаттығулардың күрделілік деңгейін; түрлі физикалық жүктемелердің талап етілетін қарқындылығына қол жеткізу қажеттілігін; дене, психикалық және эмоциялық саламаттылықты сақтау мен қолдаудың маңызын; түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде туындайтын тәуекелдерді түсінеді;

3) келісілген мақсаттарға қол жеткізу үшін өзіндік/бірлескен жұмысты орындау дағдыларын; кешенді дене жаттығуларын орындау кезінде қолданылатын композициялық амалдар мен ережелер туралы білімін; уақытты, кеңістікті, дағды мен қозғалыс координацияларын түсінетінін көрсете отырып, дене жаттығуларын орындаудың дұрыс бірізділігін; дене дамуындағы кемістіктерді және денсаулық үшін ықтимал тәуекелдерді жоятын арнайы жаттығуларды; дұрыс тамақтану мен қозғалу режимінің негізгі принциптерін қолданады;

4) болашақ оқуды және мінез-құлқын басқару үшін топта дене шынықтыру жаттығуларын орындаудағы өзінің жетістіктері мен тәжірибесін; дене шынықтырудың әр түріндегі жеке қабілеттерін және сенімділігін жақсарту; ортақ мақсатқа қол жеткізудегі ынтымақтастық және әділ жарыс жағдаяттарын талдайды;

5) қозғалыс түрлерінен тұратын белгілі бір қозғалыстар комбинацияларын, сондай-ақ түрлі спорт тактикаларын пайдалана отырып стратегияларды; дене

шынықтырудың алуан түрлі жағдаяттарына бейімделу үшін білім мен дағдыларды жинақтайды;

б) әртүрлі физикалық жүктемелерді орындау кезінде туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді; өзінің және өзгелердің физикалық мүмкіндіктерін; мектепшілік және мектептен тыс спорттық іс-шараларға қатысу үшін өзінің мүмкіндіктерін бағалайды.

61. Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып беріледі, 2-сыныпта 50 минуттан, ал 3-4-сыныптарда 1 сағат 10 минуттан (астрономиялық сағатта) аспайды.

62. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін де ескере отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін пайдаланылады.

63. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

64. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

65. Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 1-сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

66. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

67. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы үшін, даму бұзушылықтарын түзету және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады.

## **2-параграф. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

68. Бастауыш білім беру мазмұны жеті білім беру саласын құрайды: "Тіл және әдебиет", "Математика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Өнер", "Технология", "Дене шынықтыру".

69. Бақылау нысандары ауызша, жазбаша және шығармашылық жұмыстар, тест тапсырмаларының ашық және жабық нысандары, бақылау жұмыстары, ауызша сұрақ-жауап, әңгімелесу түрінде болуы мүмкін.

70. Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
- 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

71. Пәндік нәтижелер білім алушылардың бастауыш білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді және базалық деңгейде белгіленеді.

72. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті минимум көлемін және олардың біліктілігі мен дағдыларын қамтиды.

## **5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

73. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

74. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

75. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды.

76. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
3-қосымша

## **Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

3) білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын негізгі орта білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

4) білім берудегі құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар.

5) білім алушының дайындық деңгейі - тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерінен көрінетін білім алушылардың орта білім мазмұнын меңгеру деңгейі.

6) білім беру мазмұнын меңгерудің базалық деңгейі - білім алушылардың білім, іскерлік және дағдының міндетті көлемін меңгеру деңгейі.

7) білім беру мазмұнын меңгерудің жетік деңгейі - білім алушылардың білім, шеберлік және дағдының кеңейтілген және тереңдетілген көлемін меңгеру деңгейі.

8) ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері;

9) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

10) жұмыс оқу жоспары - білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде жалпы орта білім беретін ұйымдар әзірлейтін құжат

11) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

12) негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

13) оқу жүктемесінің инвариантты компоненті – білім беру ұйымдарында типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылардың оқып білуі үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті

14) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымдары айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті;

15) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі - үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік (мектеп және оқушы) компоненттеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін қажетті және негізгі орта білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша белгіленген оқу уақытының көлемі;

16) оқытудан күтілетін нәтижелер– оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

17) сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны;

18) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

19) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

20) элективті курс – білім алушының таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім алу дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарындағы вариативті компоненттің құраушы бөлігі.

### 3. Стандартты қолдану:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген негізгі орта білім беру мақсаттары жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға;

2) қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасау;

3) білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруін және алған білімдерін қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін қолдана білу іскерлігін дамытуды көздейтін негізгі орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңімен тереңдетуді қамтамасыз етуге;

5) білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидатын іске асыруға;

6) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға;

7) орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында негізгі орта білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

8) білім беру ұйымдарында инновациялық практиканы қолдауға және дамытуға;

9) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған.

4. Білім беру ұйымдары тәрбиелеудің, оқыту мен дамытудың әртүрлі педагогикалық технологияларын қолдану арқылы денсаулық сақтайтын ортаны қамтамасыз етеді.

5. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға білім беретін ұйымдардағы білім көлемі мен инвариантты компоненттегі оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларымен (бұдан әрі - ҮОЖ) және "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бағдарламаларымен белгіленеді.

6. Арнайы оқу бағдарламалары жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар**

### **1-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

7. Негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу.

8. Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың мынадай қабілеттері дамуы тиіс:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтеу және сақтау;
- 3) әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану;



5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеу;

б) рухани келісім және толеранттылық идеяларын қолдау;

7) қоршаған ортаға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға оң қарым-қатынас;

8) шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлау;

9) коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;

10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпыну.

9. Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

10. Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың:

1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;

2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;

3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;

4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;

5) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын;

б) қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

11. Негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және Стандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен айқындалады.

12. Негізгі орта білім берудің мазмұны оқу, жобалау және зерттеу іс-әрекеттерінің мақсатты ұйымдастырылған тәрбие жұмысымен үйлесімі арқылы іске асырылатын академиялық дайындықты, білім алушылардың дербестігін дамытуды және рухани-адамгершілік тәрбиені кіріктіру негізінде айқындалуы тиіс.

13. Негізгі орта білім берудің мазмұны мынадай бағдарларды ескере отырып айқындалады:

1) заманауи қоғамның серпінді сұраныстарына сәйкес болу;

2) сын тұрғысынан, шығармашылық және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;

3) оқу пәндері мазмұнын кіріктіруді күшейтудің орындылығы;

4) бастауыш білім беру және негізгі орта білім беру деңгейлері арасындағы білім беру мазмұнының үздіксіздік және сабақтастық қағидатын сақтауды қамтамасыз ету;

5) білім беру мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы теңгерімді сақтау;

б) оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.

14. Негізгі орта білім беру деңгейінде оқыту процесін ұйымдастыру оқыту мен тәрбиенің бірлігі қағидатын іске асыруға, оның ішінде білім алушылардың ерекше

білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеруге бағытталған. Оқытуды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жетекші қызметі ретінде оқуға басым рөл беріледі.

15. Оқыту процесінде әр оқу пәні арқылы тәрбие мәселелері шешіледі. Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

16. Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақтала келе білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз етеді.

17. Оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануды көздейді.

18. Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар элективті курстар, сыныптан тыс сабақтарды өткізу, білім алушылардың ғылыми жобаларға қатысуы көзделген.

19. Білім алушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекеті дағдыларын дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

20. Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі салаларында үш тілде еркін диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

21. Үштілді білім беру іс жүзінде:

- 1) қазақ, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру;
- 2) оқыту тіліне қарамастан жекелеген пәндерді қазақ, орыс және шетел тілдерінде оқытуды ұйымдастыру;
- 3) сабақтан тыс іс-әрекеттер мен элективті курстарды қазақ, орыс және шетел тілдерінде ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

22. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталды.

23. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" және оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті";
- 2) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін "Орыс тілі мен әдебиеті";

3) "Шетел тілі";

4) Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында "Тіл және әдебиет" білім беру саласына осы этностың ана тілі мен әдебиеті қосымша енеді. Оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Ана тілі", "Әдебиет" ("Ұйғыр әдебиеті", "Өзбек әдебиеті", "Тәжік әдебиеті") оқу пәндері ҮОЖ инвариантты компонентіне енеді.

24. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

25. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

26. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруды; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуді; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру деңгейлеріндегі сабақтастықты, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруді; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін меңгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын тұрғысынан талдауды дамытуды қамтамасыз етеді.

27. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады.

28. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді.

29. "Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Өзін-өзі тану" оқу пәндерінде іске асырылады.

30. "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны білім алушыларда "Адам – Қоғам" жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау және соның негізінде ешкімге тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін тәрбиелеуге, құқықтық сауаттылықты, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуді, әлеуметтік-мәдени байланыс жағдайында тиімді өзара қарым-қатынасты іске асыру және коммуникативтік құралдарды таңдау үшін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға; жалпыадамзаттық, этномәдени құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға жеке қатынасын айқындай білуін дамытуға, адамгершілік таңдауды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды бақылау мен бағалауға бағытталады.

31. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

32. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны қоршаған әлемнің бейнесін, өскелең ұрпақтың ортақ мәдениетін тұтастай қабылдауды, білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық саласын қоғамның ұлттық және әлемдік көркем құндылықтары негізінде дамытуға, адам өміріндегі өнер мен технологиялардың рөлі туралы негізгі түсініктерді дамытуға, қазақ халқының және әлемнің басқа да халықтарының салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне және әртүрлі өнер түрлерін түсінуге және құрметтеуге; өнердің әртүрлі түрлерінде көркем,

музыкалық және жобалық әрекетті жүзеге асыру білімдерін, біліктерін және дағдыларын одан әрі дамытуға; негізгі технологиялық білім, білік, дағдыларды, соның ішінде компьютерлік цифрлық технологияларды қолдану арқылы; әртүрлі музыкалық цифрлық технологияларды қоса алғанда, вокалды және инструменталды дағдыларды дамытуға; мәнерліліктің көркем және музыкалық құралдары және заманауи технологиялар арқылы әлемді танудың әртүрлі әдістерін өз бетінше меңгеруге бағытталады.

33. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәнінде іске асырылады.

34 "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене бітімі қасиеттерін дамытуға және ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін жоғарылатуға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, қозғалыс тәжірибесін жалпылай дамыту мен түзетуге бағытталған физикалық жаттығулар арқылы байытуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге; базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдарымен амалдарын меңгеруге; патриоттық сезімге, өз Отанын сүйуге және рухани ерік-жігер қасиеттеріне тәрбиелеуге бағытталады.

35. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

36. Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

## **2-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

37. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

38. Негізгі орта білім білім алушының базистік ғылым негіздерін меңгеруін, жоғары рухани-адамгершілік және тұлғааралық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын, тұлғаның өмірде өз орнын табуын және өзін-өзі билеуін, функционалдық

сауаттылығының қалыптасуын, бейіналды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

39. Негізгі орта білім мазмұнын жеті білім саласы құрайды: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Өнер", "Технология", "Дене шынықтыру".

40. Әрбір білім саласы ұқсас оқу пәндерін қамтиды.

41. "Тіл және әдебиет" білім саласына енетін пәндер: "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін ұйымдар үшін, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті" (қазақ тілді және басқа да орыс тілді емес жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Шетел тілі".

42. Қазақстан аумағында тұратын этностың тілінде оқытатын жалпы білім беретін ұйымдарда "Тіл және әдебиет" білім саласына осы этностың "Ана тілі мен әдебиеті" қосымша енеді. Нақты этностың шоғырланып орналасқан жерлерінде олардың тілін оқыту мәселесін шешу білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзырына беріледі. "Ана тілі" ("Ұйғыр тілі", "Өзбек тілі", "Тәжік тілі") мен "Әдебиет" ("Ұйғыр әдебиеті", "Өзбек әдебиеті", "Тәжік әдебиеті") пәндері ҮОЖ инварианттық компонентіне енеді.

43. "Математика және информатика" білім саласына енетін пәндер: "Алгебра", "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика".

44. "Жаратылыстану" білім саласына енетін пәндер: "География", "Биология", "Физика", "Химия".

45. "Адам және қоғам" білім саласына енетін пәндер: "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Адам. Қоғам. Құқық", "Өзін-өзі тану".

46. "Технология" білім саласына енетін пәндер: "Сызу", "Технология".

47. "Дене шынықтыру" білім саласына енетін пәндер: "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери дайындық".

48. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады; Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізіледі.

49. Орта білім мазмұнының инварианттық компоненті үлгілік оқу жоспарларында, ал вариативтік компоненті оқу жұмыс жоспарларында жүзеге асырылады.

50. Орта білімнің іргелілігін сақтау және негізгі орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау мақсатында инварианттық компонент жалпы сағат көлемінен кемінде 85% мөлшерде белгіленеді.

51. Міндетті оқу бағдарламалары орта білімнің базалық мазмұнын іске асырады және негізгі орта білім беру деңгейлеріне сәйкес білім алушылардың дайындығына

қойылатын талаптарды анықтайды. Вариативті оқу бағдарламалары вариативті компонентке кіретін оқу пәндері мен курстарының мазмұнын іске асырады.

51-1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.

**Ескерту. 51-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

52. Барлық Үлгілік оқу жоспарларында инварианттық компоненттің оқу пәндері өзгермейді, бұл жалпы орта білім беретін ұйымдардың барлық типтері мен түрлері үшін негізгі орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз етеді.

53. Негізгі орта білім мен техникалық және кәсіптік білім мазмұндарының сабақтастығы жекелеген және аралас пәндерді, оның ішінде технологиялық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы бейіналды оқыту аясында іске асырылады.

### **3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

#### **1-параграф. Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.

55. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-да белгіленеді.

56. Апталық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында (инвариантты және вариативті компоненттер) айқындалған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды. Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларында даму бұзушылығының түрін ескере отырып, міндетті түзеу компоненті қарастырылған. Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларындағы инвариантты, түзеу және вариативті компоненттер білім алушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін ескере отырып белгіленеді.";

Инвариантты компоненттен таңдалған вариативті компоненттінің таңдау бойынша пәндеріне "сыналды"/"сыналмады" қойылады.

**Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Сыныпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;
- 3) шетел тілі;
- 4) көркем еңбек;
- 5) информатика;
- 6) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде болады.

**Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

58. Жоғарыда аталған пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

59. Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.

60. Пәнді оқуға бөлінген үлгілік және оқу жұмыс жоспарларындағы оқу уақыты міндетті және вариативті оқу бағдарламаларының тиісті құрылымы мен мазмұнын әзірлеуде ескеріледі.

61. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерді құрайтын пәндер бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемі № 500 бұйрықпен бекітілген ҮОЖ-мен белгіленеді.

62. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі қажеттілікті ескеру негізінде білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарымен бекітіледі.

63. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны – 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны – 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті;
- 3) шетел тілі;
- 4) көркем еңбек (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына);
- 5) информатика;
- 6) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде жүзеге асырылады.



64. Инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу осы стандарттың 63-тармағында көрсетілген пәндер бойынша әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

##### **1-параграф. Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

65. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

66. Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

67. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

68. Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

69. Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке даму траекторияларын қалыптастыруға және олардың оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізуге ілгерілеуіне мүмкіндік жасайды.

70. "Тіл және әдебиет" білім беру саласы бойынша негізгі орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ Орыс тілі (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ Ана тілі (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптар үшін):

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіптік салалардағы мәтіндерін түсінеді; сөйлесу тәртібінің, бағалаудың ашық және жабық түрде берілген нысандарын таниды; әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ауызша

тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырады; тілдік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикаларын іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әңгімеге бастамашы бола алады және диалогты қолдайды; проблемалық сипаттағы ақпаратты жинақтай отырып, монолог құрастырады; өз пікірін қорғайды және дәлелдейді; өз пікірін білдіре отырып, әңгіме нысанасына қатысты сөйлеушінің көзқарасын бағалайды; тақырыбы/басы/соңы бойынша мәтін мазмұнын болжайды; өз сөздерін ресімдеу кезінде грамматикалық, стилистикалық нормаларды сақтайды;

## 2) оқылым:

білім алушы әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты (мәтіндік, сандық, графикалық) түсінеді және өзінше түсіндіреді; мәтіннің астарлы мағынасын түсінеді; зерттеп, шолып, таңдап, белгілеп оқуды, арнайы ақпарат алу үшін оқуды, талдамалық оқуды, белгілі бір мақсатпен оқуды қоса алғанда, оқу стратегияларын пайдаланады; әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алады, оларды талдайды және жинақтайды; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аяларына қатысты мәтіндердің құрылымдық, лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; дәлелдер мен фактілерді ажырата отырып, ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан мәтінді бағалайды;

## 3) жазылым:

білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; ақпаратты ұсынудың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, мәтін құрастырады (оның ішінде, баспа); ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазады; әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін салыстырады; анықтамалық материалды пайдалана отырып мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)/Орыс тілі мен әдебиеті (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)

## 1) тыңдалым:

білім алушы мәтіннің негізгі мазмұнын, сондай-ақ сөйлеушінің ниетін білдіретін функционалдық маңызды мағыналы ақпаратты түсінеді; мәтіннен арнайы ақпаратты алады; терминдердің мәнін және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аялары бойынша мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер

мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; иллюстрациялар/негізгі сөздер/тақырыбы/басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогты қолдайды; назарды өзіне қарату тәсілдерін пайдаланып және мақсатты аудиторияны есепке ала отырып монолог құрады, ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; белгілі бір тақырып бойынша айтылған ойды бағалайды; сөйлеу нормаларын сақтай отырып, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады;

3) оқылым:

білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас және аралас мәтіндердің мазмұнын түсінеді; әртүрлі типтегі, стиль мен жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтайды; сөздердің айқын және астарлы мағынасын, көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін түсінеді; өзектілігін, шынайылығын, пайдалылығын және құндылығын анықтай отырып, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; негіздемелі қорытынды шығара және оқығанына сыни тұрғыдан баға бере отырып, мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын анықтай отырып мәтінді салыстырады, белгіленген оқу стратегияларын пайдаланады;

4) жазылым:

білім алушы әртүрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, естігені және оқығаны негізінде әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; әртүрлі деректерден ақпарат алу арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндерді жазады; тұтас мәтіндердің негізінде сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды жасайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; троптар мен тілдің көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарын пайдаланады.

Қазақ әдебиеті/Орыс әдебиеті/Ұйғыр әдебиеті/Өзбек әдебиеті/Тәжік әдебиеті:

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, көркем шығармалардың бейнелі суреттеулерді біледі, өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің фрагменттерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылатын шығармалардан дәйексөздерді біледі;

2) ұлттық көркем мұраның әлемдік мәдениеттегі мәнін; әдебиеттің мәдениеттің аса маңызды жетістіктерінің бірі ретіндегі рөлін; адам өміріндегі көркем әдебиеттің мәнін,

әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, шығармадағы автордың көзқарасын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді, шығармаларда ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау; жазбаша әңгіме құрастыру үшін әдеби кейіпкерлердің диалогын (оқығанының негізінде) дайындау – кейіпкерлердің біреуіне немесе бір топ кейіпкерге (топтық мінездеме), екі кейіпкерге (салыстырмалы мінездеме) мінездеме беру кезінде, өз бетімен оқыған кітапқа шағын жазбаша пікір дайындау кезінде; талдамалық сипаттағы өзіндік мәтін құрастыру кезінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қатыстыра отырып, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру процесінде; өзі үшін өзекті оқу ортасын анықтау және көркем шығармаларды бағалау; пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу; қажетті ақпаратты іздестіру үшін алған білім, білік және дағдыларын; оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды; өзекті проблемаларды талқылау кезінде меңгерген дағдыларын; өз ойын білдіру, мәдени іс-шараларға қатысу үшін шығармашылық қызметтің тәсілдерін қолданады;

4) оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдай отырып, әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; тақырыпты, идеяны және шығарма композициясының, сюжет ерекшеліктерін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін талдайды, оларды әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстырады;

5) көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын тандау; фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі жоспарлар құру үшін; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтайды; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстырады;

6) оқылған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі және қойылған коммуникативті міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан; өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды.

Шетел тілі:

1) тыңдалым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді; екінші кезектегі мәселелерді қалдырып, басты фактілерді анықтайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде егжей-тегжейлі ақпаратты түсінеді; қосымша ақпарат алу мақсатында естігені негізінде күрделі сұрақтар құрастырады; түпмәтіндік мәнге сүйене отырып, естігені бойынша ой қорытады; оқытылған тақырыптар шеңберінде арнайы ақпаратты ажырата алады; оқытылған тақырыптар шеңберінде берілген дәлелдердің сәйкессіздігін анықтайды;

## 2) айтылым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде оқиғаның логикалық дамуын құрастырып, мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізеді; формальды және формальды емес стильдерді қолданады; оқытылған тақырыптар шеңберінде ақпаратпен таныстырады; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіннің атауы, иллюстрациялары, түйін сөздері, мәтін үзінділері және т.б. бойынша ықтимал мазмұнын болжайды; нақты ақпарат алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қояды; оқу тапсырмаларын орындау үшін құрбы-құрдастарымен (жұпта, топта) бірлесіп жұмыс жасайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндерді салыстырады және қарама-қарсы қойып салыстырады; өз көзқарасын негіздей отырып, пікірін білдіреді;

## 3) оқылым:

білім алушы оқытылған тақырыптар шеңберінде әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтіндердің негізгі мазмұнын анықтайды; оқытылған тақырыптар шеңберінде әртүрлі стиль мен жанрда берілген мәтіндердегі егжей-тегжейлі ақпаратты ажырата алады; түрлі ақпараттық ресурстарды (анықтамалық материалдар, сөздіктер, Интернет және басқалары) пайдаланады; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндегі арнайы ақпаратты және мәтіндердің әртүрлі стилі мен жанрларын анықтайды; мәтіннің атауы, мәтін үзіндісі, иллюстрациялары, түйін сөздері және т.б. бойынша мазмұнын болжайды; автордың көзқарасын немесе пікірін анықтайды; түрлі мәтіндерден алынған ақпаратты бағалайды;

## 4) жазылым:

білім алушы кестелерді, диаграммаларды, схемаларды, сауалнамаларды, формулярларды және т.б. толтырады; оқытылған тақырыптар шеңберінде жоспар құрады, мәтінді жазады, редакциялайды және түзетеді; коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінділер алады; бұрын оқыған тақырыптар бойынша алған біліміне сүйене отырып, шынайы және/немесе ойдан шығарылған өткен, осы шақтағы және болашақта болатын оқиғаларды суреттейді; оқытылған тақырыптар шеңберінде мәтіндегі сөйлемдер мен абзацтарды бір-бірімен байланыстырады және үйлестіреді; оқытылған тақырыптар шеңберінде берілген мәтіннің тыныс белгілерін сауатты және дұрыс қояды; тиісті ережелер мен форматты сақтай отырып, әртүрлі стиль мен жанрда мәтіндер құрайды.

71. "Математика және информатика" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) қарапайым математиканың, статистиканың және ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарын; сандар жіктелімін; нақты сандармен есептеу амалдарын; қарапайым математиканың негізгі формулаларын; функция ұғымын, оның қасиеттері мен графигін; алгебралық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу тәсілдерін; көпбұрыштар жіктелімін; жазық фигуралардың негізгі түрлерінің қасиеттерін және

белгілерін; комбинаторика ережелерін; оқиға ықтималдығының классикалық, статистикалық және геометриялық анықтамаларын; статистикалық деректерді жинау және өңдеу әдістерін;

қолданбалы есепті шешу үшін математикалық модельді пайдалану алгоритмін; ақпарат, ақпараттық процестер, технологиялар және модельдер туралы ғылыми түсініктердің негізін; қазіргі заманғы қоғамдағы және әрбір адамның өміріндегі ақпараттық технологиялардың ролін; компьютерлік жүйелер мен желілер құрылысының негіздерін, сондай-ақ олардың бағдарламалық қамтылыммен өзара әрекеттестігін; модельдеу, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы есептерді шешу тәсілдерін; әртүрлі сандық құрылғылармен дұрыс және қауіпсіз жұмыс жасау ережелерін біледі;

2) математиканың академиялық тілін; санды стандартты түрде жазу тәсілін; квадрат үшмүшенің түбірлері мен коэффициенттері арасындағы байланысты; түрлі қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдерді пайдаланудың маңыздылығын; аксиома мен теорема сияқты математикалық категориялардың мағынасын; жазықтықтағы геометриялық салулар мен өлшемдердің қағидаттарын; таңдау және бас жиынтықтың сандық сипаттамаларының мағынасын; сандық және сапалық талдау жүргізудегі статистикалық деректерді графикалық түрде берудің ролін;

компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттестігін; қолданушының жүйемен жұмыс істеуіне арналған бағдарламалық қамтылымның қажеттілігін; барлық деректер мен нұсқауларды беру үшін компьютермен екілік кодты пайдалануды; ақпаратты өлшеу бірліктері арасындағы байланысты; ақпаратты және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың экономикалық, құқықтық және этикалық аспектілерін түсінеді;

3) практикалық есептерді шешуде математикалық білімін; математикалық есептерді шешу алгоритмдерін; түпмәтінге сәйкес математикалық терминологияны; нақты сандарды есептеу амалдары; ауызша және жазбаша түрде дәл және жуықтап есептеуді; геометриялық есептерді шешуде жазық фигуралардың қасиеттерін; түрлі қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдерді; математикалық есептерді шешуде есептеу техникасын және бағдарламалық қамтылымды;

қажетті ақпаратты жинау, ұсыну, өңдеу, сақтау және беру үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың заманауи бағдарламалау құралдарын; объектілер мен процестерді (физикалық, биологиялық, экономикалық және ақпараттық) визуализациялау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін олардың компьютерлік модельдерін; практикалық есептерді шешу үшін алгоритмдерді жазудың негізгі ережелерін және бағдарламалау тілдері мүмкіндіктерін; құжаттарды жасау, қарастыру және редакциялаудың бірлескен жұмысы үшін жергілікті және ғаламдық желі мүмкіндіктерін қолданады;

4) заңдылықтарды талдайды және олардың негізінде математикалық модельдер құрастырады; статистикалық деректердің берілуінің түрлі нысандарын пайдаланып, статистикалық деректерді; рационал және иррационал өрнектерге жасалған түрлендірулерді; теңдеулерді, теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешуді; геометриялық фигуралардың өзара орналасуын; функциялардың қасиеттерін; математикалық модельдер құрастыру үшін мәтіндік есептердің шарттарын; графика, диаграмма және әртүрлі сызбалар түрінде ұсынылған деректерді және олардың нәтижелерін;

шынайы және ойдағы объектілер мен процестерді зерттеуге арналған компьютерлік модельдерді; ең тиімдісін анықтау үшін компьютерде есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін; бар қателерді анықтау және оларды кейіннен түзету үшін бағдарламалау тілінде бағдарламалау кодын талдайды;

5) математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін; статистикалық деректерді өңдеу және талдау нәтижелері бойынша қорытындыларды; аксиомалар мен теоремалар арқылы дәлелді пікірлерді; геометриялық түрлендірулерді қолдана отырып құрастыру есептерін шешу тәсілдерін;

өз идеяларын ұсыну және іске асыру үшін мәтіндер, кестелер, деректер қоры, графика мен мультимедиа түріндегі ақпаратты; электрондық кестелерде, 3D-редакторларда, сондай-ақ бағдарламалау ортасында объектілер мен процестердің ( физикалық, биологиялық, экономикалық және т.б.) модельдерін жинақтайды;

6) есептің түпмәтініне қатысты есептеулер нәтижесін; берілген параметрлердің мәндеріне байланысты функциялардың графиктерінің орналасуын; шамалардың жуық мәндерін және олардың стандартты түрде жазылуын; жүргізілген тәжірибелер санының артуына байланысты оқиға нәтижесінің абсолюттік және салыстырмалы жиілігін; ақпараттың сапасын, маңыздылығын, пайдалылығын және тиімділігін; пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты компьютердің пішін үйлесімін және бағдарламалық қамтылымын таңдауды; компьютерлік модельдің шынайы объектілерге сәйкестігін; алгоритмнің тиімділігін және оны орындаудың нәтижелерін; ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының адам денсаулығына теріс әсер етуін бағалайды.

72. "Жаратылыстану" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) бастапқы географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық ұғымдарды; заманауи өмірдегі жаратылыстану ғылымының рөлін; негізгі биологиялық, физикалық және химиялық теориялар мен заңдардың мәнін; атақты ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін; энергия көздерін, оның түрлерін және қолданылу салаларын; практикалық және эксперименттік жұмыстарды орындау барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін; физикалық және химиялық шамалардың өлшем бірліктерін; механика (кинематика, динамика, статика, сақталу

зандары), жылу физикасы (молекулалық физика және термодинамика), электр және магнетизм (электростатика, тұрақты және айнымалы электр тогы, магниттік өріс, электромагнитті индукция), оптика (геометриялық және толқындық), кванттық физика элементтері, атом физикасы, астрономия бөлімдеріндегі ұғымдарды, формулаларды, заңдарды және физикалық тұрақты шамаларды; атом-молекулалық ілімді, атомның құрылысы және элементтер қасиетін; химиялық таңбаларды; заттардың жіктелуін; химиялық және физикалық, биологиялық құбылыстарды; химиялық байланыс түрлерін және заттардың құрылысын; химиялық реакциялардың типін, жүру белгілерін және заңдылықтарын; бейорганикалық және органикалық қосылыстардың маңызды кластарын және олардың қасиеттерін; электролиттік диссоциация теориясын; химиялық элементтердің периодтық заңын және периодтық жүйесінің құрылымын; Қазақстанның химия және металлургия өнеркәсіптерінің маңызды салаларын; микробиология, молекулалық, жасушалық биология негіздерін; өсімдіктер және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің компоненттерін; өсімдіктердің және жануарлардың негізгі топтарын; тірі ағзалардың адам және табиғи кешен үшін маңызын; эволюциялық дамудың негізі мен заңдылықтарын; сұрыптау әдістерін; биогеоценоздар мен агроценоздардың құрылымын; тірі ағзаларға қоршаған орта факторларының әсерін, адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін; географиялық зерттеулер әдістерін; аумақтық кешендерді; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін; заманауи геоакпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын; географиялық қабық пен географиялық ортаның, геосфералардың құрамын, құрылымын, заңдылықтарын, дамуының басты кезеңдерін; карталардың түрлерін, жіктелуін және элементтерін; материктер мен мұхиттардың, жекелеген аумақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының табиғаты ерекшеліктерін; әлем, жекелеген өңірлер, елдер және Қазақстан Республикасы шаруашылығының аумақтық және салалық құрылымын, даму жағдайлары мен факторларын; халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; елді мекендердің түрлерін, құрылымын, функцияларын, орналасу факторлары мен даму серпінін; ғаламдық және өңірлік демографиялық проблемаларды; жекелеген аймақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты ерекшеліктерін; Қазақстан Республикасының экономикалық және саяси географиялық жағдайын, аумақтық-әкімшілік бөлінуін; Қазақстан аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін; елдердің типологиясын; экономикалық жүйелердің модельдерін; халықаралық байланыстардың түрлерін; табиғатты қорғау және тұрақты даму шараларын біледі;

2) шамалардың физикалық мағынасын, механика, электр және магнетизм, оптика, атом физикасы, астрономияның негізгі терминдері мен заңдарын; биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың адам өміріндегі маңыздылығын; химиялық реакциялардың жүру жағдайларын; тотығу және қалпына келу процесін; органикалық



және бейорганикалық заттар кластарының арасындағы айырмашылықтарды; ИЮПАК Теориялық және қолданбалы химияның халықаралық одағы халықаралық номенклатурасын; химиялық өндірістің технологияларын және ғылыми қағидаттарын; микробиологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі маңызын; жасушалардағы молекулалар және органоидтар деңгейінде жүретін процестерді; өсімдік және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің функцияларын, өсімдік пен жануарлардың негізгі топтарының жіктелу қағидаттарын; метаболизм процестерін; жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың ролін; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін; заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестердің себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; геосаяси процестерді; геосаясат субъектілерінің ролі мен ықпал өрісін, өзара әрекеттестігін; "Байқоңыр" ғарыш айлағының өңірлік және халықаралық маңыздылығын түсінеді;

3) тірі және өлі табиғаттағы объектілерді, процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін негізгі физикалық, химиялық, биологиялық, географиялық ұғымдар мен терминдерді; тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін; қолданбалы және оқу тапсырмаларын шешу, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау барысында физика, химия, биология, географияның заңдары мен формулаларын; нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді, өлшем бірліктердің Халықаралық жүйесін; алынған білімдерін биологиялық, физикалық және химиялық құбылыстардың жүру жағдайларын және процестерді түсіндіруге; ағзалардың әртүрлі топтарын сипаттаған кезде бинарлық номенклатураны; географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау әдістерін; картометрия тәсілдерін, кеңістікте бағдарлау және навигациялық дағдыларды қолданады;

4) ғылыми-жаратылыстану эксперименті нәтижесінде алынған деректерді; графикалық және кестелік нысанда берілген ақпаратты; заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін; заттардың қасиеті мен қолданылуы арасындағы себеп-салдарлық байланысты; адам ағзасының химиялық құрамын және оның дұрыс жұмыс істеуі үшін микроэлементтер мен макроэлементтердің маңызын; биологиялық процестер мен құбылыстардың заңдылықтарын; тірі ағзалардың мүшелер жүйесінің құрылысы мен функциясын; трансгендік технологияларды қолдануға байланысты проблемаларды; биогеоценоздағы заттар айналымының процестерін; географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын; жаратылыстану ғылымдары саласындағы жетістіктер мен ғылыми жаңалықтарды қолдану аясын;

географиялық объектілердің орналасу факторларын; қоғамдық өндірістің ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; Қазақстанның географиялық және геосаяси жағдайын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының ерекшеліктері мен факторларын, оның дүниежүзіндегі рөлі мен орнын талдайды;

5) кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін жинақталған және өңделген деректерді, ақпараттарды; гипотеза, дәлел және түсініктеме жасауға арналған ғылыми модельдерді және дәлелдемелерді; эксперимент және зерттеулер жүргізу жоспарын; эмпирикалық қағидаларды, қағидаттар мен заңдылықтарды жүйелеу, жіктеу және анықтау үшін тірі және өлі табиғатта болатын процестер туралы білімдерді жинақтайды;

6) жасалған эксперименттің нәтижелерін, зертханалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі тәуекелдерді, түрлі биологиялық, физикалық және химиялық процестердің адамның тыныс-тіршілігі мен қоршаған ортаға әсерін; табиғи биогеоценоздар мен агроценоздардың жағдайын; өнеркәсіптің технологиялық қағидаттарының тірі табиғат компоненттері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсерін; пайдалы қазбалар мен табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығын; әртүрлі мақсаттар мен қызмет түрлері үшін географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың жарамдылық және пайдалану дәрежесін бағалайды.

73. "Адам және қоғам" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) отан және дүниежүзі тарихы кезеңдерін; Қазақстан және дүниежүзі тарихының ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі негізгі оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; отан және әлем тарихында маңызды рөл атқарған тарихи қайраткерлерді; тарихи даму барысында қалыптасқан ұлттық және әлемдік мәдениеттің маңызды жетістіктерін; тарих ғылымының базалық ұғымдарын; тарихи деректердің түрлерін; құқық пәні мен ұғымын; заманауи құқық жүйелерін; іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды: адам құқығы, демократия, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, заңдылық және құқық тәртібі; қазақстандық құқық саласының базалық мазмұны мен негізгі ұғымдарын ; құқық дереккөздерін; гуманизмге, адалдыққа, отан алдындағы борыш пен толеранттылыққа негізделген құндылықтар мен нормалар мәнін; адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа деген қарым-қатынасын ескеретін адамгершілік мінез-құлық негіздерін, әлеуметтік маңызды бағдарды; адамның жағымды және жағымсыз қасиеттері, эмоциялары мен сезімдері туралы ұғымдарды біледі;

2) тарихтың барлық кезеңдері бойы отан және дүниежүзі тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін; Қазақстан мен түрлі әлем елдерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатты белгілерін; заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын, адамзаттың мәдени әртүрлілігін;

Қазақстанның тарихи жолының ерекшеліктерін, әлем тарихындағы оның рөлі мен орнын; отан және әлем тарихындағы көрнекті тұлғалардың рөлі мен орнын; өзін Қазақстан Республикасы азаматы ретінде сезінуі нысанында азаматтық және ұлттық біртектілігін; отан және әлем тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, адам құқығы мен бостандығына, қоғам өмірінің демократиялық қағидаларына құрметпен қарау қажеттігін; мемлекет және құқықтың пайда болуы, олардың өзара байланысы; қазақстандық құқық салаларының негізгі ұғымдары мен базалық санаттарын; құқық мазмұнын, нақты құқықтық қарым-қатынастардың қатысушысы ретінде азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін; әлеуметтік өмірдің негізгі салаларындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттілігін; тұлғаның құқығын құрметтеу қажеттілігін; адамның ұдайы өзін-өзі дамыту мен тану қажеттілігін; жалпы адамзаттық, этномәдени және ұлттық құндылықтардың өзара байланысын; сөзі мен әрекеті үшін жауапкершілікті; отбасындағы, ұжымдағы және қоғамдағы өзінің рөлін; болашақ мамандығын саналы таңдау маңыздылығын; өмірде өзара көмектің маңыздылығын; практикада салауатты өмір салты туралы білімді қолдана отырып, өз өмірі мен денсаулығын құндылық ретінде түсінеді;

3) тарихи ойлау дағдыларын: өмірлік міндеттер мен мәселелерді шешу үшін; тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі объектілердің орналасқан жерін анықтау кезінде; тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыру кезінде; Қазақстанның және әлемнің басқа да елдерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттау кезінде; тарихи негізіне сүйене отырып, заманауи өмірдің құбылыстарына қатынасы бойынша өз ұстанымын анықтау кезінде; тарихи материалдармен жұмыс кезінде; күнделікті өмірде және практикалық әрекетінде құқықтық ақпаратты; құқықпен реттелген, күнделікті өмірде заңға сәйкес іс-қимыл мен мінез-құлық тәртібін таңдау кезінде; құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру тәсілдерін айқындау кезінде, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қорғау кезінде; тиісті органдар мен ұйымдарға білікті заң көмегіне жүгіну кезінде; өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу кезінде; қоғамға қызмет етуге бағытталған, проблемаларды шешуде шығармашылық тәсілді; адамгершілік нормаларына сәйкес түрлі мәселелерді сындарлы шешуде; басқа адамдармен және қоршаған ортамен тілектестік қарым-қатынас орнату кезінде алынған білімді, білікті және дағдыны қолданады;

4) себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді; жалпы сипатты белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстанның және басқа да елдердің тарихи дамуын; тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін; тарихи параллель өткізу жолымен Қазақстан мен әлемнің жекелеген мемлекеттерінің даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін; проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі

көзқарастарды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды; қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормалар мен тетіктерді; құқықтық қатынастар субъектілерінің негізгі құқықтары мен міндеттерін; қоғамдағы құқықтық қатынастарға байланысты, күрделі емес практикалық жағдаяттарды; жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігін және құқықтық ережелерінің ерекшеліктерін; түрлі деректерден алынған құқықтық сипаттағы ақпараттарды; адамдарда тұлғалық өзін-өзі анықтау, өзін-өзі таныту, өзін-өзі бақылау қабілетін қалыптастыру нысандары мен әдістерін; материалдық және материалдық емес жоспардың қажеттіліктері және олардың қалау мен мүмкіндіктерге сәйкес келуін талдайды;

5) жалпы заңдылықтарды анықтай отырып, тарихи құбылыстардың, процестердің сипатты белгілерін жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін түрлі дереккөздердегі ақпараттарды; қоғамда болып жатқан қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін тарихи мәліметтерді; қоғамда әлеуметтік бейімделу үшін құқықтық және адамгершілік нормаларын ескере отырып, түрлі практикалық жағдаяттардағы мінез-құлық моделін жинақтайды;

6) тарихи оқиғаларды, процестерді, құбылыстарды, тұлғаларды отандық және әлемдік тарихқа ықпалы тұрғысынан бағалайды, оларды әртүрлі түсіндіруді; әртүрлі тарихи дереккөздердің анықтығын; заманауи өркениеттің перспективасын, оның дамуындағы қиындықтар мен проблемаларды; қазіргі қазақстандық қоғамның әлемдік экономикадағы, саясаттағы және мәдениеттегі рөлін; қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қызметі, олардың дамуына өз үлесін қосу мүмкіндігін; қоғам өміріндегі оң және келеңсіз құбылыстарды; құқық қорғау мен заңдылық мәнін; нақты мәселелерді шешуде саналы белсенділік таныту қабілетін көрсету; адамгершілік нормаларына сәйкес белгіленген міндеттерді сындарлы шешу үшін өзінің ұжымда және топта ынтымақтасу қабілетін бағалайды.

74. "Технология және өнер" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) өнер түрлерінің әртүрлі стильдері, бағыттары мен жанрларының жіктеуіші мен ерекшеліктерін; музыка мен өнердің бейнелеу және суреттеу құралдарын; өнер түрлерінің стильдері мен жанрларының пайда болу тарихын; қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының сәндік-қолданбалы өнердегі салт-дәстүрлерін; әлемдік және ұлттық үздік музыка мен өнер туындыларын; халық және классикалық музыка аспаптарының жіктемесін; табиғи, жасанды және көркем материалдардың негізгі түрлері мен қасиеттерін; кейбір материалдардың қолмен, механикалық және көркем өңдеудің негізгі технологияларын; тамақ дайындаудың негізгі технологияларын; электротехникалық жұмыстардың негізгі түрлерінің жалпы сипаттамасын;

электротехникалық материалдардың жіктемесін; технологиялық машиналардың, аспаптардың, аппараттар мен құралдардың жіктемесін; технологиялық машиналар мен жабдықтардың тұтынымдық және функциялық сипаттамасын; тоқыма бұйымдарын өңдеу, құрастыру және модельдеу негіздерін; өнер саласында қолданылатын заманауи ақпараттық технологияларды және бағдарламалық қамтылымды; жабдықтармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы қағидаларын біледі;

2) адам мен қоғам өмірінде, қоршаған ортаны қорғау мен сақтауда өнер түрлерінің, техника мен технологияның маңызы мен рөлін; қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының музыка мен бейнелеу өнері туындыларының құндылығын; өнер түрлерінің стильдері мен бағыттарының тарихи кезеңдермен байланысын; шығармашылық ойды түрлі өнер құралдары арқылы жеткізудің ерекшеліктерін; табиғи және жасанды материалдар қасиеттерінің бұйымдардың функциялық және эстетикалық сапасына әсерін; шешім қабылдау, идеяларды дамыту, шығармашылық бұйымдарды жасау үшін топтық және ұжымдық жұмыстың маңызын түсінеді;

3) әртүрлі өнер түрлерінде шығармашылық жобаларды жасау үшін; қарапайым электромонтаждау жұмыстарын жүргізу үшін; қоршаған әлемдегі образдарды, заттар мен құбылыстарды бейнелеуде көркем әдістер мен тәсілдерді, оның ішінде компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды пайдалану арқылы; бұйымдарды, сондай-ақ өнер туындыларын жасау және дайындау барысында конструктивтік, көркем материалдардың түрлі қасиеттері туралы білімін; жаңа бұйымдардың прототиптерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалана отырып жасау үшін материалдарды өңдеудің негізгі технологияларын; өз идеяларын коммерциялық салада жүзеге асыру үшін шығармашылық өнімдерді жылжытудың түрлі тәсілдерін; өз еңбегін жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін; қоршаған ортадағы экологиялық проблемаларды өнер арқылы көрсету тәсілдерін қолданады;

4) түрлі өнер туындыларындағы шығармашылық идеялар мен ойларды; өнер қайраткерлерінің және өзінің жұмысында пайдаланылған тәсілдерді, техникалар мен материалдарды; сапаны жақсарту мақсатында жасалған бұйымдардың прототиптерін; шығармашылық еңбек нәтижелерінің тұтынушылық мүмкіндігін; әлеуметтік-тарихи, өңірлік, ғылыми-техникалық, мәдени факторлардың өнер туындыларына ықпалын; өнердің, технологиялар мен өндірістің қоршаған ортаға және адамның тіршілік әрекетіне әсерін талдайды;

5) әртүрлі өнер түрлері бойынша шығармашылық жобаларды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып; әртүрлі материалдар және құралдарды пайдалану арқылы түрлі техникаларда жұмыс жасаудың әдістері мен тәсілдерін; түрлі стильдер мен жанрларда импровизация, аранжировка жасау үшін әртүрлі идеяларды; шығармашылық жұмыстарды жасау үшін

гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша білім мен дағдыларды; материалдардың технологиялық және пайдаланылу қасиеттерін ескеріп, кейбір бұйымдарды жасау үшін конструкторлық және дизайнерлік шешімдерді жинақтайды;

б) түрлі өнер туындыларындағы негізгі ойды, образдар мен идеяларды; ұлттық және әлемдік өнер туындыларының көркемдік және эстетикалық құндылығын; өздігінен/ұжыммен орындаған көркемдік, техникалық жұмыстарды; бұйымдардың функционалдық, эргономикалық және тиімділік мүмкіндіктерін; еңбек өнімдерінің тұтынушылық сапасын және технологиялық операцияларды орындаудың сервистік мүмкіндіктерін бағалайды.

75. "Дене шынықтыру" білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелері мен техникасын; қимыл-қозғалыстарды, әр бағыттағы дене шынықтыру жаттығуларының кешендерін; дене шынықтыру сабақтары кезіндегі ағзадағы өзгерістерді (сыртқы және ішкі белгілері бойынша) және дене шынықтыру жүктемесінің режимдерін (жүрек соғуының жиілігі бойынша) бақылау әдістері мен тәсілдерін біледі;

2) еңбекке қабілеттілік деңгейін арттыру үшін денсаулықты сақтау және нығайту қажеттілігін; күн режимінде дене шынықтыру жаттығуларының рөлін; дене шынықтырудың ағза жүйелерінің функционалдық күйіне ықпал етуін; салауатты өмір сүрудің қажеттілігін; орындалатын қимыл-қозғалыстардың күрделілік деңгейін; дене даярлығының түрлі сатыларында дене шынықтыру жүктемесінің талап етілетін қарқынына жету қажеттілігін түсінеді;

3) денені жетілдіру үшін кең диапазондағы іс-қимыл дағдыларын; өзінің және топтың қызығушылығын есепке ала отырып, жеке және бірлескен дене шынықтыру сабақтарын болжау; өзінің және басқалардың дене шынықтыру тәжірибелерін байыту үшін білімі мен дағдыларын; оқу бағдарламасында көрсетілген спорт ойындары мен циклдік спорт түрлерінде тактикасы мен стратегиясын; бағдарламадағы спорт түрлері бойынша мектеп жарыстарында қазылық жасау кезіндегі қағидалар туралы білімін қолданады;

4) болашақ оқуды және топтағы мінез-құлықты басқару үшін дене шынықтыру жаттығуларындағы жетістіктер мен тәжірибені; іс-әрекетті оңтайландыру негізінде өзі-өзі дамытуға және білімін жетілдіруге даярлығын және қабілеттілігін; қысқа және ұзақ уақытты жаттығулар кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді басқарудың түрлі әдістерін талдайды;

5) қозғалыстың түрлері мен олардың ретін қозғалыстың жақсартылған комбинациясында; салауатты және қауіпсіз өмір сүруді қалыптастыруда білім мен дағдыларды; дене шынықтыру сабақтарының шеңберінде проблемаларды зерттеу және

шешу үшін сын тұрғысынан ойлау құралдары мен білімін; адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайларда жеке және ұжымның қауіпсіз әрекеттерінің қағидаларын білуді жинақтайды;

б) өзінің физикалық қабілеттері мен басқалардың қабілеттерін; түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді; денсаулықтың түрлі аспектілеріне дене жаттығуларының әсерін; салауатты өмір салтын таңдау мен қалыптастыруда, мектепішілік және мектептен тыс спорттық іс-шараларға қатысуда белсенді шығармашылық іс-әрекетке араласу үшін өзінің әлеуетін бағалайды.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

76. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін өлшеу үшін пайдаланылады.

77. Бағалау критерийлері әрбір оқу бағдарламасы бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленеді, сонымен бірге білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

78. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылады.

79. Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

80. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, даму бұзушылықтарын түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

## **2-параграф. Білім алушыларының даярлық деңгейіне қойылатын талаптар**

81. Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
- 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

Тұлғалық нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясына, тәртіп сақтау ережелері мен заңдарына құрмет көрсетуінен;

2) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

3) мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуінен, қазақ халқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;

4) өз елінің, туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге ұмтылуынан, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытуынан;

5) салауатты өмір салтын ұстануынан, өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін сақтауға үйренуінен;

6) адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, этикалық нормаларды сақтай білуінен;

7) өздігінен білім алуға, өмірден өз орнын табуға және жасампаз еңбекке қабілеттілігінен;

8) үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілді бола білуінен;

9) әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан, қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, құқыққа қайшы және діни сипаттағы деструктивті әрекетке қарсы тұра білуінен көрініс табады.

82. Тұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелілігі, әлеуметтенуі, рухани-адамгершілік, шығармашылық және дене дамуы деңгейінің психологиялық-педагогикалық мониторингісі түрінде бағаланып, оның портфолиосына жинақталады.

83. Жүйелік-әрекеттік нәтижелер:

1) адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін меңгеруінен;

2) ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен;

3) таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін меңгеруінен;

4) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруінен;

5) жоғары деңгейдегі коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігінен көрініс табады.

84. Жүйелік-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобалары, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының басқа да түрлері бойынша қол жеткізген жетістіктерімен анықталады.

85. Пәндік нәтижелер білім алушылардың білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді.

86. Пәндік нәтижелер базалық деңгейде және бейіналды жетік деңгейде (таңдап алған пәндерді тереңдетіп оқытатын үлгілік оқу жоспарларының негізінде) белгіленеді.

87. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті минимумы мен олардың іскерліктері мен дағдыларын қамтиды.



88. Оқу пәндерін меңгерудің жетік (ықтимал және бейіналды/бейіндік) деңгейлері білім алушылар білімінің кеңейтілген және тереңдетілген көлемін, олардың іскерліктері мен дағдыларын қамтиды.

Оқу пәндерін меңгерудің ықтимал деңгейі 9-сынып үшін вариативтік оқу бағдарламалары негізінде жалпы білім беру ұйымдарының таңдауы бойынша іске асырылады. Оқу пәндерін меңгерудің бейіналды деңгейлері тереңдетіп оқытуға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде іске асырылады.

89. Білім беру ұйымы ұсынатын негізгі орта білім мазмұнын (тереңдетілген, кеңейтілген) меңгеруін жергілікті атқарушы білім беру органдары бақылайды.

90. Орта білім мазмұнын меңгерудің пәндік нәтижелері бес балдық бағалау жүйесімен бағаланады.

91. Бақылау нысандары ауызша, жазбаша және шығармашылық емтихандар, тест тапсырмаларының ашық және жабық нысандары, бақылау жұмыстары, ауызша сұрақ-жауап немесе әңгімелесу болып табылады.

92. Білім алушылардың денсаулығын нығайту және олардың қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында сыныптан тыс жұмыс нысанындағы спорт секцияларының сабақтарын ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

93. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушылар үйінде немесе емделу орындарында ақысыз жеке оқытумен қамтамасыз етіледі.

94. Ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушылардың білім алуы даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады.

95. Сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болған жағдайда сынып толымдылығы осындай әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

96. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

97. Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

98. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

# Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы, 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және білім берудің мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

3) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) білім берудегі құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастырудағы жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері;

6) жалпы орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті жалпы орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

7) жиынтық бағалау – анықталған оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

8) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділік үшін жағдайлар жасау;

9) оқу жүктемесінің инвариантты компоненті – білім беру ұйымдарында типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, барлық білім

алушылардың оқып білуі үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

10) оқу жүктемесінің вариативті компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымдары айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

11) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғаннан кейін білім алушының білуін, түсінуін, көрсетуін сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

12) сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны;

13) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін реттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

14) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

### 3. Стандартты қолдану:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген жалпы орта білім беру мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға;

2) қазақ, орыс және шетел тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы үштілді білім беру саясатын іске асыруға;

3) қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруі мен алған білімдерін қолдана білуін дамытуды көздейтін жалпы орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңімен тереңдетуді қамтамасыз етуге;

5) білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі қағидатын іске асыруға;

6) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, білім алушылардың ерекше білімге деген қажеттіліктерін, сондай-ақ қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға;

7) орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында жалпы орта білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

8) білім беру ұйымдарында инновациялық практиканы қолдауға және дамытуға;

9) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған.

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар**

### **1-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар**

4. Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

5. Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу айқындалған.

6. Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың бойында:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығын;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды;
- 3) әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау білігін;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталануды;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтеуді;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімділікті;
- 7) қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынасының болуын;
- 8) шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды;
- 9) коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білуді;
- 10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталануды дамыту қажет.

7. Жалпы орта білім берудің мақсаты:

кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады.

- 1) білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдану;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;
- 6) топта және жеке жұмыс жасау білігі;
- 7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау.

8. Жалпы орта білім беру деңгейінің нәтижесі ретіндегі кең ауқымды дағдылар білім алушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдықы сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

9. Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері:

1) міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асыру;

2) оқу пәндерін оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерін үйлестіру негізінде жоғары оқу орындарына түсуге білім алушылардың академиялық дайындығын қамтамасыз ету;

3) рухани-адамгершілік қасиеттерін, коммуникативтік, әлеуметтік, зерттеушілік дағдыларын және проблемаларды сын тұрғысынан және шығармашылықпен ойлау негізінде шешу біліктігін мақсатты дамыту;

4) бітірушілерге олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу;

5) бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, өмірде мансаптық өсуі мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу болып табылады.

10. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу мен дербестігін мақсатты дамыту үшін білім алушылардың академиялық дайындығын кіріктіру негізінде айқындалады.

11. Білім алушылардың академиялық дайындығы әлемді танудың ғылыми әдістерін меңгеруге бағытталған білімнің іргелілігін күшейтумен қамтамасыз етіледі.

12. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады:

1) қазіргі қоғамның серпінді сұраныстарына және ғылымның даму деңгейлеріне сәйкес болу;

2) сын тұрғысынан, шығармашылықпен және позитивті ойлауды дамыту;

3) пәнаралық және пәнішілік байланыстар негізінде оқу пәндері мазмұнының кіріктірілуін күшейту;

4) негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы қағидатын сақтау;

5) білім беру мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы теңгерімді сақтау;

б) оқытудың, тәрбиелеумен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.

13. Міндетті оқу пәндерін оқумен қатар білім алушылардың оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлерінде бейіндік оқу пәндерін таңдауы қарастырылған.

14. Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылады. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдайды. Стандарттық деңгейдегі оқу пәндеріне қарағанда, бейінді оқытудың тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндеріне сағат саны көп бөлінеді. Стандарттық деңгейде бейіндік емес оқу пәндері оқытылады.

15. Жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту процесін ұйымдастыру оқыту мен тәрбиелеу бірлігі қағидатына бағдарланған. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқушылардың жетекші қызметі ретінде оқуға басым рөл беріледі. Оқу оқушылардың ізденуге, мәселелерді талқылауда белсенділік танытуға, көзқарасын дәлелдеуге, сындарлы шешім қабылдауға деген ынтасын таныту арқылы тәжірибені игеруін ұйымдастыруға негізделген интерактивті оқыту әдістерін пайдалануды қарастырады.

16. Оқыту процесінде әр оқу пәні арқылы тәрбиелеу мәселесі шешіледі. Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

17. Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз етеді.

18. Білім алушылардың жобалық және зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады.

19. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін көптілді тұлға – Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

20. Үштілді білім беру іс жүзінде:

1) қазақ, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру;

2) оқыту тіліне қарамастан жекелеген пәндерді қазақ, орыс және шетел тілдерінде оқытуды ұйымдастыру;

3) білім алушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және әртүрлі тәрбие жұмыстарын қазақ, орыс және шетел тілдерінде ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

21. Жалпы орта білім берудің практикалық бағыттылығы оқыту процесі мен тәрбие жұмысы кезінде оқу, коммуникативтік, әлеуметтік, зерттеушілік дағдыларын дамыту арқылы іске асырылады.

22. Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталған оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес әзірленетін оқу бағдарламаларымен нақтыланады.

23. Бейінді оқытудың барлық бағыттары үшін міндетті оқу пәндері бойынша мазмұны.

1) Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ Орыс тілі, Орыс әдебиеті (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/ Ана тілі, Әдебиет (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін).

Пән мазмұны түрлі салалар мен қарым-қатынас жасау барысында тілді еркін меңгеруін қамтамасыз ету үшін коммуникативтік дағдыларын дамытуға; сыни ойлауы мен ауызекі сөйлеуін дамытуға; ақпаратты іздей алу біліктілігін дамытуды жүзеге асыруға; қажетті ақпаратты алу, өңдей алуға бағытталады. Тілді оқу процесінде алған білімін өмірдің түрлі жағдайында қолдана білу және ақпаратты бағалау, жинақтау, талдау, салыстыру сияқты ойлаудың жоғары деңгейіндегі дағдылары қалыптасады.

Пәннің мазмұны образдық және талдамалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялдауға, оқырман мәдениеті және автор ұстанымын түсінуге; білім алушылардың ауызша, жазбаша сөйлесімін дамытуға; әдебиет теориясының түсініктерін және негізгі тарихи-әдеби мәліметтерді, көркем шығарма мәтінінің мазмұны мен түрін бірлікте түсінуге бағытталады. Әдебиет тарихына қажетті мәліметтерді және әдебиеттану түсініктерін қатыстыра отырып пәнді оқыту процесі барысында көркем шығармаға терең талдау жасау.

Оқу пәндерін оқыту сөздік қорын байыту мен қолданылатын грамматикалық құралдардың аумағын кеңейтуді, стилистикалық ресурстарды, сөйлеу этикеті мен әдеби тілдің негізгі талаптарын, тілдің қызметі мен қолданылуын түрлі қарым-қатынас аялары мен жағдайларында білім спектрін кеңейтуді қарастырады. Білім алушылардың тілді оқу процесінде алынған дағдыларды тиімді пайдалану тілдік бірліктер талаптарына, қарым-қатынас жағдайына сәйкестігі деңгейін бағалау.

Тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуді дамыту, гуманистік дүниетанымын, азаматтық сана-сезімін, патриоттық сезімін, әдебиетке және отандық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйласымдылығын қалыптастыру пән мазмұнының маңызды бөлігі болып саналады;

2) Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)/ Орыс тілі мен әдебиеті (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін).

Пәннің мазмұны қазақ тілі шартты түрде мемлекеттік тіл мәртебесінде қолданылады және орыс тілі мәртебесі ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылатын ұлтаралық қарым-қатынас тілі мақсатын көздейді.

Аталған оқу пәндерін оқыту тілді оқу іс-әрекетінде және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік жасауды, білім алушылардың Қазақстан халықтарының мәдениетімен араласуы олардың ұлтаралық қарым-қатынасқа дайын болуын қамтамасыз етеді.

Оқу пәндері мазмұнының негізі тәжірибе мен қызығушылыққа сәйкес қарым-қатынастың кез келген саласы мен жағдайындағы сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін және ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, тілді қолдануда білік пен дағдыны меңгеруге бағытталған.

Тіл мен әдебиетті оқыту процесінде білім алушылар тіл туралы тілдің таңбалық жүйесі және қоғамның құбылысы ретінде, оның құрылысы, дамуы мен қызметі туралы білім алады.

Тіл мен әдебиетті оқыту әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейін жетілдіре түсуге, білім алушылардың сөздік қорын молайтуға және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын байытуға, тілдік құбылыстар мен фактілерді және әдеби шығармаларды талдау және оларға баға беру қабілеттерін дамытуға бағытталған;

### 3) Шетел тілі.

"Шетел тілі" оқу пәнінің мазмұны көптілді, көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға ; түрлі стильде жазылған тең түпнұсқалы мәтіндердің мазмұны арқылы сөздік қорын молайтуға, коммуникативтік біліктілігін жетілдіруге, шеттілді коммуникативтік біліктілікті дамыту процесінде дүниетанымы мен әлемді қабылдауын әлеуметтік мәдени жағынан байытуды жүзеге асыруға; зерттеу жұмыстары мен түрлі оқу міндеттерін шығармашылық жағдайында шешуге мүмкіндік беруге бағытталуы тиіс.

"Шетел тілі" оқу пәнінің мазмұны талдау икемділіктерін дамытуға, тәжірибені таратуға, маңызды ақпаратты кәсіби тұрғыдан саралауға, тілді ғылыми және кәсіби іс-әрекеттегі қарым-қатынас үшін тиімді пайдалануға, сонымен қатар жеке, іскерлік хаттарды жазу, түйіндеме құрастыру, берілген тақырып бойынша эссе жазу, шетел тілін оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

"Шетел тілі" оқу пәнінің кіріктірілген мазмұнын басқа пәндермен қатар білім алушыларға пәнаралық байланыс арқылы икемділіктерін қалыптастыру үшін дәлел аралық байланыстың себеп-салдарын, шет тіліндегі дереккөздерден негізгі және фрагментті алып, ақпаратпен жұмыс жасау үшін, орналастырып іске асыруға мүмкіндік беріледі.

"Шетел тілі" оқу пәнінің құралы ретінде рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытуды, өз Отанына деген патриоттық сезімін тәрбиелеуді, өз халқына және басқа



мәдениеттің өкілдеріне төзімділікпен қарау қарым-қатынасын, отбасында тұлғааралық қарым-қатынас әдебін тәрбиелеу, мектепте құрбы-құрдастарымен, мұғалімдерімен, тіл үйретушілермен қарым-қатынас барысында әлеуметтік мәдениет материалдарын қолдану икемділіктерін дамыту жүзеге асырылады;

#### 4) Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия.

"Алгебра және анализ бастамалары" және "Геометрия" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың келесі білім алу деңгейінде табысты оқуы, сондай-ақ практикалық есептерді шешуі үшін қажетті математикалық білім жүйелері мен біліктерін және математикалық мәдениетті дамытуға бағытталуы қажет. Математика курсы адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудағы математиканың рөлін түсінумен қатар, функционалдық сауаттылығын, кеңістіктегі қиялын, абстрактілі, логикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың қоршаған әлемнің математикалық заңдылықтары туралы түсініктерін жүйелеу және дамытуға, олардың математикалық құралдар мен әдістер тәжірибеде барлық білім салаларында құбылыстар мен процестерді сипаттау және зерттеуде қолданылатынын жете түсінулеріне бағытталған.

Оқу пәні мазмұнында жалпы зияткерлік және танымдық, оқу біліктерін одан әрі дамыту көзделген. Математикалық заңдылықтарды түсіну барысында гипотезаны тексеру және ұсыну проблемаларын тұжырымдау үшін салыстыру, саралау, тарату, талдау, жинақтау, дерексіздендіру, нақтылау сияқты біліктер қолданылады.

Оқу пәнінің мазмұны мектептегі математика курсының тақырыптарын қамтитын математиканың негізгі бөлімдерінен тұрады: "Сан", "Алгебра", "Статистика және ықтималдық теориясы", "Математикалық модельдеу және анализ", "Геометрия";

#### 5) Информатика.

"Информатика" курсының мазмұны ақпаратты іздеу, талдау, сын тұрғысынан бағалау, таңдау, ұйымдастыру, беру және өңдеу, объектілер мен процестерді модельдеу ептіліктерін дамытуға; есептерді шешу және ақпараттық технологиялардың құралдары мен әдістерін меңгеруге бағытталған.

Курстың оқу бағдарламасымен нақты объектілер мен процестердің ақпараттық модельдерін қолдану, талдау және түрлендіру дағдыларын дамыту; алгоритмдік және есептік ойлау; компьютерлік модель құралдарымен зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту көзделеді.

Оқу пәнінің мазмұны компьютерлік технологиялар арқылы ақпараттық процестерді іске асыруды, компьютерлік жүйелер және модельдермен жұмыс атқаруды, ақпаратты сақтау әдістерін зерделеуді, интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалана отырып модельдеу, визуализациялау және формализациялау үшін тәсілдерді қарастыруды болжайды.

Курс мынадай мазмұндық бағыттарды қамтиды: "Компьютерлік жүйелер", "Ақпарат және ақпараттық процестер", "Алгоритмдеу және бағдарламалау" және "Денсаулық және қауіпсіздік";

6) Қазақстан тарихы:

"Қазақстан тарихы" оқу курсының мазмұны Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

Берілген курс түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәнін білім алушыларға түсіндіруді кеңейтеді және тереңдетеді.

"Қазақстан тарихы" пәні Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі патриотизмді қалыптастырумен, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсету қасиетін дағдыландырумен жасалады;

7) Өзін-өзі тану.

"Өзін-өзі тану" оқу пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамның рухани-адамгершілік әлеуетін ашуға, өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын дамытуға; отбасындағы, ұжымдағы, қоғамдағы өзінің рөлін түсінетін жоғары адамгершілік сапасын дамытудың қажеттілігін, қоғамға қызмет жасау дағдыларын; физикалық және рухани денсаулықтың байланысын түсінетін, еліміздің, қаланың, ауылдың, мектептің, отбасының өміріне өзінің қатыстылығын сезінетін және өз ойлары мен сөзіне, іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға бағытталған.

"Өзін-өзі тану" оқу пәнін оқыту адамзаттың рухани мәдениеті, тән және жан денсаулығының өзара байланысы туралы білімін кеңейтуді; рефлексия дағдыларын меңгеруді, өз іс-әрекетіне сыни қарау дағдыларын дамытуды; өзін-өзі тәрбиелеуді, өзіндік білімін көтеру дағдыларымен түрлі өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай алуды, адамгершілік талаптарға сай өз мақсаттарын қоя білуді және оған жету жолдарын көрсете алуды, отбасында, ұжымда, қоғамда рухани-адамгершілік негізінде қарым-қатынас жасай білуді қарастырады;

8) Дене шынықтыру:

"Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұны: қимыл-қозғалыс белсенділігінің заңдылықтары, спорттық дайындық, дене тәрбиесімен шұғылданудың болашақ еңбек жолындағы маңызы, әскер қатарында қызмет етуге дайындау туралы білім көлемін кеңейтуді; білім алушының жасына және жыныстық ерекшеліктеріне сәйкес ағзаның қызмет ету қабілеттерін жоғарылатуды; спорттың негізгі түрлері бойынша техникалық және тактикалық әрекеттер мен тәсілдерді жетілдіруді; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінің дербес және ұжымдық түрлерінің құзыреттілігін дамыту, белсенді демалыс және спорттық жарыстарды ұйымдастырудың шығармашылық дағдыларын дамытуды; жеке тұлғаның өзін шынайы бағалауын,

адамгершілік сананы, өмірлік көзқарасты, ұжымшылдықты қалыптастыру, мақсаткерлік, батылдық, ұстамдылық, табандылықты дамытуды; спорт түрлері бойынша олимпиадалық резервті дамытуға және қалыптастыруға жағдай жасауды қамтамасыз етуі тиіс.

"Дене шынықтыру" оқу пәні білім алушыларға пән бойынша алған білім, біліктілік және дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға; қимыл-қозғалыс құзыреттілігі мен дене дамуларын жақсарту қажеттілігін бағалауға; адамгершілік қасиеттерін дамытуға және әділ ойын мен үздіксіз өздік дамуды сезінуге; жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; адамның денелік және энергетикалық жүйесіне дене жаттығуларының әсер ету дәрежесін, өздік дене дамуы және қимыл-қозғалыс дайындығы деңгейі, ағзаның қызмет ету жағдайы мен жұмыс істеу қабілетін бағалауға; қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді;

9) Алғашқы әскери және технологиялық дайындық:

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың бойында әскери іс, робототехника және IT-технология негіздері туралы көзқарасты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет ету және әскери іс негіздері, әскери ант және әскери жарғылар мазмұнына қойылатын талаптар бойынша білім туралы түсінікті қалыптастыруды; өмірлік маңызы бар дағдылары мен қасиеттерін дамытуға ықпал етуді; теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын нық игерулері арқылы оларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындауды; бойында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінікті қалыптастыруды; жастардың бойында азаматтық көзқарас, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғау қажеттілігіне деген сенімділікті, әскери қызметке деген жауапкершілікке саналы тұрғыдан дайын болуды қалыптастыруды; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, оның дәстүрлері, әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктері, жалпы әскери мамандыққа деген қызығушылықты дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқу пәні білім алушыларды әскери-патриоттық және адамгершілік тәрбиелеу, олардың сана-сезімі мен танымдық қызығушылықтарын, қарым-қатынас орната білу қабілеттерін, жігер сапаларын, әскери іс, робототехника, автомобиль жүргізу бойынша теориялық негіздерін, білік және дағдының, сандық фото және бейне жабдықтарды пайдаланудың алғышарттарын дамытудың жалпы жүйесінде маңызды орынға ие.

Оқу пәні қазақстан әскерінің даму тарихымен танысу және оның бүгінгі жай-күйін оқу арқылы әскери тұрғыдан жігерлі, батыл, денсаулығы мықты, білімді тұлғаны дамытуға бағытталған.

24. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқытудың тереңдетілген деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

1) Биология.

"Биология" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың тірі организмдердің көп түрлілігі, қоршаған орта эволюциясы, табиғи құбылыстардың заңдылығы мен заңдары туралы білімдерін тереңдетуге; объектілер мен ақпараттарды бақылау, саралау, жүйелеу, салыстыру, қатар қою, талдау, затты және ақпаратты бағалаудың практикалық дағдыларын дамытуға, себеп-салдарлық байланысты анықтауға бағытталған.

"Биология" оқу пәнінің тереңдетілген курсы мазмұны табиғи биологиялық көріністер мен процестердің болмысын, білім алушылардың тереңірек түсінуін, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде адамның іс-әрекетінің алатын орнының мәнін ұғынуды, сондай-ақ адам денсаулығына қатысын қарастырады. Тірі табиғаттың ерекшелігін, эволюциялық процестердің мәнісін ұғыну білім алушылардың экологиялық жағдайларды бағалауына және тірі әлемді қастерлеудің қажеттігін түсінуіне жағдай жасайды.

"Биология" оқу пәнінің негізгі құрылымдық мазмұнын мынадай жетекші жүйелі идеялар құрайды: тірі ағзалардың құрылысы мен қызметі, көптүрлілігі; көбеюі, тұқым қуалаушылық және эволюциялық дамуы; қоршаған орта және ағза; қолданбалы кіріктірілген ғылымдар;

## 2) Химия.

Химия курсының мазмұны білімді тереңдетуге, химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы және олардың басқа затқа айналуы туралы, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдануын дамытуға; оқытылатын процеске шығармашылық және сыни ойлауды қолдануға, практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамытуға; табиғи құбылыс ретінде химия туралы білімдерін тереңдету негізінде білім алушылардың түсінігін кеңейтуге бағытталған.

Оқу пәні жаңа заттарды ашуға мүмкіндік береді, бар деректерге сүйеніп, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалауға баулиды және өмірмен тығыз байланысын қалыптастырады.

Тереңдетілген курстың мазмұны білім алушылардың химиялық құбылыстар мен процестердің айналасында орын алып жатқан өзгерістерді түсінуге және олардың салауатты өмір сүруіне түрткі болады; күнделікті өмірлік іс-әрекетінің сапасын жетілдіру үшін, күнделікті практикада сапалы өнімдер мен құралдарды таңдау үшін химиялық білімін қолдануға мүмкіндік береді.

"Химия" оқу пәні бойынша жалпы орта білім беру мазмұнының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: "Бөлшектер және олардың құрылысы", "Химиялық реакциялардың заңдылықтары", "Химиядағы энергетика", "Біздің айналамыздағы химия", "Химия және өмір";

## 3) Физика.

Физиканың тереңдетілген курсы білім алушылардың табиғат туралы ғылым ретіндегі физика туралы, ғылыми танымның әдістері мен әдіснамасы, таным

процесіндегі теория мен эксперименттің рөлі және өзара байланысы туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың табиғаттың жалпы заңдары ретіндегі механиканың, жылу физикасының, электр және магнетизмнің, оптиканың және атомдық физиканың заңдары туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Танымның ғылыми әдістері негізінде білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесі туралы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарастары қалыптасады.

Физика курсы табиғи құбылыстарға бақылау жүргізе алу, нәтижелерді сипаттай және қорытындылай алу, физикалық құбылыстарды зерделей алу үшін өлшеу құралдарын пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.

Тереңдетілген курстың мазмұнында эксперимент нәтижелерін жинау мен талдау негізінде эмпирикалық байланысты айқындауға бағытталған экспериментті жоспарлау және жүргізу мүмкіндігі туғызылады.

Физикадан тереңдетілген жалпы білім беруге дайындық білім алушылардың игерген білімдерін әртүрлі табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін, маңызды техникалық қондырғылардың жұмыс жасау қағидаттарын түсіндіруге, модельдер құруға және болжам жасауға қолдануларын ұйғарады;

#### 4) География.

Географияның тереңдетілген курсы білім алушылардың табиғаттың даму заңдылықтары туралы білімдерін кеңейтуге, тұрғындар, экономика және геосаясат, әлем туралы білімдерін жан-жақты қалыптастыруға, табиғат ерекшеліктерін объективті бағалауға, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерді тануға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны география тұрғысынан ойлануды дамытуға, адамзаттың және қоршаған ортаның қазіргі және болашақтағы жағдайына жеке жауапкершілікті сезінуге, осының барлығы білім алушылардың құндылықтарды бағалауын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Оқу пәнінің географиялық мазмұны заманауи әлемнің кеңістіктегі көптүрлілігін, оның жалпы және өңірлік ерекшеліктері мен серпіні туралы түсінігін қалыптастыру; кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының және қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын, себеп-салдарлық байланысын түсінуге дағдылану, кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының географиялық құбылыстар мен процестердің аралығын; географиялық білімдерін түсіндіру және түрлі табиғи құбылыстарды бағалау үшін, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық құбылыстар мен процестерді, түрлендіру мен географиялық ақпараттарды күнделікті өмірде қолдануды қалыптастыру және дамытуға бағытталған.

25. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқытудың стандарттық деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

#### 1) Графика және жобалау.

"Графика және жобалау" пәні графикалық бейнелеу және геометриялық-графикалық модельдеу теориясы негіздерін оқытуға, білім алушылардың жобалау бойынша шығармашылықтарын дамытуға, олардың графикалық мәдениеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту пәнінің мазмұнының жиынтығы мынадай білім беру желісімен анықталады: "Ақпаратты визуализациялаудың әдістері мен тәсілдері", "Кескіндердің негізгі түрлері және оларды құрастыру. Кескіндерді түрлендіру", "Пішінді қалыптастыру және құрастыру. Пішінді қайта түрлендіру", "Техникалық, архитектуралық-құрылыстық және ақпараттық графика элементтері", "Жобалау. Жобалау графикасы. Шығармашылық тапсырмалар";

## 2) Дүниежүзі тарихы.

"Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша білімді қалыптастыруға бағытталған.

Осы курс білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін оның бірлігі мен әртүрлілігін тереңдетіп түсінуге бағдарланған.

"Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды қарастырады.

Аталған оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тартумен жасалады;

## 3) Құқық негіздері.

"Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

Пән мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

"Құқық негіздері" құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

26. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқытудың тереңдетілген деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

## 1) Дүниежүзі тарихы.

"Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұны адамзаттық өркениеттің этногенез, политогенез, культурогенез негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

Осы курс білім алушылардың әлемдік мәдени-тарихи процестің мәнін оның бірлігі мен әртүрлілігін тереңдетіп түсінуге бағдарланған.

"Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің тереңдетілген курсы әлемдік тарихтағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді бағалау және жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті тарихи ойлау дағдысын дамытуды қарастырады.

Аталған оқу пәнінің аксиологиялық мақсаты білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға тартумен жасалады;

## 2) География.

"География" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың әлемнің географиялық көрінісі жайында түсініктерінің қалыптасуына, географиялық іргелі заңдар мен заңдылықтар жүйесінің динамикалық дамуы туралы түсініктерінің қалыптасуына бағытталған.

Пәннің оқу бағдарламасы елтану туралы түсініктерін қалыптастыру тұрғысынан құрылып, бүгінгі күнгі географиялық ерекшеліктерін танытуға және өңірлердің сипаттамасын беруге құрылған.

География курсы білім алушылардың ғылыми көзқарасын қоғамның табиғатпен бірлікте болатынын түсіндіру негізін қалыптастыруға, географияның адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынастағы рөлін танытуға бағытталған.

Аталған курс қоғамдағы заманауи адамзаттық және ғаламдық мәселелерді зерделеу негізінде қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын және оларда туындаған мәселелерді шешу жолдарын түсінуді дамытады; әлемде және Қазақстан көлемінде географиялық мәселелер бойынша тұрақты дамуды, табиғатты тиімді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсіндіруге арналған;

"География" оқу пәнінің мазмұны кеңістіктегі уақыт заңдылықтарының және географиялық нысандардың қызмет ерекшеліктері мен қызметін, процестер мен құбылыстарын, географиялық білімдерін түсіндіру және түрлі табиғи құбылыстарды бағалау үшін, әлеуметтік-экономикалық және геосаяси құбылыстар мен процестерді қалыптастыру және дамытуға бағытталған;

## 3) Құқық негіздері.

"Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

Пән мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

"Құқық негіздері" стандарттық деңгейде құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықтылығын құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген;

## 4) Шетел тілі.

"Шетел тілі" оқу пәні сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша білім алушының тілдік дағдысын дамытуға бағытталған. Жалпы

орта білім беру аяқталғанда білім алушы Шетел тілін меңгерудің Жалпыеуропалық құзыретіне (Common European Framework of Reference, CEFR) сәйкес B1(орташа-B1.2) тілдік деңгейін меңгеруі тиіс.

Аталған курс білім алушылардың өмірдің түрлі жағдаяттарымен араласу барысында өздеріне сенімдерін күшейтеді, Қазақстанда ғана емес шетелде жоғары білім алуға мүмкіндік береді, әдеби шығармалардың аутенттік мәтінін түпнұсқа тілінде оқуға мүмкіндігін кеңейтеді.

Бұл оқу пәні мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті, басқа тілге және мәдениетке позитивті көзқараспен қарауға, жалпы мәдениетін көтеруге, көзқарасын және оқылып отырған тілдің елі туралы білімін кеңейтуге, тілдік қабілеттілік пен тілдік болжамын, сөйлеу мәдениетін дамытуға, шетел тілін оқуға қызығулышылығы бар, негізгі екінші тілдік сипатты тұлғалық қасиеттері бар, өз бетімен шетел тілдерін оқуға қабілетті және дайын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

27. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқытудың стандарттық деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

#### 1) Физика.

Физиканың тереңдетілген курсы білім алушылардың табиғат туралы, ғылым ретіндегі физика туралы, ғылыми танымның әдістері мен әдіснамасы, таным процесіндегі теория мен эксперименттің рөлі және өзара байланысы туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесі туралы түсініктерін кеңейтуге және ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған.

Физика курсы табиғи құбылыстарға бақылау жүргізе алу, нәтижелерді сипаттай алу және қорытындылай алу, физикалық құбылыстарды зерделей алу үшін өлшеу құралдарын пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.

Физикадан тереңдетілген жалпы білім беруге дайындық білім алушылардың игерген білімдерін әртүрлі табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін, маңызды техникалық қондырғылардың жұмыс жасау қағидаттарын түсіндіруге, модельдер құруға және болжам жасауға қолдануларын ұйғарады;

#### 2) Химия.

Химия курсының мазмұны тереңдетілген білімге бағытталған, химиялық заттардың көптүрлілігінің маңыздылығы туралы және олардың басқа затқа айналуын, табиғи ресурстарды ұқыппен қолдануын дамыту, оқытылатын процеске шығармашылық және сыни ойлауды қолдану, практикалық және эксперименттік біліктерін кең ауқымда дамыту; табиғи құбылысы ретінде химия туралы тереңдетілген білімдерін негізге ала отырып, білім алушылардың түсінігін кеңейту.

Оқу пәні жаңа заттарды ашуға мүмкіндік береді, бар деректерге сүйеніп, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын бағалауға баулиды және өмірмен тығыз байланысын қалыптастырады.



Тереңдетілген курстың мазмұны білім алушылардың химиялық құбылыстар мен процестердің айналасында орын алып жатқан өзгерістерді түсінуге және олардың салауатты өмір сүруіне түрткі болады; күнделікті өмірлік іс-әрекетінің сапасын жетілдіру үшін, күнделікті практикада сапалы өнімдер мен құралдарды таңдау үшін химиялық білімін қолдануға мүмкіндік береді;

### 3) Биология.

"Биология" оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың тірі организмдердің көп түрлілігі, қоршаған орта эволюциясы, табиғи құбылыстардың заңдылығы мен заңдары, бақылау, саралау, жүйелеу, салыстыру, қатар қою, талдау, затты бағалау және ақпарат, себеп-салдарлық байланысын анықтауға бағытталған.

"Биология" оқу пәнінің тереңдетілген курсының мазмұны табиғи биологиялық көріністер мен процестердің болмысын, білім алушылардың тереңірек түсінуін, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде адамның іс-әрекетінің алатын орнының мәнін ұғынуды, сондай-ақ адам денсаулығына қатысын қарастырады. Тірі табиғаттың ерекшелігін, эволюциялық процестердің мәнісін ұғыну білім алушылардың экологиялық жағдайларды бағалауына және жанды әлемді қастерлеудің қажеттігін түсінуіне жағдай жасайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі "Биология" оқу пәнінің негізгі құрылымдық мазмұнын мынадай жетекші жүйелі идеялар құрайды: тірі ағзалардың құрылысы мен қызметі, көптүрлілігі; көбеюі, тұқым қуалаушылық және эволюциялық дамуы; қоршаған орта және ағза; қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

28. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқытудың стандарттық деңгейіндегі оқу пәндері бойынша білім мазмұны.

#### 1) Кәсіпкерлік және бизнес негіздері.

"Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәні қазақстандық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, кәсіпкерлік саласындағы негізгі түсініктер мен заңдарды зерделеуге бағытталған, кәсіпкерлік ойлау мен оқушыларда ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқытудың практикаға бағытталған үлгісі енгізілген.

Бұл пән Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" жолдауына сәйкес ұсынылған басымдықтардың бірі – Өніммен қамтамасыз ету және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту контекстінде Қазақстан Республикасы мектептері үшін әзірленді.

Оқу пәнінің мазмұндық желісі коучингтік және тренингтік элементтерді пайдалана отырып Бизнес, Кәсіпкерлік бойынша кіріктірілген материалды, мүлде жаңа курсты ұсынады.

Пән оқушылардың бизнестік ойлауын және кәсіпкерлік, бизнес және экономика негіздері туралы базалық білімді қалыптастыруға; өз таңдауы бойынша жауапкершілікке баулу және кәсіпкерлік ойлауын, белсенді өмірлік ұстанымын

қалыптастыруға; қазіргі нарықтық жағдайда болашақ өзіндік қызметі үшін практикалық дағдылар базасын құруға бағытталған.

29. Білім беру ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

## **2-параграф. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

30. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

31. Жалпы орта білім білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді.

32. Жалпы орта білім мазмұнын алты білім саласы құрайды: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Адам және қоғам", "Жаратылыстану", "Технология", "Дене шынықтыру".

33. Әрбір білім саласы ұқсас оқу пәндерін қамтиды.

34. "Тіл және әдебиет" білім саласына енетін пәндер: "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" (қазақ тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті" (орыс тілінде жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті" (қазақ тілді және басқа да орыс тілді емес жалпы білім беретін ұйымдар үшін), "Шетел тілі".

35. Қазақстан аумағында тұратын этностың тілінде оқытатын жалпы білім беретін ұйымдарда "Тіл және әдебиет" білім саласына осы этностың "Ана тілі мен әдебиеті" қосымша енеді. Нақты этностың шоғырланып орналасқан жерлерінде олардың тілін оқыту мәселесін шешу білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзырына беріледі. "Ана тілі" ("Ұйғыр тілі", "Өзбек тілі", "Тәжік тілі") мен "Әдебиет" ("Ұйғыр әдебиеті", "Өзбек әдебиеті", "Тәжік әдебиеті") пәндері үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі - ҮОЖ) инварианттық компонентіне енеді.

36. "Математика және информатика" білім саласына енетін пәндер: "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика".

37. "Жаратылыстану" білім саласына енетін пәндер: "География", "Биология", "Физика", "Химия".
38. "Адам және қоғам" білім саласына енетін пәндер: "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Адам. Қоғам. Құқық", "Өзін-өзі тану".
39. "Технология" білім саласына енетін пәндер: "Технология".
40. "Дене шынықтыру" білім саласына енетін пәндер: "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери дайындық".
41. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны Алғашқы әскери дайындық оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен "Алғашқы әскери дайындық" пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.
42. Жалпы орта білім мазмұнының инварианттық компоненті типтік оқу жоспарларында, ал вариативтік компоненті оқу жұмыс жоспарларында жүзеге асырылады.
43. Орта білімнің іргелілігін сақтау және орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау мақсатында инварианттық компонент жалпы сағат көлемінен жалпы орта білім деңгейінде кемінде 75% мөлшерде белгіленеді.
44. Міндетті оқу бағдарламалары орта білімнің базалық мазмұнын іске асырады және орта білім беру деңгейлеріне сәйкес білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптарды анықтайды. Вариативті оқу бағдарламалары вариативті компонентке кіретін оқу пәндері мен курстарының мазмұнын іске асырады.
45. Жалпы орта білім екі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика бағыттары бойынша бейінді оқыту негізінде жүзеге асырылады. Саралап оқыту және білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқытудың осы екі бағыты аясында жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытуға арналған ҮОЖ сәйкес аралас (ұқсас) пәндер бойынша бейіндендіру енгізіледі.
46. Негізгі орта білім мен техникалық және кәсіптік білім мазмұндарының сабақтастығы жекелеген және аралас пәндерді, оның ішінде технологиялық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы бейіналды оқыту аясында іске асырылады. Жалпы орта білім мен жоғары білім беру мазмұндарының сабақтастығы жекелеген және аралас пәндерді тереңдетіп оқыту арқылы бейінді оқыту аясында іске асырылады.
47. Білім алушылардың негізгі орта білім деңгейінде бейіналды оқытудың, жалпы орта білім деңгейінде бейіндік оқытудың бағыттарын таңдауы олардың ата-аналары мен қамқоршылар кеңесінің қатысуымен жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

## **1-параграф. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

48. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды.

49. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі ҮОЖ-да белгіленеді.

50. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-мен (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды. Арнайы (түзеу) білім беру ұйымдарының оқу жоспарларында даму бұзушылығын ескере отырып, міндетті түзету компоненті қарастырылған. Арнайы (түзеу) білім беру ұйымдарының оқу жоспарларындағы инвариантты, түзету және вариативті компоненттер ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларды ескерумен белгіленеді.

51. Сыныпты екі топқа бөлуге қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті;
- 3) шетел тілі;
- 4) информатика;
- 5) дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде болады.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

51-1. Сыныптарды топтарға бөлу 51-тармақта көрсетілген пәндерден басқа инвариантты компонент пәндері бойынша сабақтар өткізу кезінде білім алушылар санына қарамастан, қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде рұқсат етіледі.

**Ескерту. 51-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

52. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс.

53. Үлгілік және оқу жұмыс жоспарларында пәнді меңгеруге бөлінетін оқу уақыты тиісті міндетті және вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын әзірлеу кезінде ескеріледі.

53-1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасы әзірленеді.

**Ескерту. 53-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Инварианттық және вариативтік компоненттерді құрайтын пәндер бойынша білім алушылардың оқу жүктемелерінің жалпы көлемі ҮОЖ-да белгіленеді.

55. Білім алушылардың пәндер бойынша міндетті оқу жүктемесінің көлемі оқытудың бағыты ескеріліп, ҮОЖ-да белгіленеді.

56. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі олардың қажеттіліктері ескеріліп, жалпы білім беретін ұйымдардың оқу жұмыс жоспарында белгіленеді.

57. Білім алушылардың денсаулығын нығайту және олардың қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында сыныптан тыс жұмыс нысанындағы спорт секцияларының сабақтарын ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

58. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушылар үйінде немесе емделу орындарында ақысыз жеке оқытумен қамтамасыз етіледі.

59. Даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады.

60. Жергілікті атқарушы органдар және жалпы білім беретін ұйымдар білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін:

- 1) салауатты өмір салтын насихаттау;
- 2) әлеуметтік және психологиялық қызметті күшейту;
- 3) ғимаратты күзетуді қамтамасыз ету;
- 4) жергілікті тұрғындар мен ата-аналар қауымдастығы арасында тығыз байланыс орнату;
- 5) білім алушылардың бейресми ортасын зерделеу;
- 6) алдын алу іс-шараларын (әлеуметтік сұрақ-жауап, психологиялық қолдау, құқық қорғау және медицина мекемелері қызметкерлерімен кездесулер) өткізу;
- 7) профилактикалық медициналық тексеруді уақытылы ұйымдастыру;
- 8) техника қауіпсіздігін, өрттің алдын алу ережелерін сақтау;
- 9) үй-жайларындағы жарық пен әуелік жылу режимін сақтау;
- 10) компьютерлік техникамен жұмыс істеу тәртібін сақтау;
- 11) жолда жүру қауіпсіздігі ережелерін сақтауды насихаттау;

12) балаларды тасымалдауда техника қауіпсіздігін сақтау жолдары арқылы жағдай жасайды.

61. Жалпы орта білім беретін, оның ішінде жеке меншік ұйымдарда білім беру процесі ҮОЖ негізінде әзірленетін және жалпы білім беру ұйымдары дербес бекітетін, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісілетін оқу жұмыс жоспары аясында жүзеге асырылады

62. Жалпы орта білім беретін республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттардың білім беру процесі ҮОЖ негізінде әзірленетін оқу жұмыс жоспары шеңберінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органымен бекітіледі.

**63. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

64. Сыныпта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар болған жағдайда сынып толымдылығы осындай әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. ҮОЖ-ның оқушы компонентіндегі оқу жүктемесі көлемінде қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастыру, еңбек тәжірибесін өткізу қамқоршылық кеңестің немесе ата-аналар комитетінің қатысуымен жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

##### **1-параграф. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

66. Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейінді оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

67. Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

68. Міндетті оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер жалпы орта білім берудің базалық мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылады.

69. Міндетті оқу пәндері қатарына "Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Орыс тілі" және "Орыс әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Ана тілі" мен "Әдебиет" (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), "Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Орыс тілі мен әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Шетел тілі", "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Қазақстан тарихы", "Өзін-өзі тану", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндері енеді.

70. Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

71. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Биология", "Химия", "Физика", "География" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" пәндері енеді.

72. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына "Шетел тілі", "Дүниежүзі тарихы", "География", "Құқық негіздері" пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына "Физика", "Химия", "Биология", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәндері енеді.

73. Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларында оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарымен нақтыланады.

74. Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке-дара даму траекторияларын қалыптастыруға және оларды орта білім беру ұйымын аяқтағандағы оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен жетуге жағдай жасайды.

75. Міндетті оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда оқытудан күтілетін нәтижелер.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/орыс тілі (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін).

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы сөйлеу тәртібінің, бағалаудың ашық және жасырын берілген түрлерін талдай отырып, тілдесу және стильдік қатыстылығы бар түрлі саладағы мәтіндерді түсінеді; дайындалған және дайындалмаған монологтік және диалогтік, оның ішінде көпшілік алдында тілдесу жағдайында коммуникацияның әртүрлі мақсаттарына қол жеткізеді; тыңдаушыларға әсер етуге талпына отырып, сөйлеу тәртібінің тактикасын іске асырады; өзінің көзқарасын білдіре отырып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты

талдайды және сыни тұрғыдан бағалайды; мәтіннің мазмұнын болжайды; стилистикалық дифференциацияны есепке ала отырып, тілдік бірліктерді қолдану құрылымы мен нормаларын сақтайды;

## 2) оқылым:

білім алушы түрлі типтегі, стильдегі және жанрдағы, оның ішінде ғылыми-техникалық тақырыптағы мәтіндердің мазмұнын түсінеді және түсіндіріп айтып бере алады; мәтіннің жасырын мағынасын және мәтінге енгізілген көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін анықтай алады; күрделі мәтіндердің тілдік, композициялық және жанрлық ерекшеліктерін айқындайды; оқырман алдында қойылған міндеттерге байланысты оқудың түрлі стратегияларын пайдаланады; ақпараттық іздеу жүргізеді, қажетті ақпаратты іріктейді және өңдейді; әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің композициялық, лингвистикалық, жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; қорытынды жасай отырып, шешу жолдарын ұсынады, проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалайды;

## 3) жазылым:

білім алушы түрлі типте, жанр мен стильде, оның ішінде әсер етуші сипатқа ие мәтіндерді құрастырады; ақпаратты қысқарту және кеңейту тәсілдерін қолдана отырып, тұтас және аралас мәтіндерді құрастырады; өзінің пікірін дәлелдей отырып және зерттеу дағдыларын қолдана отырып, шығармашылық, академиялық сипатта мәтіндер, жаһандық мәселелер бойынша эссе жазады; түрлі жазбаша немесе ауызша дереккөздерінен алынған ақпаратты жинақтайды және оны нақты дәлелденген жүйелі түрдегі хабарлама түрінде ұсынады; мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; жоспарлардың әртүрлі түрлерін құрастырады; грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық нормаларды сақтайды.

Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін)/Орыс әдебиеті (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін):

1) тарихи-әдеби процестің негізгі заңдылықтарын; өлең жолдары мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдауы бойынша) жатқа; оқытылатын тақырыптар шеңберінде әдеби-тарихи мағлұматтарды және әдеби теориялық түсініктерді; оқытылатын шығармалардың мәдени-тарихи мәнмәтінін және олардың авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді біледі;

2) әдебиеттің рухани-адамгершілік және эстетикалық мәнін; әдебиеттің тарихпен, өнермен байланысын; түр мен мазмұн тұтастығында көркем шығарманы; шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелер жиынтығын, шығармада автордың ұстанымын; көркем шығармалардың бейнелеу табиғатын және жасырын мағынасын; орыс, қазақ және әлем әдебиетінің шығармалары арасындағы ұлттық сипатқа негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтарды түсінеді;

3) көркем-бейнелеуіш құралдар мен стилистикалық тәсілдерді: шығарманың мазмұнына талдау жасау барысында әдебиеттанудың түсінікті тілін, белсенді



азаматтық ұстанымы мен адамгершілік-рухани қасиетін көрсете отырып, әдеби тақырыпта ауызша немесе жазбаша сөйлеуде, талдамалық сипатта өзінің мәтінін құрауда, оқыған мәтінді түсіндіріп беруде, пікірталастарда, көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде қолданады;

4) әртүрлі әдеби шығармалар мен оларды сыни тұрғыдан және көркем түрде түсіндіріп беруді; сюжет, композиция ерекшеліктерін, көркем бейнелеуіш құралдар рөлін, басты эпизодтарды, кейіпкерлердің әрекеттері мен қылықтарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың адамгершілік мұраты туралы түсініктерін талдайды;

5) көркем шығармаларды қорытындылау, шығармалардың мазмұнын тарихи деректермен салыстыру үшін әртүрлі ресурстарды қолдану арқылы жазбаша мәтіндерді ; көркем шығарманың мәселелер бойынша дәлелді пайымдауларды, шығарманың мазмұнын адамгершілік-рухани жағынан толықтыру туралы дәлелді пікірді жинақтайды;

б) мазмұнының өзектілігі мен адамның адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастырудағы оның мәні жағынан шығарманы; композициялық, стильдік тұтастық және тілдік ресімдеу тұрғысынан ауызша және жазбаша сөздерді; өнердің өзге де түрлерімен дайындалған көркем туындыны түсіндіріп беруді; өзі үшін белсенді оқырмандар тобын анықтау үшін көркем шығармаларды бағалайды.

Ана тілі, Әдебиет (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін):

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы сөйлеу тәртібінің, бағалаудың ашық және жасырын берілген түрлерін талдай отырып, тілдесу және стильдік қатыстылығы бар түрлі саладағы мәтіндерді түсінеді; дайындалған және дайындалмаған монологтік және диалогтік, оның ішінде көпшілік алдында тілдесу жағдайында коммуникацияның әртүрлі мақсаттарына қол жеткізеді; тыңдаушыларға әсер етуге талпына отырып, сөйлеу тәртібінің тактикасын іске асырады; өзінің көзқарасын білдіре отырып, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты талдайды және сыни тұрғыдан бағалайды; мәтіннің мазмұнын болжайды; стилистикалық дифференциацияны есепке ала отырып, тілдік бірліктерді қолдану құрылымы мен нормаларын сақтайды;

2) оқылым:

білім алушы түрлі типтегі, стильдегі және жанрдағы, оның ішінде ғылыми-техникалық тақырыптағы мәтіндердің мазмұнын түсінеді және түсіндіріп айтып бере алады; мәтіннің жасырын мағынасын және мәтінге енгізілген көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін анықтай алады; күрделі мәтіндердің тілдік, композициялық және жанрлық ерекшеліктерін айқындайды; оқырман алдына қойылған міндеттерге байланысты оқудың түрлі стратегияларын пайдаланады; ақпараттық іздеу жүргізеді, қажетті ақпаратты іріктейді және өңдейді; әртүрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің композициялық, лингвистикалық, жанрлық және стилистикалық

ерекшеліктерін салыстырады; қорытынды жасай отырып және оның шешу жолдарын ұсынады, проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалайды;

3) жазылым:

білім алушы түрлі типте, жанр мен стильде, оның ішінде әсер етуші сипатқа ие мәтіндерді құрастырады; ақпаратты қысқарту және кеңейту тәсілдерін қолдана отырып, тұтас және аралас мәтіндерді құрастырады; өзінің пікірін дәлелдей отырып және зерттеу дағдыларын қолдана отырып, шығармашылық, академиялық сипатта мәтіндер, жаһандық мәселелер бойынша эссе жазады; түрлі жазбаша немесе ауызша дереккөздерден алынған ақпаратты жинақтайды және оны нақты дәлелденген жүйелі түрдегі хабарлама түрінде ұсынады; мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; жоспарлардың әртүрлі түрлерін құрастырады; грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық нормаларды сақтайды;

4) әдебиет дамуындағы негізгі үрдістерді, оның қоғам дамуымен байланысын; әдебиет саласындағы көрнекті қайраткерлердің биографиялық деректерін; әлемдік әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әдебиет теориясы туралы негізгі түсініктерді; толық және шолып оқу бағытында олардың нақты мазмұнын айту үшін, (басты кейіпкерлерді, негізгі сюжеттік желісі мен оқиғаларды) шығарманың мазмұнын біледі;

5) тарихи-мәдени және әдеби процестегі шығармалардың орны мен рөлін; көркем әдебиетте көрсетілген ұлттық құндылықтарды, оның тарихи дамуында әдебиеттің қалыптасу процесін; шығармалардың идеясын және оны жеткізе білудегі автордың шеберлігін, қолданған әдістерін; шығармадағы құрылымдық элементтердің мағынасын (сюжет және композиция, көпқырлы көркем детальдар мен оның мәтінде берілген проблемамен астарласуы, көркем сөзді бейнелеуіш құрал ретінде тиімді пайдалануы); автордың негізгі ойын, жазушының өз шығармасындағы кейіпкерлері мен оқиғаларға көзқарасын, авторлық ұстанымды; шығарма арқылы берілетін көңіл-күйді түсінеді;

6) әдеби тақырыпқа ауызша немесе жазбаша пікір дайындау барысында, өзінің талдамалы сипаттағы мәтінін құруда, зерттелген мәтінді түсіндіруде; өзі үшін оқуға белгілеген идеялық-тақырыптық тұрғыдан алуан түрлі өнер туындыларын және көркем шығармаларды бағалауда; пікірталастарда, жұрт алдында сөз сөйлеуде белсенді азаматтық ұстанымы мен рухани-адамгершілік қасиеттерін білдіруде, көркем әдеби шығарманы өзіндік талдауда жинақтаған білімі мен дағдысын қолданады;

7) әдеби шығарманы оның мазмұнын тұжырымдай отырып, әңгімелеу арқылы; әртүрлі жанрдағы шығармаларды талдай отырып, шығарма желісінде оқиға болған уақытты, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінікті, нақты тарихи және өзекті мәселелерді; автордың шығарма негізіне алған идеясы бойынша ой қозғайды, талдайды ;

8) аннотация, пікір жазу үшін оқыған шығарманың мазмұнын; түрлі ақпарат көздерінен, оның ішінде Интернет желісінен алынған ақпараттарды шығармашылық жұмыстарға негізге алу үшін, өзінің жеке көзқарасы мен алынған ақпаратты; қазақтың

және өзге ұлттардың құндылықтарымен байланыстырудағы әдістерді; көркем шығарманың жанрлық шығу тегіне сәйкес талдаудың әдістерін жинақтайды;

9) көркем шығармалардың құндылығын; ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін және оның әлем мәдениетінің контексіндегі алатын орнын; көркем шығарманың мазмұны жағынан өзектілігін және оның адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы мәнін; шығарманың композициялық және стильдік тұрғыдан үйлесімін, тілінің байлығын, қойылған коммуникативтік міндеттерге жетудегі тиімділігін ауызша және жазбаша жеткізуді; басқа да көркем шығарма құралдары арқылы көркем мәтінді әңгімелеуді бағалайды.

"Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)/"Орыс тілі мен әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін):

1) тыңдалым:

білім алушы қарым-қатынастың әртүрлі аяларындағы мәтіндердің мазмұнын, коммуникативтік ниетін, сонымен қатар, сөйлеушінің әлеуметтік және эмоционалды-экспрессивті сөйлесім ерекшеліктерін толық түсінеді; ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну деңгейінде қабылдайды; тыңдалған мәтінді айқындылығы мен бейнелілігі жағынан бағалайды;

2) айтылым:

дәлелді монологтік немесе диалогтік сөз дайындай отырып, коммуникативтік мақсатқа сәйкес түрлі тіл құралдарын тиімді қолданады; көркем шығармалардың тақырыбы бойынша пайымдайды, шығарма кейіпкерлеріне және олардың әрекеттеріне деген өзінің қатынасын білдіреді; әртүрлі айтылған сөздерді сыни тұрғыдан бағалайды; тіл нормаларын, сөйлеу тәртібі мен әдеп нормаларын сақтайды; проблеманың себептері мен салдарларын болжайды; мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік-рухани, патриоттық, тарихи-мәдени дамуымен байланысты идеяларды жинақтайды;

3) оқылым:

жасырын мағынасын таба отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің мазмұнын толық түсінеді; мәнмәтіннен таныс емес сөздердің мәнін анықтайды; оқытылатын тақырыптар шеңберінде академиялық мәтіндердің ерекшеліктерін айқындайды; түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктейді; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың өнегелік идеалы туралы түсінігін талдай отырып, әдебиет туындыларын өнердің басқа түрлеріндегі бейнесімен салыстырады; қойылған міндеттерге байланысты оқылымның әртүрлі стратегияларын қолданады;

4) жазылым:

тақырып, мақсат, мәселелер және тілдесу жағдаятына сәйкес орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, түрлі типтегі және стильдегі мәтіндерді құрастырады; алынған ақпаратты зерттеу және жинақтау негізінде түрлі тақырыпта тұтас немесе тұтас емес мәтіндер құрайды; мәтіндерге әртүрлі

жоспарлар құрастырады; мәдениет пен тілдің көпқырлылығы, патриотизм және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мәселелерін қарастыра отырып, көркем әдебиет шығармалары бойынша шығармашылық жұмыстар жазады; ойы мен сезімін анағұрлым дәлме-дәл жеткізу үшін көркемдеу құралдарын – троптар мен стилистикалық тәсілдерді қолданады.

Шетел тілі:

1) тыңдалым:

білім алушы әртүрлі жанрлардағы түпнұсқалық мәтіндердің негізгі мазмұнын, таныс және жартылай таныс тақырып бойынша диалогтерді түсінеді; формалар, кестелер, сызбаларды толтыру үшін анағұрлым функционалдық маңызды мағыналық, оның ішінде толық және ерекше ақпаратты іріктейді; әртүрлі білім беру салаларының, сонымен қатар тілдесудің өзге де салаларының мәтіндерінде кездесетін терминдер мен негізгі бірліктерінің мәнін түсінеді; дерек пен пікірді ажырата алады; оқыған және жалпы тақырыптар шеңберінде әртүрлі жанр мен стильдегі орта көлемдегі мәтін ішінен сәйкессіздіктерді тауып алады және өзара салыстыра алады, мәнмәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын түсінеді;

2) айтылым:

білім алушы ресми және бейресми күнделікті тілдесу жағдаяттарында диалог жүргізеді; тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын қолдана отырып, өзінің сөздерін дұрыс ресімдейді; алдын ала ұсынылған тілдік байланыстағы тактиканы іске асыра отырып, қоршаған шынайы ортаға деген эмоционалды тұрғыдан бағалаудағы көзқарасын білдіре алады; өзінің көзқарасын дәлелдей отырып, мәтіндерді талдайды және салыстырады; оқиғаларға, пікірлерге және мәселелерге баға бере отырып, пайымдайды; қорытынды жасайды және берілген мәселе бойынша өзінің шешу жолдарын ұсынады;

3) оқылым:

білім алушы белгілі бір күрделіліктегі публицистикалық, ғылыми танымал, көркем мәтіндердегі негізгі мазмұнды түсінеді; оқудың әртүрлі стратегияларын пайдаланады; оқиғалар мен құбылыстардың уақытша және себеп-салдарлық өзара байланысын анықтайды; кітаптар және электронды ресурстарды пайдалана отырып, сөздердің мағынасын талдайды және салыстырады; түрлі жанр мен стильдегі мәтіндердің мазмұнын сын тұрғысынан бағалайды.

4) жазылым:

білім алушы жазбаша хабарлама тезистерін жасайды, жоспар құрады, түрлі жанрлар мен стильдердегі мәтіндерді редакциялайды және түзетеді; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; медиа-ақпарат негізінде дәлелге сүйенген мәтін жазады; өзінің мәселеге қатысты көзқарасын білдіре отырып, проблемалық сипатта мәтіндерді жазады; іс туралы хаттар мен құжаттарды дайындайды; әртүрлі тақырыптарда эссе жазады (150-200 сөз).

Алгебра және анализ бастамалары, Геометрия:

1) көрсеткішті, логарифмдік функциялардың анықтамаларын, олардың қасиеттерін және графиктерін; күрделі функция ұғымын; кері функция ұғымын; кері тригонометриялық функциялардың анықтамаларын; тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін; рационал және иррационал теңдеулерді шешу әдістерін; рационал теңсіздіктерді шешу тәсілдерін; көпжақтар мен айналу денелерінің түрлерін және олардың жазбаларын; көпжақтар және айналу денелерінің аудандары мен көлемдерінің формулаларын; стереометрия аксиомалары мен олардың салдарларын; кеңістіктегі вектор ұғымын; сфераның теңдеуін; статистиканың негізгі ұғымдарын; дискретті және үзіліссіз кездейсоқ шамалар ұғымдарын; функцияның нүктедегі және шексіздіктегі функция шегінің анықтамаларын; нүктедегі және жиындағы функция үзіліссіздігінің анықтамаларын; функцияның туындысының анықтамасын; функцияның графигіне жүргізілген жанаманың теңдеуін; алғашқы функцияның, анықталмаған және анықталған интегралдың алғашқы функцияларының анықтамаларын; анықталған интегралдың көмегімен жазық фигураның ауданын және дененің көлемін табу формулаларын біледі.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша иррационал теңсіздіктерді шешу әдістерін; ықтималдықтарды қосу және көбейту формулаларын; Бернуллі формуласын; дискретті кездейсоқ шамалардың таралу түрлерін; кеңістіктегі түзудің және жазықтықтың теңдеулерін; функцияның дифференциалының анықтамасын біледі;

2) бір айнымалысы бар көпмүшенің стандарт түрде жазылуын; "бас жиынтық", "тандама", "дисперсия", "стандартты ауытқу" терминдерін; туындының геометриялық және физикалық мағыналарын; интегралдауды дифференциалдауға кері процесс ретінде; стереометрияның аксиомалар жүйесін және аксиомадан шығатын салдарды, геометриялық есептердің дәлелдеу тәсілдерін және шешімдерін түсінеді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша координаталар әдісінің мәнін; алмастырулар саны, теру, қайталанбалы орналастыру формулаларының мәнін түсінеді;

3) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; иррационал теңдеулерді шешу алгоритмін; қарапайым стереометриялық сызбаларды орындау техникасын; есептерді шығаруда түзулердің параллель, айқас және перпендикуляр болуының, жазықтықтардың параллель және перпендикуляр болуының белгілері мен қасиеттерін; геометриялық денелердің беттерінің аудандары мен көлемдерін табу формулаларын; геометриялық есептерді шешуде векторларға қолданылатын амалдар ережелерін; векторлардың коллинеарлық және компланарлық шарттарын; функцияның күдікті нүктелері мен экстремум

нүктелерін, кему және өсу аралықтарын табу тәсілдерін; туындыны табуда дифференциалдау техникасы мен туындылар кестесін; анықталған интегралды табуда интегралдар кестесі мен Ньютон-Лейбниц формуласын қолданады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша: иррационал теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; жуықтап есептеулер үшін Ньютон биномын; Бернулли формуласын; функция графигінің асимптоталарын табу тәсілдерін қолданады ;

4) кеңістіктегі түзулердің, түзу мен жазықтықтың, жазықтықтардың, жазықтық пен айналу денелерінің өзара орналасуын; айналу денелерінің жазықтықпен қимасын; графигі бойынша функцияның қасиеттерін талдайды; геометриялық және физикалық мазмұндағы есептерді талдайды және ол есептерді туындының және/немесе интегралдың көмегімен шығарады; кездейсоқ шамалардың типтерінің өзгешеліктерін талдайды және дискретті кездейсоқ шаманың сандық сипаттамаларын есептейді.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша: көпжақтардың (текше, тікбұрышты параллелепипед, пирамида) жазықтықпен қимасын талдайды;

5) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің түрлі әдістерін; иррационал теңдеулерді шешудің әдістерін; көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларының модельдерін; нақты құбылыстар мен процестердің ықтималдық модельдерін жинақтайды.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша оқиға ықтималдығын табуға арналған комбинаторика формулаларын; иррационал теңсіздіктерді шешудің түрлі тәсілдерін; кері тригонометриялық функциялардың анықтамалары және өзара кері функциялардың қасиеттері негізінде кері тригонометриялық функциялардың қасиеттерін жинақтайды;

6) тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктердің шешімдерін; иррационал теңдеулердің шешімдерін; статистикалық мәліметтердің вариацияларының көрсеткіштері мәндерін бағалайды.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша қосымша иррационал теңсіздіктердің шешімдерін бағалайды.

Информатика:

1) жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудің міндеті мен негізгі функцияларын; деректер қорын басқару жүйелерімен жұмыс істеу негіздерін; программалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін өмірлік циклдің модельдерін; веб-бағдарламалау негіздерін, сондай-ақ веб-сайттарды жасау үшін деректер қоры теориясын; желілік хаттамаларды және Интернет жұмысының қағидаттарын; деректер мен компьютерлік жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әзірленген қауіпсіздік шараларын біледі;

2) реляциялық деректер қорын ұйымдастыру принциптерін; желілік технологияның қызмет етуінің негізгі принциптерін; дыбыстық және бейнеақпараттарды өңдеу принциптерін, ақпараттық технологияларды дамытудың негізгі үдерістерін түсінеді;

3) ақпараттық объектілерді жасау және өзінің жұмыс нәтижелерін ресімдеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; деректер қорында сұраныс құрастыру ережелерін; құжаттарды редакциялау мен сақтау барысында бұлтты технологияларды; web-сайттарды және мобильдік қосымшаларды жасау барысында бағдарламалау элементтерін; желіде жеке қауіпсіздік және желі этикеті ережелерін; дыбысты және бейнені өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданады;

4) ақпаратты іздеу үшін бірнеше белгілер мен қатынас операторларын қолдану арқылы сұранысты; есепті модельдеу, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы шешудің тиісті әдістері мен тәсілдемелерін анықтау үшін есепті; компьютерде өңдеу мен есептеудің қойылған міндетке сәйкестігінің нәтижелерін; анағұрлым тиімдісін анықтау үшін әртүрлі тәсілдермен есептерді шешу жолдарын талдайды;

5) өзінің идеялары мен ойларын білдіру үшін әртүрлі түрлерде ақпаратты; басқару формалары мен элементтері көмегімен деректер қорын; қолданушы міндеттерін шешу үшін веб-сайттарды жинақтайды;

6) жобаны модельдеу мен әзірлеу барысында қойылған мақсаттарға сәйкес өз қызметінің нәтижелерін (нақтылық, өлшемділік, қолжетімділік, шынайылық, қатыстылық); бағдарламалау құралдарын қоса алғанда қолданыстағы бағдарламалық қамсыздандырудың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды.

Қазақстан тарихы:

1) Орталық Азиядағы ежелгі мәдени ошақтарын және олардың орналасқан жерлерін; көшпенділіктің тарихи түрлерін; еуразиялық дала өркениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясындағы қалалық мәдениеттің даму ошақтарын; әлемдік мәдени-тарихи прогреске едәуір ықпал еткен Орталық Азия халықтарының жетістіктерін; қазақ халқының этникалық тарихын; дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымын; Қазақстан полиэтникалық қоғамының қалыптасу тарихын; Қазақстан мемлекеттігі дамуының тарихи кезеңдерін; Қазақстандағы саяси ойдың дамуына едәуір үлес қосқан тарихи қайраткерлерді; түрлі тарихи кезеңдердегі ұлттық мәдениет пен ғылымның маңызды жетістіктерін; Қазақстан тарихы бойынша негізгі тарихи деректер мен ғылыми еңбектерді біледі;

2) Қазақстанның тарихи даму процестері мен құбылыстарын, негізгі оқиғалардың мәнін; ежелгі Орталық Азияның өркениет ошақтарын, көшпенділіктің түрлері мен формасын, Қазақстан территориясындағы қалалық және көшпелі мәдениеттің сипатты белгілерін; әлемдік мәдени-тарихи прогресс үшін Орталық Азия халықтарының жетістіктерінің маңызын; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан халқының өмір сүру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына географиялық фактордың ықпалын; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын; дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін; Қазақстанда саяси ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына тарихи

тұлғалардың қосқан үлесін; ұлттық бірегейлікті сақтаудағы қазақтардың мәдени мұрасының маңызын; қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін Қазақстан этностарының мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу қажеттілігін түсінеді;

3) Қазақстан мен Орталық Азия территориясында өмір сүрген мемлекеттер мен мәдениет ошақтарын уақыт пен кеңістікте анықтау кезінде; Орталық Азия көшпенділері мәдениетінің қалыптасу мен даму ерекшеліктерін анықтауда; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық мәдени даму ерекшеліктерін анықтау кезінде; Қазақстанның дамуындағы тарихи тұлғалардың рөлін анықтауда; Қазақстанның өткен және қазіргі кездегі оқиғалары мен құбылыстарына қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады;

4) Қазақстанның тарихи дамуын әлемдік тарих контексінде, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып; түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясындағы өркениеттер мен мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, миграциялық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатында Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды; тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін; Қазақстан тарихы бойынша ғалымдардың еңбектері мен деректерді; Қазақстан аумағындағы этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды; бүгінгі Қазақстанның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды;

5) тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды; Қазақстан мен әлемнің басқа аймақтарындағы тарихи дамудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларды; Қазақстан тарихы туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды жинақтайды;

6) түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; отан тарихына ықпалы контексінде тарихи тұлғалардың қызметін; Орталық Азия халықтары мәдениетінің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін; тарихи мәліметтердің шынайылығын; Қазақстан тарихының этникалық, саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

Өзін-өзі тану:

1) адамның рухани өмірінің негізі ретінде жалпыадамзаттық құндылықтарды; қоғамдағы адамның адамгершілік мінез-құлқы нормаларын; күнделікті өмірде позитивті ойлаудың рөлі туралы; шынайы рухани табиғат туралы; адамның өмірде алатын орны туралы; күнделікті өмірде риясыз сүйіспеншіліктің маңыздылығы, ар-ұжданға көңіл бөлу жайлы біледі;



2) адамның қалыптасуы үшін рухани-адамгершілік құндылықтардың маңыздылығын; рухани тұрғыдан өзін-өзі жетілдірудің қажеттілігін және өзінің отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы атқаратын рөлін; қоғамдағы жоғары адамгершілік қасиеттерді, дағдыларды, қызметті дамыту қажеттілігін, дене және рухани саулықтың өзара үйлесімінің алатын орнын; өзінің ел, қала, ауыл, мектеп және отбасы өміріне қатысын, өзінің мақсаты, міндеттері, сөздері және іс-әрекеттеріне жауапкершілікті түсінеді;

3) күнделікті өмірде жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімін, моральдық тұрғыдан таңдау қабілетін және ой, сөз, әрекеттерінің өзіне сай өзара бірлікте өмір сүру дайындығын, қоғамға қызмет ету дағдыларын; жасампаз қызметіндегі өмірлік ұстанымын, салауатты өмір сүру дағдыларын, өз ойын еркін жеткізе білуді; адамгершілік мінез-құлқының жеке тәжірибесін; қоғамға қызмет көрсету тәжірибесін қолданады;

4) рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан өзінің іс-әрекеттерін; адамгершіліктен бастау алатын қарым-қатынас; әртүрлі көздерден келіп түсетін ақпаратты ар-ождан тұрғысынан талдайды; өмірде туындайтын жағдаяттардан қалыптасқан ар-ожданға қатысты сабақтарды; отбасында, ұжымда, қоғамдағы рухани-адамгершілік нормаларына сәйкес өз мүмкіндіктері мен өз армандарын, мақсаттары мен оған жету жолдары өлшемдерін; адамгершілік тұрғысынан таңдау негізінде мәселені шешу жолын талдайды; өзінің рухани-адамгершілік, тұлғалық және кәсіби өсуі; отбасында, ұжымда, қоғамда тілектестік және өзара түсіністік ахуал; өзімен өзі және қоршаған әлеммен зорлық жасамау қағидалары негізінде үйлесімді қатынас орнату үшін жағдай жасайды;

5) отбасылық, тұлғааралық және қоғамдық салаларда өзара қатынасты жетілдіру, рухани-адамгершілік жетілу жолдарын іздестіру үшін рухани-адамгершілік білім жинақтайды;

6) жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өз әрекетін, өзінің эмоциялық күйін, адамның және табиғаттың өзара әрекеттесу тәсілдерін бағалайды.

Дене шынықтыру:

1) дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін; әртүрлі бағыттылығы бар дене жаттығулары сабақтарының кешенін, қозғалыс қимылдарын орындаудағы ереже мен техниканы; дене жаттығуларының биодинамикалық ерекшеліктері мен мазмұнын, денені дамыту және денсаулықты нығайту міндеттерін шешуде оларды қолдану негіздерін; дене жүктемелері кезінде өз ағзасының қызмет етудегі физиологиялық негіздерін, дене шынықтыру арқылы оларды дамыту мен жетілдіру мүмкіндіктерін біледі;

2) өз ағзасының психикалық-функционалдық ерекшеліктерін; дене тәрбиесімен жүйелі шұғылдану арқылы жеке тұлғаның дербес қалыптасу мүмкіндігі мен қасиеттерін; салауатты өмір салтын ұстануға қажеттілікті; атқарылатын қозғалыс

әрекеттерінің ауырлық деңгейін; физикалық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде түрлі физикалық жүктеменің талап етілген қарқындылығына жету қажеттілігін түсінеді;

3) салауатты өмір салтын және бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, өз бетімен жетілу мақсатында түрлі дене жаттығуларын; ойын кезінде немесе арнайы құрылған жаттығулар кешенін орындау кезінде қажетті негізгі техникалық-тактикалық әрекеттерді; ағзаның бейімделу қасиеттерін дамытуды қадағалау және денсаулықты нығайту мен дене ширақтығының дайындығын жоғарылатудың дербес жолдарын; функционалдық қызмет ету бағыты әртүрлі дене жаттығуларын өз бетімен ұйымдастыру тәсілдерін, спорт жабдықтары мен құралдарын қолдану ережелерін; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, дене жаттығуларымен шұғылдану кезінде жарақаттанудың алдын алу және дәрігер алды көмек көрсету білімін қолданады ;

4) сауықтыру және дене шымырлығы мен ширақтығын жетілдіру мақсатында дене жаттығуларын орындау кезінде өз ағзасының функционалды қызмет ету жағдайын талдайды;

5) қалыптасқан дағдыларды дене шынықтыру сабағымен қатар күнделікті өмірдегі әртүрлі жағдаяттарда қолдану жүйесін; салауатты және қауіпсіз өмір сүруді қалыптастырудағы дағдыларды; адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайларда жеке және ұжымның қауіпсіз әрекеттерінің ережелерін меңгеруін жинақтайды;

6) жалпы, кәсіптік-қолданбалы және сауықтыру-түзету бағытындағы дене жаттығуларымен шұғылданудың маңыздылығын; өз бетінше жетілу және қимыл-қозғалыс дайындығының деңгейін; дене жаттығуларымен шұғылдану тиімділігін, ағзаның функционалды қызмет ету жағдайы мен жұмыс істеу қабілетін; дене жүктемелерін және дене жаттығуларының әсер ету бағытын мөлшерлеуді бағалайды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық:

1) әскери іс, белгілеу, ұйымдастыру құрылымы, штаттық қаруландыру және техника негіздерін, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, бағдарлау құралдарын қолдануды, робототехника және IT-технология негіздерін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданғанда, лаңкестік қауіп-қатерді және табиғи апатты хабарлау барысында әрекет ету тәртібін; табиғи апаттардың сипаттарын, зақымдау ошақтарында құтқару және апаттан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл ұйымдастыруды; штаттық қаруды, қорғанудың дербес және ұжымдық құралдарының, радиобелсенді және химиялық бақылау құрылғыларының атқаратын қызметін, құрылысы мен қолдану тәртібін, сондай-ақ, тұрғындарды эвакуациялау және жергілікті жерде орналастыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін; алғашқы медициналық көмектің міндеттері мен түрлерін, жолда жүру ережесін біледі;

2) әскери іс, робототехника және IT-технология негіздерін, ядролық, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) қарулардың және басқа да адамдарды зақымдаудың қазіргі заманғы құралдардың әсер ету ерекшеліктерін, оларды қолданудағы шаруашылық нысандарына, қоршаған ортаға және экологияға тигізетін әсерін; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдары мен залал келтіруі мүмкін экономикалық және экологиялық шығынын түсінеді;

3) орын алған әртүрлі жағдаятта соғыс алаңында солдаттың рөлінде, радиациялық және химиялық бақылау жүргізу бекетінің құрамында барлаушы ретінде әрекет етуді; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, жараланғанда, қан кеткенде, күйік шалғанда және үсік шалғанда, күн өткенде, электрлі жарақат алғанда, суға батқанда алғашқы медициналық көмек көрсетуді; дененің түрлі бөліктері жараланғанда байлап, таңуды; дененің түрлі бөліктерінде сынықтың ашық және жабық түрі бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетуді; интернет байланысты, аудио-визуалды технологияларды пайдаланады, автомобиль көлігін жүргізудің теориялық негіздерін, робототехника дағдыларын меңгереді, сандық фото және бейне жабдықтарды қолданады;

4) зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайды; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын талдайды;

5) зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритімін жинақтайды;

б) қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.

76. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Физика:

1) механиканың (кинематика, динамика, статика, гидро-аэростатика, гидро-аэродинамика), молекулалық физика мен термодинамиканың; электромагнетизмнің (электростатика, тұрақты және айнымалы ток, электр тогы, магнит өрісі, электромагниттік индукция), оптиканың (геометриялық және толқындық), кванттық физиканың физикалық шамалары мен ұғымдарын; ғалам дамуының негізгі кезеңдерін; ақпаратты тарату мен қабылдау тәсілдерін, негізгі радиотехникалық қондырғылар мен жүйелерді құру қағидаттарын; нанотехнологияның негізгі қағидаттарын және шығу тарихын;

2) механиканың (кинематика, динамика, статика, гидро-аэростатика, гидро-аэродинамика), молекулалық физика мен термодинамиканың негізгі заңдарын, қағидаттары мен постулаттарын; электромагнетизмнің (электростатика, тұрақты мен айнымалы электр тогы, магнит өрісі, электрмагниттік индукция), оптиканың (геометриялық және толқындық), кванттық физиканың негізгі заңдары мен қағидаттарын; наноматериалдар мен наножүйені зерттеу әдістерін; әлемнің заманауи

ғылыми бейнесіндегі физика ғылымының орнын; ой-өрісті қалыптастырудағы және практикалық есептерді шешудегі физиканың рөлін түсінеді;

3) физика ғылымының негізгі ұғымдарын, заңдылықтарын, заңдары мен теорияларын; физика ғылымының символикалары мен терминологияларын; физикада қолданылатын ғылыми танымның бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент сияқты негізгі әдістерін; ғаламтор желісі мен компьютердің дерекқорларындағы физиканың ақпараттарын іздеу және өңдеу үшін жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін; эксперименттер мен өлшеу нәтижелерін өңдеу, физикалық шамалар арасындағы тәуелділіктерді анықтау тәсілдерін қолданады;

4) дәрежелік функциялар түрінде берілген тәуелділіктерді; екі айнымалы арасындағы қатынасты; ғаламдағы құбылыстарға, нысандар мен денелерге әртүрлі физикалық күштердің әрекетін, физикалық процестердің тәуелділігі мен айнымалылар арасындағы қатынастардың графигін; құрылғылар мен аспаптардың сипаттамалары мен жұмыс істеу қағидаттарын, ғылыми жаңалықтарды қолданылу салаларын; нанотехнологияның қолдану салаларын, адамның өндірістік қызметі мен қоршаған орта жағдайы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды ғалам күйін сипаттайтын параметрлерді және оның дамуының мүмкін жолдарын талдайды;

5) жиналған және өңделген мәліметтердің, ақпараттың кесте, график, хабарлама баяндама, презентация түрінде қарастырылуы үшін; ғылыми модельдерді және дәлелдемелерді болжамдар, дәлелдеулер, түсіндірмелер ұсыну үшін; эксперимент пен зерттеу жүргізу жоспарын жинақтайды;

6) заңдар мен олардың қолданысын білуін, жүргізілген бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін; нақты жағдайлардағы ғылыми таным әдістерінің қолданысын; экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан физикалық процестермен байланысты адамның өндірістік және тұрмыстық қызметінің салдарын бағалайды.

Химия:

1) негізгі химиялық ұғымдарды; атомистикалық теорияны; органикалық заттардың химиялық құрылыс теориясын; түрлі белгілері бойынша заттарды жіктеуді; органикалық және бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының номенклатурасын, құрылысын, физика-химиялық қасиеттерін; полимерлі материалдардың, металдар мен қоспалардың, бейметалдар мен олардың қосылыстарының кейбір салаларда қолданылуы және ерекше қасиеттерін; нанотехнологияның кейбір салаларда қолданылуын біледі;

2) түрлі заттардың химиялық реакцияларға түсу қабілеттерін; химиялық реакциялардағы энергиялардың өзгерулерін; химиялық айналымдардың негізгі механизмдерін; кинетикалық теорияның, гомогенді және гетерогенді катализдің, электрохимияның негіздерін; ауыспалы металдардың ерекше қасиеттерін; құрылысына байланысты органикалық және бейорганикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін; талдаудың инструментальды әдісі арқылы қосылыстарды зерттеу қағидаттарын; ең

маңызды органикалық және бейорганикалық заттардың химиялық өндірілу қағидаттарын түсінеді;

3) табиғатта, тұрмыста және өндірісте болып жатқан химиялық құбылыстарды түсіндіру үшін, әртүрлі жағдайларда химиялық айналымдардың өту мүмкіндіктерін анықтау және олардың салдарларын бағалау үшін білімдері мен біліктерін; заттарды сапалық және сандық талдау әдістерін; қоршаған ортада экологиялық сауатты болу ережесін; қоршаған ортаның химиялық ластануының тірі ағзаларға әсер етуін бағалау әдістерін; химиялық эксперименттер нәтижелерін әзірлеу, жүргізу, бақылау, жазу және талдау үшін ғылыми әдістерді білу және сыни тұрғыда ойлауды; жанғыш, улы заттарды , зертханалық құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік ережелерін қолданады;

4) заттардың қасиеттері олардың құрамы мен құрылысына байланыстылығын; заттардың құрылымы мен қасиеттерін анықтауға арналған олардың қарапайым спектрлерін; химиялық реакцияның жылдамдығы мен химиялық тепе-теңдіктің түрлі факторларға байланыстылығын; Периодтық жүйеде элементтердің қасиеттерінің өзгеру үрдісін; қышқылдар мен негіздердің түрлі теорияларын, ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктерді талдайды;

5) органикалық және бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары арасындағы генетикалық байланыстарды; заттардың химиялық байланыс және құрылыс теориясының көмегімен химиялық айналымдардың өту мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы дәлелді пайымдауларды жинақтайды;

6) әртүрлі материалдардың қасиеттерін; химиялық реакциялардың жылдамдығына әртүрлі факторлардың әсерін; химиялық тепе-теңдікке сыртқы ортаның түрлі жағдайларының ықпалын; қоршаған орта мен адам денсаулығына химиялық өндірістің әсер ету зардаптарын; радиоактивті ыдырауының әсерлерін; түрлі дереккөздер ақпараттарының дұрыстығын бағалайды.

Биология:

1) ақуыздардың, майлардың, көмірсутектердің, нуклейн қышқылдарының құрылымын, құрамын және міндеттерін; антиген-антидене реакцияларының негізгі механизмдерін; адамның хромосомалық ауруларының тұқымқуалаушылық теориясының негізгі күйлерін; тірі ағзалардың қоректенулері мен метаболизмінің түрлерінің/типтерінің өзгергіштігін; түрдің пайда болуы әдістерін; генетика негіздері және гендік инженерияның мүмкіндіктерін; Жер бетінде өмірдің қалыптасуы кезеңдері мен схемаларын; антропогенезді; ғаламдық және аймақтық экологиялық проблемаларды және табиғат ресурстарын қорғау қағидаттарын біледі;

2) фотосинтездің қараңғы және жарық фазасы кезінде өту процестерін; заттардың тасымалы, транслокация, хромосомалық, гендік мутациялардың пайда болу механизмін ; гендік-инженерлік манипуляциялардың мәнін; энергетикалық алмасу кезеңдерін; тұқым қуалау құбылмалылығы мен эволюция арасындағы өзара байланыс; тұқым қуалау заңдылықтарын; эволюциялық процестердің механизмін; экологиялық

пирамиданың ережесін; қоршаған ортаға антропогендік әсер етулердің зардаптарын түсінеді;

3) молекулалық биология және генетика есептерін шешудің схемалары мен әдістерін; экожүйені, тұқым қуалау белгілерін және түрлендірілген құбылмалылықты талдауға арналған статистикалық әдістерін; заттарды сапалық және сандық талдау әдісін; тәжірибелерді әзірлеу, жүргізу, бақылау, нәтижелерін жазу мен талдауға арналған ғылыми әдістерді білу және сыни тұрғыда ойлауды; дәрі-дәрмектер, улы заттар, зертханалық жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік ережелерін қолданады;

4) фотосинтез және хемосинтез процестерінің ерекшеліктерін; эволюция процесіне әсер ететін факторларды; ДНҚ мен РНҚ молекулаларының құрылысын; ДНҚ-ның репликациясы мен рекомбинациясын, мутация мен репарация процестерін, ДНҚ құрылымы мен оның атқаратын қызметі арасындағы байланысты; сперматогенез бен оогенез арасындағы айырмашылықты; экожүйе түрінің әртүрлілігін және тұрақтылығын; әлемдегі және Қазақстандағы экологиялық жағдайларды талдайды;

5) адамның гаметогенез схемасын; экожүйелердегі тағамдар тізбегінің схемасын; кесте, график, хабарлама, баяндама, презентациялар түрінде ұсыну үшін жинақталған және өңделген мәліметтерді, ақпараттарды; болжамдар, айғақтар және түсіндірмелерді ұсыну үшін ғылыми үлгілер мен дәлелдемелерді; зерттеушілік, оқу және шығармашылық жобаларды; Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешудің мүмкін нұсқаларын жинақтайды;

6) ферменттердің белсенділігіне әсер ететін түрлі факторларды, ақуыздың құрылымын, фотосинтездің нәтижесін; моногибридті және дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін, модификациялық құбылмалылық заңдылықтарын; мутагенездің себептерін; өз аймағының экожүйесін; биотехнологияда зерттелетін генетикалық түрі өзгертілген және трансгенді ағзаларды қолдануға байланысты этикалық сұрақтарды бағалайды.

География:

1) географияның, геоинформатиканың, геоэкологияның, табиғатты пайдаланудың, геосаясаттың, геоэкономиканың негізгі категорияларын; геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін; табиғатты пайдаланудың географиялық ерекшеліктері мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын; табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлерін мен типтерін және табиғатты тиімді пайдаланудың жалпы қағидаттарын; халықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының айырмашылықтарын; жекелеген аймақтар мен елдер шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының географиялық ерекшеліктерін; жекелеген аймақтар мен елдердің географиялық өзгешеліктерін, олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, халықаралық географиялық еңбек

бөлінісі жүйесіндегі мамандануы бойынша айырмашылықтарын; дүниежүзінің заманауи саяси картасының мазмұнын; дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін; мемлекеттік аумақтың құрылымын және мемлекеттік түрлерін; мемлекеттік шекараларды, олардың түрлері мен серпінін; Қазақстан Республикасының заманауи геосаяси және геоэкономикалық жағдайының ерекшеліктерін; Қазақстанның аймақтық, халықаралық саяси процестерге, халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, қатысын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін біледі;

2) дүниежүзінің заманауи экономикалық-географиялық және саяси-географиялық көрінісін; географияның басқа ғылымдармен интеграциялану қажеттілігін; геоэкологиялық, әлеуметтік, геоэкономикалық және геосаяси процестердің ерекшеліктері мен серпінін; "табиғат - халық (қоғам) - шаруашылық (экономика)" географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын; қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің рөлін; адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды; өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін; заманауи интеграциялық және геосаяси процестердің маңыздылығы мен мәнін; геосаяси субъектілердің рөлі мен ықпал ету аймақтарын, өзара әрекеттесу сипатын, дүние жүзінің геосаяси аудандастырылуын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының себептері мен оларды шешу жолдарын түсінеді;

3) географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын; географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін; географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; картометрия тәсілдерін; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды қолданады;

4) географиялық қабық пен географиялық ортада болып жататын процестер мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарын; табиғат пен қоғамның өзара байланыстары мен олардың кеңістіктік ерекшеліктерін; географиялық нысандардың, процестердің және құбылыстардың орналасу, байланыс және басқа да кеңістіктік қатынастарының ерекшеліктерін; заманауи дүниежүзілік шаруашылықтың табиғи, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; сандық және сапалық геокеңістіктік деректерді; шаруашылық салаларын орналастырудың заманауи факторларын; дүниежүзі елдерінің рейтингтері мен индекстерін талдайды;

5) модельдерді, зерттеушілік және шығармашылық жобаларды, ақпараттық материалдарды; географиялық нысандардың әрекет ету және даму проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстарды; зерделенетін географиялық нысандарды, процестерді,

құбылыстарды жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау мақсатында білімдер мен дағдыларды; географиялық нысандар, процестер мен құбылыстарды түсіндіру, болжау жасау, өзгерістері мен перспективаларын анықтау үшін білімдер мен дағдыларды жинақтайды;

б) географиялық дереккөздердің шынайылық дәрежесін; геосфералардың параметрлері мен экологиялық жағдайын; жекелеген аумақтардың табиғи, антропогендік және техногендік өзгерістердің дәрежесін және олардың салдарын; табиғатты қорғау шараларының тиімділігін; қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестің деңгейін; қоршаған ортаның сапасын; өмір сүру сапасын; түрлі мемлекеттердің рейтингтер мен индекстердегі көрсеткіштері мен орнын; кез келген дәрежедегі аумақтың географиялық және геосаяси жағдайын; негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша дүниежүзі елдерін; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін бағалайды.

77. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандарттық деңгейде оқытылатын оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Дүниежүзі тарихы:

1) өркениеттердің тарихи типтері мен олардың ошақтарын; мемлекеттің тарихи түрлері мен мемлекеттік-құқықтық институттарының қалыптасуы мен даму кезеңдерін; әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды; әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді; қазіргі әлемдік мәдениеттің жағдайы мен тарихын; адамның, қоғамның пайда болуы мен дамуына қатысты, әлем халықтары мен өркениеттердің негізгі ғылыми теорияларын; әлемдік қоғамдық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан тарихи қайраткерлерді; дүниежүзі тарихы бойынша негізгі жинақталған ғылыми еңбектерді біледі;

2) мәдени-тарихи процесті оның бірлігі мен алуан түрлілігін; мемлекеттің тарихи формалары мен түрлерін, өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін; мемлекеттік-құқықтық институттардың маңызын; әлемдік өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық факторлардың ықпалын; тарих барысына әскери-саяси оқиғалардың ықпалын; әлемдік тарихи-мәдени прогресс үшін адамзаттың жетістіктері мен ұлы ашылулардың маңызын; түрлі тарихи кезеңдерде әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын; әлемдік қоғамдық ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; тарихтың дамуына тұлғалардың ықпалын; жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызын түсінеді;

3) әлемнің мәдени-өркениеттік орталықтары мен мемлекеттерінің құрылуын уақыт пен кеңістікте анықтауда; мемлекеттердің түрлері мен тарихи формаларын, өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін; түрлі тарихи кезеңдердегі әлем халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы ерекшеліктерін; әлем тарихындағы тарихи тұлғалардың ролін; өткен және қазіргі кездегі оқиғалар мен



құбылыстарға қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады;

4) әлем халықтарының ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып тарихи дамуын; түрлі тарихи кезеңдерде қоғамның қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында әлем тарихының оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін; тарихи деректерді; жаһандану жағдайында бүгінгі қоғамның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды;

5) тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды; әлем халықтарының тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларын жинақтайды;

6) түрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; әлем тарихының ықпалы контекстінде тарихи тұлғалар қызметін; әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуына түрлі әлем халықтары мәдениетінің қосқан үлесін; тарихи деректердің шынайылығын; әлем тарихының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

Графика және жобалау:

1) көрнекі ақпаратты бекітудің негізгі құралдарын, әдістерін және тәсілдерін; графикалық бейнелердің негізгі түрлерін; графика құралдары мен жобалаудың негізгі әдістерін; геометриялық денелердің сырт пішінінің құрылу (қалыптасу) заңдылықтарын; машина жасау, сәулет – құрылыс сызбалары туралы жалпы түсініктерді; топографиялық сызбалар элементтерін; бұйымды жасау және жобалау кезеңдерін; көрнекі ақпаратты қол және компьютерлік графика құралдары арқылы бейнелеу әдістері мен тәсілдерін біледі;

2) құбылыстар, процестер және заттық әлем туралы ақпаратты ұсыну және визуализациялау кезінде графикалық бейнелер рөлінің маңыздылығын; графикалық модельдеу әдістері заңдылықтарын; зат формасын көрсетудегі графикалық бейнелердің түрлері арасындағы айырмашылықты, олардың кеңістік және метрикалық сипаттамасын; тәжірибелік іс-әрекеттегі қолмен жасалған және компьютерлік графика мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін; макет жасау және модельдеу ерекшеліктерін түсінеді;

3) графикалық жұмысқа арналған материалдар мен құралдарды; проекциялау әдісін; заттың геометриялық (конструктивтік) формасын құрастыру тәсілдерін; геометриялық денелер бетінің жаймасының сызбасын құрастыру әдістерін; бейненің көрінісі мен құрамын өзгерту әдістерін; жобалық және конструктивтік шешім қабылдау үшін

анықтамалық құжаттарды; графикалық модельдеу, макеттеу және жобалау бойынша әртүрлі есептерді (мәселелерді) шешу барысында қол және компьютерлік графика құралдарын қолданады;

4) көрнекі ақпаратты ұсынудың әртүрлі тәсілдерін және бейненің қасиеттерін; заттардың бейнесін жасағанда олардың геометриялық формалары мен конструкцияларын; заттың формасын анықтау үшін бейненің түрлі көрінісін пайдалану мүмкіндігін; бейненің графикалық құрамын және заттың формасын анықтау үшін кешенді сызбаны талдайды;

5) зат формасын қайта құру үшін контурлы бейнені; түрі және құрамы бойынша жүйелеу үшін бастапқы бейнедегі графикалық ақпаратты; қажетті графикалық ақпаратты толық және жеткілікті көрсету үшін түрлі бейне көріністерін; шығармашылық ойды іске асыру үшін графиканың әртүрлі құралдарын жинақтайды;

6) көрнекі ақпаратты бекітудің әдістерін; әртүрлі объектілердің графикалық бейнелерін; бейнені қайта құрудың түрлі тәсілдерін; жобалау іс-әрекеті процесінде қолданылатын графика құралдары мен жобалау әдістерін; заттардың геометриялық және конструктивтік сипаттамасын; шығармашылық іс-әрекет барысын және нәтижесін бағалайды.

Құқық негіздері:

1) Конституциялық құқық көздерін, нормаларын, жүйелерін; конституциялық саяси құқықтарын; әкімшілік құқық жүйесі, нормасын, субъектілерін; еңбек құқығы, оның мәнін, әкімшілік еңбек тәртібін ұйымдастырудағы міндеттер, еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық; азаматтық құқық көздерін, қатынастарын, меншік құқығы формаларын, тұтынушы құқығының қолданылу аясын; отбасылық қатынастар, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін; қылмыстық құқық ұғымы, белгілерін, қылмыстық жауаптылық, оның түрлерін, азаматтардың құқықтарын қорғауды, сонымен қатар оны жүзеге асыру қажеттілігі мен мүмкіндіктерін біледі;

2) қоғамның мәдени элементі және маңызды әлеуметтік реттеушісі ретінде құқықтың мәні мен рөлін, қазақстандық қоғамдағы негізгі құқықтық ұстанымдарды, құқық жүйесі мен құрылымын, құқықтық қатынастар, құқық бұзушылық пен заңдық жауаптылық, әлеуметтік-экономикалық саланы құқықтық реттеу, құқықты жүзеге асыру түрі ретіндегі заңдық қызметті түсінеді;

3) нормативтік актілерді қолдана отырып нақты құқықтық жағдайларда жеке ұстанымдарының дәлелдемелерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларына нақты құқықтық нормалардың сәйкестігін бағалау үшін құқықтық білімін; күнделікті өмірде, өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысуда құқық ережелерін, құқықтық ақпараттарды өзіндік іздену дағдыларын қолданады;

4) құқықтық нормаларды, түрлі деректерден алынған, құқық салаларына қатысты ақпараттарды талдайды;

5) адамгершілік және құқықтық нормаларымен қабылданған өз мінез-құлықтары мен басқалардың әрекеттерін байланыстыру үшін алынған ақпаратты; жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға қарсы келмейтін шешім қабылдау, өз қарым-қатынасын білдіру, жағдаяттарды бағалау үшін, берілген контекстегі ақпараттарды жинақтау және талдау үшін білім, білік дағдыларды жинақтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларын нақты мәселелерді шешу барысында қолдану ерекшеліктерін өздігінше бағалайды.

78. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

### Шетел тілі

1) тыңдалым: белгілі тақырыптарға әдеби тіл нормасы шегінде нақты айтылған сөздің негізгі мағынасын түсінеді, оқумен және болашақ кәсіби қызметімен байланысты күнделікті сұрақтар мен тақырыптар туралы қарапайым ақпараттық хабарламаларды түсінеді; ұзақ пікірталастағы негізгі ойды жалпы ұғына алады, сөйленетін сөздің тақырыбы таныс, ал сөйленетін сөз қарапайым тілде және нақты құрылған жағдайда оқу және кәсіби тақырыптар бойынша дәрісті немесе әңгімені ұғады, техникалық сипаттағы егжей-тегжейлі нұсқауларды түсінеді; өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша нақты әрі баяу айтылған телевизиялық бағдарламалардың көпшілік бөлігін, мысалы, сұхбаттарды, қысқаша дәрістерді, репортаждарды түсінеді;

2) айтылым: қандай да болмасын жағдайды суреттей алады немесе бір-бірімен байланысты пікірлер түрінде әңгімелеп бере алады; кітаптың немесе фильмнің сюжетін және өзінің одан алған әсерін айтып береді; оқу іс-әрекеті аясында тақырып бойынша алдын ала дайындалған қысқаша хабарландыру жасайды; өзіне таныс тақырып бойынша түсінікті болғаны сонша, айтылған ой мен негізгі ережелерді нақты жеткізе отырып, ондағы айтылған барлық ойға ілесе алу мүмкін болатындай баяндама жасайды, баяндама бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, дегенмен кей кездері сұрақты қайталап айтуын өтінуі мүмкін; күрделі байланысқан мәтін арқылы өз сезімі мен әсерін жеткізе отырып, өз тәжірибесін суреттеп айтып береді;

3) оқылым: қызықтыратын тақырып бойынша нақты ақпаратты, оқиғалардың сипаттамасын, жеке хаттардағы сезімдер мен тілектерді қамтитын қарапайым мәтіндерді толық түсінеді; таныс емес жалпы және оқу тақырыптары кездесетін көркем және оқу әдебиеттерінің көлемді мәтіндерін оқиды; газет мақалаларының түрлі типтерінің негізгі ойларын анықтайды, таныс емес қағаз және цифрлық ресурстарды мағынасын тексеру және түсінігін кеңейту үшін қолданады;

4) жазылым: көпшілікке таныс және қызықтыратын сұрақтар бойынша жекелеген қысқа элементтерді бірге байланыстырып қарапайым мәтін жазады, іс-әрекет аясында болатын күнделікті таныс және әлеуметтік мәселелер бойынша нақты жиналған ақпараттарға қатысты өз пікірін еркін жинақтайды және хабарлайды; абстрактілі

тақырыптар және мәдениетке: музыкаға, фильмдерге байланысты тақырыптар бойынша жаңалықтарды және өзінің ойларын айтып хат жазады; қарапайым дәріс уақытында егер тақырып таныс болған жағдайда, тақырыбы таныс, сөз қарапайым және нормативті диалектіде нақты айтылған болса, негізгі түйінді сәттерді көрсетіп жазбалар жазады; оқиғаны жазбаша баяндап жазады.

Дүниежүзі тарихы:

1) өркениеттердің тарихи типтері мен олардың ошақтарын; мемлекеттің тарихи түрлері мен мемлекеттік-құқықтық институттарының қалыптасуы мен даму кезеңдерін; әлемдік тарих барысына ықпал еткен әскери-саяси оқиғаларды; әлемдік мәдени-тарихи прогреске ықпал еткен әлемдік жаңалықтар және жетістіктерді; қазіргі әлемдік мәдениеттің жағдайы мен тарихын; адамның, қоғамның пайда болуы мен дамуына қатысты, әлем халықтары мен өркениеттерінің негізгі ғылыми теорияларын; әлемдік қоғамдық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан тарихи қайраткерлерді; дүниежүзі тарихы бойынша негізгі жинақталған ғылыми еңбектерді біледі;

2) мәдени-тарихи процесті оның бірлігі мен алуан түрлілігін; мемлекеттің тарихи формалары мен түрлерін, өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін; мемлекеттік-құқықтық институттарының маңызын; әлемдік өркениеттердің қалыптасуы мен дамуына табиғи-географиялық факторлардың ықпалын; тарих барысына әскери-саяси оқиғалардың ықпалын; әлемдік тарихи-мәдени прогресс үшін адамзаттың жетістіктері мен ұлы ашылулардың маңызын; түрлі тарихи кезеңдерде әлемдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын; әлемдік қоғамдық ойдың дамуындағы тарихи аспектілерді; тарихтың дамуына тұлғалардың ықпалын; жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызын түсінеді;

3) әлемнің мәдени-өркениеттік орталықтары мен мемлекеттерінің құрылуын уақыт пен кеңістікте анықтауда; мемлекеттердің түрлері мен тарихи формаларын, өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін; түрлі тарихи кезеңдердегі әлем халықтарының саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы ерекшеліктерін; әлем тарихындағы тарихи тұлғалардың рөлін; өткен және қазіргі кездегі оқиғалар мен құбылыстарға қатысты өз позициясын анықтау кезінде тарихи ойлау дағдыларын қолданады;

4) әлем халықтарының ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып тарихи дамуын; түрлі тарихи кезеңдерде қоғамның қалыптасуы мен дамуына түрлі факторлардың (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени) ықпалын; себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында әлем тарихының оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; тарихи тұлғалар қызметінің себептері мен нәтижелерін; тарихи деректерді; этногенез, саяси және мәдени процестерге қатысты негізгі ғылыми теорияларды; жаһандану жағдайында бүгінгі қоғамның даму үрдістері мен перспективаларын талдайды;

5) тарихи талдау әдістерін қолдана отырып шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды; әлем халықтарының тарихи дамуының жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы тарихи сипаттамаларын; әлемдік тарихи-мәдени процесс туралы тұтас түсініктері мен тарихи санасын қалыптастыру үшін тұжырымдар мен гипотезаларды жинақтайды;

б) түрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуына (географиялық, демографиялық, көші-қон, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени ) түрлі факторлардың ықпал ету дәрежесін; әлем тарихының ықпалы контекстінде тарихи тұлғалар қызметін; әлемдік өркениеттің қалыптасуы мен дамуына түрлі әлем халықтары мәдениетінің қосқан үлесін; тарихи деректердің шынайылығын; әлем тарихының этникалық, саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша түрлі ғылыми теориялардың дәлелдік дәрежесін бағалайды.

География:

1) география ғылымдар жүйесінде геоэкологияның, геоинформатиканың, геосаясаттың, геоэкономиканың, елтанудың орны мен рөлін; табиғатты пайдалану саласындағы, экономикалық, әлеуметтік, саяси география мен геосаясаттың негізгі ғылыми түсініктерін; геосфераларға тиетін антропогендік әсердің факторларын, көздерін және салдарын; экологиялық тәуекелдерді; экологиялық дағдарыстың белгілерін; аумақтардың экологиялық жіктелуін; табиғатты қорғау шараларының жүйесі мен негізгі бағыттарын; табиғатты пайдаланудың аймақтық ерекшеліктерін; табиғатты пайдаланудың негізгі әкімшілік, экономикалық және құқықтық механизмдерін; заманауи экологиялық саясаттың бағыттарын; қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін; өмір сүру сапасының көрсеткіштерін; экономикалық жүйелер модельдерін; дүниежүзілік шаруашылық және дүниежүзі елдері дамуының басты көрсеткіштерін; дүниежүзі елдерінің арасындағы халықаралық қатынастардың жиынтығын; ғаламдану процесін; Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарға қатысуын; адамзаттың заманауи ғаламдық проблемалары және олардың жергілікті, аймақтық деңгейлердегі көрінісін; ұлттық мүдделер тұрғысынан Қазақстан Республикасының геосаяси белсенділігінің бағыттарын; дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтарын біледі;

2) заманауи әлемнің кеңістіктік алуан түрлілігін, оның жалпы және аймақтық ерекшеліктерін; табиғаттың, халықтың және шаруашылықтың даму заңдылықтарын; қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесу проблемаларын; табиғи, әлеуметтік, экономикалық және саяси процестердің ерекшеліктерін; қоршаған ортаның жағдайы үшін жеке жауапкершілігін; ғаламдық және жергілікті табиғи және әлеуметтік-экономикалық, экологиялық процестердің серпінін; қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін оңтайландыру, табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын; қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің рөлін; аумақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының географиялық факторлардан

тәуелділік дәрежесін; өмір сүру сапасының қоршаған орта сапасына тәуелділігін; заманауи әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемалардың және оларды шешу жолдарын; геосаясат субъектілерінің рөлі мен ықпал ету аймақтарын, өзара әрекеттестігінің сипатын түсінеді;

3) геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси зерттеу әдістері мен олардың комбинациясын; геокеңістіктік дереккөздерін; геокеңістіктік деректерді іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті контексте деректерді өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; картометрия тәсілдерін қолданады;

4) сандық және сапалық геокеңістік деректерді; географиялық нысандарды, процестерді және құбылыстарды жіктеу белгілерін; географиялық қабық пен географиялық ортада болып жататын процестер мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды; географиялық нысандардың, процестердің және құбылыстардың орналасу, байланыстары мен басқа да кеңістіктік қатынастарының ерекшеліктерін; адам өмірі мен тіршілігіне географиялық факторлардың ықпалын; қоғамдық өндірістің табиғи және әлеуметтік-экономикалық негіздерін; жоспарланған шаруашылық әрекеттің қоршаған ортаның жағдайы мен адамдардың денсаулығына тигізетін әсерін; экологиялық дағдарыстың белгілерін; қоршаған табиғи ортаны қорғаудың және табиғатты тиімді пайдаланудың ұйымдастырушылық және құқықтық негіздерін; шаруашылық салаларын орналастырудың заманауи факторларын;

геоэкологиялық, геосаяси және экономикалық процестерді; халықаралық саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, экологиялық және басқа да байланыстар мен қатынастарын; аумақтық-саяси жүйелерді; мемлекеттік аумақтың құрылымын; мемлекеттік шекараларды, олардың түрлері мен серпінін; елдің ұлттық мүдделері жүйесін; геосаясат субъектілерінің геосаяси белсенділігін; дүниежүзілік геосаяси кеңістікті; Қазақстанның саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуының ерекшеліктері мен факторларын, дүниежүзіндегі орны мен рөлін талдайды;

5) модельдер, зерттеушілік және шығармашылық жобаларды, ақпараттық материалдарды; географиялық нысандардың әрекет ету және даму проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстарды; зерттеп жатқан географиялық нысандарды, процестерді, құбылыстарды жіктеу, жүйелеу және саралау мақсатында білімдер мен дағдыларды; географиялық нысандар, процестер мен құбылыстарды түсіндіру, болжау жасау, өзгерістері мен перспективаларын анықтау үшін білімдер мен дағдыларды жинақтайды ;

6) геосфералардың параметрлері мен экологиялық жағдайын; геосфераға тиетін антропогендік жүктемені және олардың салдарын; кез келген дәрежедегі аумақтардың географиялық және геосаяси жағдайын, табиғи-ресурстық әлеуетін; табиғи ортаның сапасын; экологиялық тәуекелдерді; экологиялық дағдарыстың дәрежесін; табиғатты қорғау шараларының тиімділігін; қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты

пайдаланудағы ғылыми-техникалық прогрестің деңгейін; қоршаған ортаның сапасын; өмір сүру сапасын; түрлі мемлекеттердің халықаралық салыстырулардағы көрсеткіштері мен орнын; дүниежүзілік шаруашылықтың түрлі даму модельдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін; ғаламдандудың дүниежүзі елдеріне тигізетін жағымды және жағымсыз әсерлерін; мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін; геосаясат субъектілерінің геосаяси белсенділігінің тиімділігін; халықаралық ұйымдардың қызмет ету нәтижелерін бағалайды.

Құқық негіздері:

1) Конституциялық құқық көздерін, нормаларын, жүйелерін; конституциялық саяси құқықтарын; әкімшілік құқық жүйесі, нормасын, субъектілерін; еңбек құқығы, оның мәнін, әкімшілік еңбек тәртібін ұйымдастырудағы міндеттер, еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық; азаматтық құқық көздерін, қатынастарын, меншік құқығы формаларын, тұтынушы құқығының қолданылу аясын; отбасылық қатынастар, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін; қылмыстық құқық ұғымы, белгілерін, қылмыстық жауаптылық, оның түрлерін, азаматтардың құқықтарын қорғауды, сонымен қатар оны жүзеге асыру қажеттілігі мен мүмкіндіктерін біледі;

2) қоғамның мәдени элементі және маңызды әлеуметтік реттеушісі ретінде құқықтың мәні мен рөлін, қазақстандық қоғамдағы негізгі құқықтық ұстанымдарды, құқық жүйесі мен құрылымын, құқықтық қатынастар, құқық бұзушылық пен заңдық жауаптылық, әлеуметтік-экономикалық саланы құқықтық реттеу, құқықты жүзеге асыру түрі ретіндегі заңдық қызметті түсінеді;

3) нормативтік актілерді қолдана отырып нақты құқықтық жағдайларда жеке ұстанымдарының дәлелдемелерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларына нақты құқықтық нормалардың сәйкестігін бағалау үшін құқықтық білімін; күнделікті өмірде, өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу кезінде құқық ережелерін, құқықтық ақпараттарды өзіндік іздену дағдыларын қолданады;

4) құқықтық нормаларды, заңнаманың барлық салаларында құқықтық қатынас процесінде пайда болған даулы мәселелер тууы аясында берілген ақпараттарды, түрлі деректерден алынған, құқық салаларына қатысты ақпараттарды талдайды;

5) адамгершілік және құқықтық нормалармен қабылданған өз мінез-құлықтары мен басқалардың әрекеттерін байланыстыру үшін алынған ақпаратты; жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға қарсы келмейтін шешім қабылдау, өз қарым-қатынасын білдіру, жағдаяттарды бағалау үшін, берілген контекстегі ақпараттарды жинақтау және талдау үшін білім, білік дағдыларды жинақтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларын нақты мәселелерді шешу барысында қолдану ерекшеліктерін өздігінше бағалайды.

79. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы стандарттық деңгейде оқытылатын оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Физика:

1) механиканың (кинематика, динамика, статика, гидроаэростатика, гидроаэродинамика), молекулалық физика мен термодинамиканың; электромагнетизмнің (электростатика, тұрақты және айнымалы электр тогы, магнит өрісі, электромагниттік индукция), оптиканың (геометриялық және толқындық), кванттық физиканың физикалық шамалары мен ұғымдарын; Ғалам дамуының негізгі кезеңдерін; ақпаратты тарату мен қабылдау тәсілдерін, нанотехнологияның шығу тарихын және негізгі қағидаттарын біледі;

2) молекулалық физика мен термодинамиканың негізгі заңдарын; электромагнетизмнің (электростатика, тұрақты мен айнымалы электр тогы, магнит өрісі, электромагниттік индукция), оптиканың (геометриялық және толқындық) заңдары мен қағидаттарын; наноматериалдар мен наножүйені зерттеу әдістерін; әлемнің заманауи ғылыми бейнесіндегі физика ғылымының орнын; ой-өрісті қалыптастырудағы және практикалық есептерді шешудегі физиканың рөлін түсінеді;

3) физика ғылымының негізгі ұғымдарын, заңдылықтарын, заңдары мен теорияларын; физика ғылымының терминологиясы мен символикасын; физикада пайдаланылатын ғылыми танымның бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент сияқты негізгі әдістерін; физикалық шамалар арасындағы тәуелділіктерді айқындау тәсілдерін қолданады;

4) дәрежелік функциялар түрінде берілген тәуелділіктерді; Ғаламдағы құбылыстарға, денелер мен нысандарға әртүрлі физикалық күштердің әсерін, екі айнымалы арасындағы қатынасты; физикалық процестердің тәуелділігі мен айнымалылар арасындағы қатынастардың графигін; адамның өндірістік қызметі мен қоршаған орта жағдайы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды, нанотехнологияның қолдану салаларын; Ғаламның жай-күйін сипаттайтын параметрлерді және оны дамытудың ықтимал жолдарын талдайды;

5) кесте, графика, хабарлама, баяндама, презентация түрінде беру үшін жиналған және өңделген деректерді, ақпаратты; болжамдар, айғақтар және түсіндірмелер ұсыну үшін ғылыми модельдер мен дәлелдемелерді; эксперимент пен зерттеу жүргізу жоспарын жинақтайды;

6) заңдар мен олардың қолданысын білуін, жүргізілген бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін; нақты жағдайлардағы ғылыми таным әдістерінің қолданысын; экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан физикалық процестермен байланысты адамның өндірістік және тұрмыстық қызметінің салдарын бағалайды.

Химия:

1) негізгі химиялық ұғымдарды; атомистикалық теорияны; органикалық заттардың химиялық құрылыс теориясын; түрлі белгілері бойынша заттарды жіктеуді; органикалық және бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының



номенклатурасын, құрылысын, физика-химиялық қасиеттерін; полимерлі материалдардың, металдар мен қоспалардың, бейметалдар мен олардың қосылыстарының кейбір салаларда қолданылуы және ерекше қасиеттерін біледі;

2) түрлі заттардың химиялық реакцияларға түсу қабілеттерін; кинетикалық теорияның, гомогенді және гетерогенді катализдің негіздерін; құрылысына байланысты органикалық және бейорганикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін; ең маңызды органикалық және бейорганикалық заттардың химиялық өндірілу қағидаттарын түсінеді;

3) табиғатта, тұрмыста және өндірісте болып жатқан химиялық құбылыстарды түсіндіру үшін; заттарды сапалық талдау әдістерін; қоршаған ортада экологиялық сауатты болу ережесін; қоршаған ортаның химиялық ластануының тірі ағзаларға әсер етуін бағалау әдістерін; химиялық эксперименттер нәтижелерін әзірлеу, жүргізу, бақылау, жазу және талдау үшін ғылыми әдістерді білу және сыни тұрғыда ойлауды; жанғыш, улы заттарды, зертханалық құрал-жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік ережелерін қолданады;

4) заттардың қасиеттері олардың құрамы мен құрылысына байланысты екенін; химиялық реакцияның жылдамдығы мен химиялық тепе-теңдік түрлі факторларға байланысты екенін; периодтық жүйеде элементтердің қасиеттерінің өзгеру үрдісін талдайды;

5) органикалық және бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары арасындағы генетикалық байланыстарды; заттардың химиялық байланыс және құрылыс теориясының көмегімен химиялық айналымдардың болып өту мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы дәлелді пайымдауларды жинақтайды;

6) әртүрлі материалдардың қасиеттерін; химиялық реакциялардың жылдамдығына әртүрлі факторлардың әсер етуін; химиялық тепе-теңдікке сыртқы ортаның түрлі жағдайларының ықпал етуін; қоршаған орта мен адам денсаулығына химиялық өндірістің әсер ету зардаптарын; түрлі дереккөздердің ақпараттарының дұрыстығын бағалайды.

Биология:

1) ақуыздардың, майлардың, көмірсутектердің, нуклейн қышқылдардың құрылымын, құрамын және міндеттерін; антиген-антидене реакцияларының негізгі механизмдерін; адамның хромосомалық ауруларының тұқымқуалаушылық теориясының негізгі күйлерін; тірі ағзалардың қоректенулері мен метаболизмінің түрлерінің/типтерінің өзгергіштігін; генетика негіздері және гендік инженерияның мүмкіндіктерін; Жер бетінде өмірдің қалыптасуы кезеңдері мен схемаларын, антропогенезді; жаһандық және аймақтық экологиялық проблемаларды және табиғат ресурстарын қорғау қағидаттарын біледі;

2) фотосинтездің қараңғы және жарық фазасы кезінде өту процестерін; заттардың тасымалы, транслокация, хромосомалық, гендік мутациялардың пайда болу механизмін

; энергетикалық алмасу кезеңдерін; тұқым қуалау құбылмалылығы мен эволюция арасындағы өзара байланыс; тұқым қуалау заңдылықтарын; эволюциялық процестердің механизмін; қоршаған ортаға антропогендік әсер етулердің зардаптарын түсінеді;

3) молекулалық биология және генетика есептерін шешудің схемалары мен әдістерін; экожүйені, тұқым қуалау белгілерін және түрлендірілген құбылмалылықты талдауға арналған статистикалық әдістерін; тәжірибелерді әзірлеу, жүргізу, бақылау, нәтижелерін жазу мен талдауға арналған ғылыми әдістерді білу және сыни тұрғыда ойлауды; дәрі-дәрмектер, улы заттар, зертханалық жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздік ережелерін қолданады;

4) фотосинтез және хемосинтез процестерінің ерекшеліктерін; эволюция процесіне әсер ететін факторларды; ДНҚ мен РНҚ молекулаларының құрылысын; ДНҚ-ның репликациясы мен рекомбинациясын, мутация мен репарация процестерін, ДНҚ құрылымы мен оның атқаратын қызметі арасындағы байланысты; сперматогенез бен оогенез арасындағы айырмашылықты; экожүйе түрінің әртүрлілігін және тұрақтылығын; әлемдегі және Қазақстандағы экологиялық жағдайларды талдайды;

5) адамның гаметогенез схемасын; экожүйелердегі тағамдар тізбегінің схемасын; кесте, график, хабарлама, баяндама, презентациялар түрінде ұсыну үшін жинақталған және өңделген мәліметтерді, ақпараттарды; болжамдар, айғақтар және түсіндірмелерді ұсыну үшін ғылыми үлгілер мен дәлелдемелерді; зерттеушілік, оқу және шығармашылық жобаларды; Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешудің мүмкін нұсқаларын жинақтайды;

6) ферменттердің белсенділігіне әсер ететін түрлі факторларды, ақуыздың құрылымын, фотосинтездің нәтижесін; моногибридті және дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін, модификациялық құбылмалылық заңдылықтарын; мутагенездің себептерін; өз аймағының экожүйесін; биотехнологияда зерттелетін генетикалық түрі өзгертілген және трансгенді ағзаларды қолдануға байланысты этикалық сұрақтарды бағалайды.

80. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарының стандарттық деңгейде оқытылатын оқу пәндері бойынша жалпы орта білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Кәсіпкерлік және бизнес негіздері:

1) кәсіпкерлікті экономикалық құбылыс ретінде түсінеді және оның рөлін сипаттайды; кәсіпкерлік пен бизнес арасындағы айырмашылықты сипаттайды; кәсіпкерлікті өзін-өзі іске асыру және жеке уәждеме түрі ретінде түсінеді; кәсіпкерлер құзыретін талдайды; кәсіпкерлік призмасы арқылы өз мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерін бағалайды; кәсіпкер әлеуетіне қатысты өзінің даму деңгейін бағалайды; кәсіпкерліктің заманауи оның ішінде Қазақстандағы үдерістерін танып біледі;

2) экономика және маркетинг контекстіндегі нарықтың не екенін біледі; кәсіпкерлік идеясының мәнін түсінеді; "бизнес бизнеске" және "бизнес тұтынушыға" сегменті

арасындағы айырмашылықты анықтайды; идеяларды жасау құралдарын қолданады; идея дизайны жоспарын ұсынады; идеяны іске асыру қажеттілігін команда құрамына қойылатын талаптарға айналдырады; команда құру құралдарын қолданады; бизнес-үлгі құралдарын қолданады; бизнес-үлгінің құрамдас бөліктері арасындағы өзара байланысты анықтайды; мәліметтерді өзгертудегі болжамды себеп-салдарды сипаттайды; бизнес үлгі құру құралдарын қолданады; кәсіпкерлік жағдайында Lean Start up (Леан стартап) (Үнемшіл өндіріс) түсінігі мен принципін қолданады.

3) маркетинг ұғымы мен қызметін түсіндіреді; бәсекелестік ұғымын анықтайды; түрлі күштердің бәсекелестікке ықпал жасау формаларын талдайды; өztұтынушысының бейінін сипаттайды; өткізу каналдарының мәнін түсінеді және олардың жіктеуішін ажыратады; өз өнімінің/қызметінің құндылығын соңғы тұтынушыға дейін жеткізудің жоспарын ұсынады; тұтынушының әр сегментімен өзара қарым-қатынасты сипаттайды;

4) экономикадағы ақшаның мәнін түсінеді; кіріс пен шығыстың мәнін түсінеді; активтер мен пассивтер арасындағы айырмашылықты түсінеді; артықшылық пен жетіспеушілік ұғымының мәнін түсінеді, баға белгілеу процесіндегі олардың әсерін бағалайды; "баға", "құн", "баға белгілеу құрылымы" ұғымдарын ажыратады; баға белгілеу процесіндегі тұрақты және құбылмалы шығындардың маңызын түсінеді; кірістің жаңа каналдарын қалыптастырудағы креативті және инновациялық тәсілдердің мүмкіндігін бағадайды; АВ-тестілеу (өнімнің тиімді нұсқасын бағалау әдісі) құралын қолданады;

5) бизнестегі ресурстардың мәні мен маңызын түсінеді; бизнес ресурстарды біршама тиімді қолданудың жоспарын ұсынады; бизнес ресурстардың құнын бағалайды; бизнес ресурстардың тапшылық принциптерін біледі; тапшылық жағдайында ресурстарды тиімді қолдану мысалдарын келтіреді; бизнестегі зияткерлік ресурстардың мәнін түсінеді; өндіріс ресурстарын толықтыру стратегиясын әзірлейді;

6) серіктестік және оның түрлерінің мәнін түсінеді; бизнеске арналған аутсорсингтің пайдасын бағалайды; тұтқалы қызмет түрлерін сипаттайды; адами, материалдық және зияткерлік ресурстарды басқару арасындағы айырмашылықты анықтайды; сатылымның басқару ережелерін түсіндіреді; оның жобасы мен сипаттамасын сипаттайды; жобадағы уақытты басқару ережелерін қолданады; жоба жоспарын ұсынады; жобада ақпараттық құралдарды қолданады;

7) бизнестің мемлекет алдындағы негізгі міндеттерін түсінеді; салықтық тәртіп пен бизнестің ұйымдастырушылық-құқықтық формасы арасындағы өзара байланысты анықтайды; өзінің бизнес-идеясы бойынша кірістің жалпы жоспарын құрады; түсім мен шығын туралы есеп құрудың сызбасын түсіндіреді; ақша қаражаты қозғалысы туралы есеп құрудың сызбасын түсіндіреді; жобаның табыстылығы мен тұрақты және құбылмалы шығындар арасындағы өзара байланыстарды анықтайды;

8) нарықтың даму болжамын сипаттайды; бизнес дамуының экстенсивті және интенсивті тәсілдерінің айырмашылығын анықтайды; бизнесті масштабтаудың әр түрінің тиімділігін бағалайды; сапаны басқару құралдарын түсінеді; стратегиялық жоспарлаудың мәнін түсінеді; өзінің болашақ компаниясының миссиясы мен жоспарын құрады; бизнестің стратегиялық және қаржылық мақсаттары арасындағы айырмашылықты анықтайды; кәсіпкердің құқықтық жауапкершілік құрамын түсінеді.

81. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

82. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін қолданылады.

83. Бағалау критерийлері әрбір оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленеді.

84. Оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау формасында жүзеге асырылады.

85. Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

86. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, даму бұзушылықтарын түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

## **2-параграф. Білім алушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

87. Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
- 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
- 3) пәндік нәтижелер.

88. Тұлғалық нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясына, тәртіп сақтау ережелері мен заңдарына құрмет көрсетуінен;

2) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

3) мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуінен, қазақ халқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;

4) өз елінің, туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге ұмтылуынан, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытуынан;

5) салауатты өмір салтын ұстануынан, өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін сақтауға үйренуінен;

6) адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, этикалық нормаларды сақтай білуінен;

7) өздігінен білім алуға, өмірден өз орнын табуға және жасампаз еңбекке қабілеттілігінен;

8) үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілді бола білуінен;

9) әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан, қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, құқыққа қайшы келетін және діни сипаттағы деструктивті әрекетке қарсы тұра білуінен көрініс табады.

89. Тұлғалық нәтижелер білім алушының тәрбиелілігі, әлеуметтенуі, рухани-адамгершілік, шығармашылық және дене дамуы деңгейінің психологиялық-педагогикалық мониторингісі түрінде бағаланып, оның портфолиосына жинақталады.

90. Жүйелік-әрекеттік нәтижелер:

1) адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін меңгеруінен;

2) ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білуінен;

3) таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін меңгеруінен;

4) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруінен;

5) жоғары деңгейдегі коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілігінен көрініс табады.

91. Жүйелік-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобалары, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының басқа да түрлері бойынша қол жеткізген жетістіктерімен анықталады, оның портфолиосына жинақталады.

92. Пәндік нәтижелер білім алушылардың білімнің базалық мазмұнын меңгеруі барысында білімдік және іс-әрекеттік дайындығынан көрінеді.

93. Пәндік нәтижелер үш деңгейде: базалық (міндетті) деңгейде, жетік мүмкіндік деңгейінде (белгілі бір пәнді таңдау кезінде 1 сағат көлемінде вариативтік компонентті игеру үшін) және жетік бейіндік деңгейде (жалпы орта білім беретін ұйымдардың таңдауы бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуға арналған ҮОЖ-ның нұсқаларын игеру үшін) белгіленеді.

94. Білім алушылардың оқу пәндерін игеруінің базалық деңгейі білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың іскерліктері мен дағдыларын қамтиды.

95. Оқу пәндерін меңгертудің жетік (ықтимал және бейіндік) деңгейлері білім алушылар білімінің кеңейтілген және тереңдетілген көлемін, олардың іскерліктері мен дағдыларын қамтиды. Оқу пәндерін меңгертудің ықтимал деңгейі вариативтік оқу бағдарламасы негізінде жалпы білім беретін ұйымдардың таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

Оқу пәндерін меңгертудің бейіндік деңгейлері тереңдетіп оқытуға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

96. Білім беру ұйымы ұсынатын жалпы орта білім мазмұнын (тереңдетілген, кеңейтілген) меңгеруін жергілікті білім беру органдары бақылайды.

97. Орта білім мазмұнын меңгерудің пәндік нәтижелері бес балдық бағалау жүйесімен бағаланады.

98. Бақылау нысандары ауызша, жазбаша және шығармашылық емтихандар, тест тапсырмаларының ашық және жабық нысандары, бақылау жұмыстары, ауызша сұрақ-жауап немесе әңгімелесу болып табылады.

## **5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

99. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

100. 10-11-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды.

101. Оқу жылында 10-11-сыныптардағы каникул күндері кемінде 30 күнді құрайды.

Оқу жылы ішінде үш рет каникул беріледі: күзде, қыста және көктемде. Каникулдың нақты мерзімін Қазақстан Республикасы білім саласының уәкілетті органы белгілейді.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрінің 2018 жылғы  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
5-қосымша

## **Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру

бағдарламалары (бұдан әрі – ТжКБ білім беру бағдарламалары) бойынша оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

Осы стандартты меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКБ ұйымдары), оның ішінде әскери, арнаулы оқу орындары (бұдан әрі – ЭАОО) және ТжКБ білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер қолданады.

2. Осы стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық кезең – ТжКБ ұйымдары семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның бірінде өз бетінше белгілейтін кредиттік оқыту технологиясы кезіндегі теориялық оқыту кезеңі;

2) академиялық сағат – кесте бойынша оқыту сабақтарының барлық түрінде оқытушы мен білім алушының арасындағы байланыс жұмыс уақыты;

3) ТжКБ нің арнайы оқу бағдарламасы – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (кәмелетке толмағандар үшін) мен медициналық-әлеуметтік сараптаманың (кәмелетке толғандар үшін) ұсынымдары ескеріле отырып анықталатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктері ескерілетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды кәсіптік оқытуға және дамытуға бағытталған оқу бағдарламасы;

4) ЭАОО-ның компоненті (бұдан әрі – ӘК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЭАОО өз бетінше айқындайтын оқу пәндердің тізбесі мен академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемі;

5) әскери тағылымдама – болашақ кәсіби қызметпен байланысты функционалдық міндеттерді орындау процесінде теориялық білімді, іскерлікті бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге және дамытуға бағытталған әскери, арнаулы оқу орындарындағы оқу қызметінің түрі.

6) бағалау критерийлері – құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкес оқытудың нәтижелерін бағалау жөнінде шешім қабылдауға арналған көрсеткіштер;

7) базалық құзыреттілік – өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеттілігі, өзін-өзі ынталандыруға және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімділігі;

8) базалық модуль – білім алушылардың өзін-өзі және өз қызметін басқаруға, өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттілігін игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының немесе оқу кезеңінің тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық тарауы;

9) біліктілік – алынған кәсіп пен мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін құзыретті орындауға білім, даярлық деңгейі;

10) біліктілік сипаттамасы – маманның жеке тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жалпы талаптарды айқындайтын құжат; белгілі бір жұмыс істеуде кәсіби даярлықты талап ететін қызметкердің моделі;

11) дипломдық жұмыс (жоба) – білім алушылардың ТжКБ-нің білім беру бағдарламасын қаншалықты меңгергендігін қорытындылап көрсететін және бітіруші курста орындайтын өзіндік шығармашылық жұмыстары;

12) жеке оқу жоспары – меңгерілетін ТжКБ білім беру бағдарламасы шегінде оқу траекториясын таңдауға, оның ішінде жеделдетілген оқуға деген жеке білім беру қажеттіліктерін іске асыруға ықпал ететін білім алушының оқу жоспары;

13) кәсіби модуль – білім алушылардың құзыреттілік негізінде кәсіби міндеттердің жиынтығын шешу қабілеттілігін игеруге бағытталған ТжКБ білім беру бағдарламасының немесе оқу кезеңінің тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық тарауы

14) кәсіби құзыреттілік – білім, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі;

15) кредит – білім алушының (оқытушының) оқу жұмыс көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

16) модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өзіне-өзі жеткілікті және толық бөлімі немесе оқыту кезеңі;

17) модульдік оқыту – ТжКБ модульдік білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

18) міндетті компонент – үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім алушы оқу бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын кредиттердің ең аз көлеміне сәйкес келетін оқу пәндері мен модульдер тізімі;

19) оқу жоспарының моделі – техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнында көрсетілген негізгі инварианттық құрылымдық компоненттерін сипаттайтын оқу жоспарын ұсынудың нысаны;

20) оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) – оқу жұмыс жоспарының нақты модулі (пәні) үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары әзірлейтін құжат;

21) оқу жұмыс жоспары – ТжКБ ұйымы әзірлейтін, оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесін, бірізділігін және көлемін, бақылау нысанын регламенттейтін құжат;

22) оқу мерзімі – нақты оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай) бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі;

23) таңдау бойынша компонент – пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылар өз бетінше таңдайтын кредиттік оқыту технологиясы кезінде ТжКБ ұйымы ұсынатын кредиттердің ең аз көлеміне (немесе академиялық сағаттардың) сәйкес келетін, оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізімі;



24) транскрипт – оқытудың тиісті кезеңінде игерілген пәндердің және (немесе) модульдердің кредиттері мен бағаларының әріптік және сандық өрнегі көрсетілген тізбесін қамтитын құжат;

25) инклюзивті білім беру бойынша тьютор – білім алушының даярлық деңгейін қамтамасыз ететін, оқу процесін дараландыруға жағдай жасайтын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға тәлімгерлік қызметін атқаратын маман;

26) үлгілік оқу жоспары – осы стандарт негізінде әзірленген, модульдер және (немесе) циклдер (оқу пәндерінің тізбесі) бойынша оқу уақытының көлемін (еңбексыйымдылығын), кәсіби практиканы, білім алушының оқудағы іс-әрекеттерінің басқа да түрлерін, бақылау нысандарын, мамандықтар мен біліктіліктерге байланысты оқыту мерзімін регламенттейтін құжат;

27) үлгілік оқу бағдарламасы – үлгілік оқу жоспарының нақты пәні және (немесе) модулі бойынша меңгерілуге тиіс білім, дағды, іскерлік және құзыреттілік мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат;

28) цикл – білім берудің бір бағытындағы оқу пәндерінің жиынтығы;

29) элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы – таңдау бойынша компонент пәндерінің және (немесе) модульдерінің қысқаша сипаттамасы қамтылған тізбесі;

30) эдвайзер – оқу кезеңінде оқу траекториясын таңдауға және кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру бағдарламасын игеруге ықпал ететін, тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын орындайтын оқытушы.

3. Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау бойынша оқу процесін ұйымдастыру:

1) мамандық бойынша ТжКБ білім беру бағдарламалары;

2) оқу-бағдарламалық құжаттамалар – үлгілік және оқу жұмыс бағдарламалары мен жоспарларына, жеке оқу жоспарларына (ӘАОО қоспағанда), сондай-ақ осы стандарт талаптарына сәйкес әзірленген оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету кешені негізінде жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар**

4. ТжКБ деңгейінде оқыту мазмұны ТжКБ білім беру бағдарламаларымен айқындалады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады.

ТжКБ білім беру бағдарламаларының мазмұны:

білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді немесе жалпы білім беретін және базалық және кәсіби модульдерге интеграцияланған жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді;

2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;

3) өндірістік оқытудан және кәсіби практикадан өтуді;

4) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді.

орта буын мамандарының деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін және базалық кәсіби модульдерге интеграцияланған жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді;

2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;

3) кәсіптік практикадан өтуді;

4) егер жұмыс оқу жоспары бойынша басқа да жұмыс түрлері қарастырылмаған жағдайда курстық және дипломдық жобалауды (жұмысты) орындауды.

5) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

ӘАОО-да ТжКБ беру бағдарламаларының мазмұны жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқуды және әскери тағылымдамадан өтуді көздейді.

5. ТжКБ білім беру бағдарламаларының тәрбиелік компоненттері білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриотизм мен азаматтылықты қалыптастыруға, жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

6. ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру:

1) оқу әдебиеттері мен оқу-әдістемелік құралдардың кітапханалық қорының, оның ішінде: электрондық білім беру контентінің (электрондық оқу құралдары, аудио және бейне материалдар, әдістемелік көрнекі құралдардың және модульдер (пәндер), кәсіптік практикалар, жазбаша-біліктілік жұмыстары, білім алушының өзіндік жұмысы, курстық және дипломдық жобалар бойынша ұсынымдардың болуымен;

2) мамандық бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, базалық білімі бар инженер-педагог кадрлармен қамтамасыз етіледі. Өндірістен мамандық бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі базалық білімі бар білікті мамандарды тартуға рұқсат етіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытуға арналған арнайы оқу бағдарламаларын іске асыруды оқу процесін қадағалайтын мамандар қамтамасыз етеді.

7. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары үлгілік, жұмыс және жеке болып бөлінеді.

ӘАОО-да оқу бағдарламалары мен жоспарлары үлгілік, жұмыс деп бөлінеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін психофизиологиялық ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты білім беру бағдарламасының жартылай немесе толық мазмұнын білдіретін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.

8. ТЖКБ ұйымдарының үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарлары нақты мамандықтар бойынша әзірленеді.

Оқу процесін жоспарлау кезінде осы стандарттың 1, 2 және 3-қосымшаларда келтірілген үлгілік оқу жоспарлары ТЖКБ оқу жоспары моделінің, модульдік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспары моделінің негізінде әзірленеді және келесі жағдайларда ерекшеленеді:

1) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың қатарынан мамандар даярлау;

2) әскери, медицина мамандықтары және мәдениет пен өнер мамандықтары бойынша мамандар даярлау (хореографиялық оқу орындарына қабылдау 4 (5) сыныптан бастап жүзеге асырылады).

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша үлгілік оқу жоспарларында міндетті компоненттің және оқу қызметінің әрбір түрінің еңбек сыйымдылығы кредит бойынша анықталады (теориялық оқыту, өндірістік оқыту, кәсіптік практика (әскери практика), аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жоба (жұмыс) жазу), ал таңдау бойынша компонент кредиттер мен сағаттардың жалпы санымен көрсетіледі.

9. Білім беру ұйымы оқу жұмыс жоспарларын белгілі бір бейін, мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқыту нысаны мен мерзімін көрсете отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 1, 2 және 3-қосымшаларында келтірілген үлгілік оқу жоспарының негізінде, ол болмаған жағдайда ТЖКБ оқу жоспарының модельдері негізінде, модульдік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарларының моделі негізінде әзірлейді.

Оқу жұмыс жоспары барлық оқыту кезеңіне әзірленеді және ТЖКБ ұйымының басшысы бекітеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жұмыс оқу жоспарларында әр пән және (немесе) модуль бойынша оқу уақыты көлемінің 15%-ына дейін жеке оқытуға арналады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жеке оқу жоспары, олардың психикалық-дене дамуының және жеке мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін ескере отырып жоспарланады.

Оқу жұмыс жоспарларының негізінде тьютордың көмегімен ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жеке оқу жоспары жасалады.

ТЖКБ ұйымдарының оқу жұмыс жоспарлары мен оқу бағдарламалары үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларынан мынадай:

1) эксперименттік режимдегі жұмыс;

2) кәсіптік білім беру базасында біліктілігі жоғары деңгейдегі орта буын мамандарын даярлау;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар қатарынан мамандар даярлау;

4) әскери мамандықтар бойынша мамандар даярлау;

5) мамандарды өңірдің және ТЖКБ ұйымдарының ерекшелігін ескере отырып, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес даярлау жағдайларында ерекшеленуі мүмкін.

Білім беру ұйымдары білім алушылар үшін оқытудың жеке бағыттарын өңірдің ерекшелігін ескере отырып, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес әзірлей алады.

Модульдік оқыту технологиясы кезінде үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарлары мәндел біліктіліктер тобына әзірленеді. ТЖКБ ұйымдарындағы бір мамандықтың басқа біліктіліктері үшін үлгілік оқу жоспарын қолдана отырып, жұмыс оқу жоспары әзірленеді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. ТЖКБ ұйымы кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жұмыс жоспарларына қосымша элективті пәндер және (немесе) модульдер (ӨАОО ны есепке алмағанда) каталогын әзірлейді.

Білім алушы жұмыс оқу жоспары мен мамандық бойынша элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен жеке оқу жоспарын құрастырады.

Жеке оқу жоспарына міндетті компоненттің пәндері және (немесе) модульдері және білім беру қызметінің түрлері (теориялық оқыту, өндірістік оқыту, кәсіптік практика, аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау) немесе таңдау бойынша компоненттің пәндері және (немесе) модульдері кіреді.

Элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогының, жеке оқу жоспарының нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін ТЖКБ ұйымдары өз бетінше айқындайды.

11. Оқытудың модульдік технологиясы, оның ішінде дуальды оқыту кезінде білім беру бағдарламалары әр түрлі траекториялар бойынша:

жұмысшы біліктілігін;

жұмысшы біліктілігін және орта буын маманын;

орта буын маманын игерумен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Жұмыс оқу бағдарламалары үлгілік оқу бағдарламалары (бар болған жағдайда) негізінде немесе барлық пәндер және (немесе) оқу жоспарының модульдері бойынша әзірленеді және ТжКБ ұйымы бекітеді.

13. ТжКБ ұйымдары үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру кезінде:

1) міндетті оқытуға бөлінетін жалпы сағаттар санын сақтай отырып, циклдер үшін оқу материалдарын меңгеруге бөлінген оқу уақытының 50%-ына дейін, әр пән және (немесе) модуль бойынша 50%-ға дейін және кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың 60%-ына дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді;

2) оқу бағдарламаларының мазмұнын әр пән, өндірістік оқыту, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша 50%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) және кәсіптік модуль бойынша 60%-ға дейін (дуальды оқыту кезінде 80%-ға дейін) өзгертеді;

3) міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша пәндер (кәсіби модульдер) енгізеді;

4) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін таңдайды;

5) білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу нысанын, тәртібін және кезеңділігін таңдайды;

6) бір мамандық шеңберінде ұқсас біліктілік бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары болмаған кезде білім беру ұйымдары қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары бойынша ұқсас тәсілді пайдалана отырып, оқу жұмыс жоспарларын әзірлейді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Оқу пәнін және (немесе) модульді зерделеу мен интеграциялаудың бірізділігі, олардың әрқайсысы бойынша оқу уақытын пәнаралық байланыстарды ескере отырып, курстарға және семестрлерге бөлу.

Оқу пәнінің және (немесе) модульдің атауы мен мазмұнын қалыптастыру кезінде ұқсас біліктілік бойынша білім берудің келесі деңгейінде оқыту мен кредиттердің сабақтастығын және нәтижелерін көшіруді қамтамасыз ету.

15. Негізгі орта білім базасында оқыту үшін жалпы білім беретін пәндер жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларының инварианттық бөлігіне сәйкес айқындалады.

Жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемі бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде айқындайды.

ТжКБ ұйымдарының қалауы бойынша жалпы білім беретін пәндер модульге біріктіріледі.

"Дене шынықтыру" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына 4 сағаттан кем емес жоспарланады, оның 2 сағаты екінші курстан спорт секциялары мен үйірмелерінде сабақтар үшін берілуі мүмкін. "Дене шынықтыру" курсы аяқталғаннан кейін қосымша уақыт бюджетін бөлмей емтихан тапсырылады.

ӘАОО үшін "Дене шынықтыру дайындығы" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және аптасына кемінде 4 сағат жоспарланады (мамандығына байланысты). Әрбір оқу семестрі аяқталғаннан кейін емтихан өткізіледі. Спорт секцияларындағы сабақтар аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді.

Жоғары дене жүктемесін көздейтін мамандықтар (хореография, спорт, цирк өнері) үшін "Дене шынықтыру" бойынша сабақтар арнайы пәндер немесе кәсіби модульдер шеңберінде іске асырылады.

"Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәні 100 сағат көлемінде өткізіледі, оның ішінде 36 сағат оқу-далалық жиындарды өткізуге бөлінеді. Оқу-далалық жиындары кезеңінде білім алушылар (қыз балалар) медициналық қызметкердің басшылығымен білім беру ұйымдарында медициналық-санитариялық дайындықтан өтеді. Оқу-далалық (лагерь) жиындарын өткізу орнын білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті органның келісімі бойынша білім беру ұйымы айқындайды.

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін арнайы оқу бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндер тізбесін ТЖКБ ұйымы мамандығына байланысты өзі анықтайды.

Модульдік оқыту технологиясы бойынша ТЖКБ ұйымдарының қалауымен жалпы білім беретін пәндер базалық және (немесе) кәсіби модульдерге біріктіріледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Әскери мамандықтарды қоспағанда, әлеуметтік-экономикалық пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер 180 сағаттан аспайтын оқу уақыты көлемінен орта буын маманын даярлау кезінде іске асырылады.

17. ТЖКБ білім беру бағдарламалары міндетті пәндермен және (модульдермен) қатар, ТЖКБ ұйымдары айқындайтын пәндерді және (немесе) модульдерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды қамтиды.

18. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТЖКБ ұйымдарындағы оқу процесі теориялық сабақтарды, сондай-ақ оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында, кәсіпорындар (ұйымдар) базасында өтетін өндірістік оқуды, кәсіби практиканы қамтиды.

Кәсіптік практика оқу, өндірістік және дипломалды болып бөлінеді.

Оқу практикасы оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және өндірісте өткізіледі.

Кәсіптік практика кәсіпорындарда (ұйымдарда) шарт негізінде жұмыс берушілер ұсынатын мамандық бейініне сәйкес келетін жұмыс орындарында өткізіледі және құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған.

ӘАОО-да кәсіптік практика жауынгерлік даярлықты айқындайтын пәндер бойынша практикалық және әдістемелік сабақтарды қамтиды. Сабақтарды сыныптарда, зертханаларда, оқу-жаттығуда, далалық жорықтар кезінде өткізу жоспарланады, теориялық оқу процесінде алынған білімдерді бекітуге бағытталған. Аталған сабақтар берілетін біліктілікке сәйкес практикалық дағдылар мен кәсіби құзіреттерді игеруге бағытталған. Практикалық сабақтардың мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу жоспарларында, оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу бағдарламаларында айқындалады.

Кәсіптік практиканың мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларында айқындалады.

ӘАОО-да кәсіби практикаға, әскери тағылымдамаға, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, әлеуметтік пәндерді оқуға бөлінетін уақыт санын тиісті уәкілетті орган айқындайды.

Дуалды оқыту кезіндегі кәсіби тәжірибеге бөлінетін сағат көлемі жалпы білім беретін пәндерді, факультативтер мен консультацияларды оқытуға көзделген сағат көлемін қоспағанда, жалпы сағат санынан есептеледі.

Курстық жобалар (жұмыстар) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу жұмысының бір түрі ретінде қарастырылады және оларды оқытуға бөлінген оқу уақыты шегінде орындалады. Семестрдегі курстық жобалардың (жұмыстардың) саны біреуден аспауы тиіс. Қосымша бір курстық жұмыс (жоба) жоспарлауға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Алынған білім, іскерлік, дағды мен құзірет деңгейін айқындайтын бақылаудың әртүрлі түрлері бар.

Оқу процесінің жоспарында білім алушылардың ТжКБ білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасын бақылаудың мынадай түрлері:

- 1) аралық аттестаттау;
- 2) білім беру ұйымдарындағы қорытынды аттестаттау көрсетіледі.

ТжКБ ұйымдары білім алушылардың ТжКБ білім беру бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың ағымдағы үлгерімдеріне бақылау өткізеді.

Білім беру ұйымы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттаудан өткізу нысанын, тәртібін және кезеңділігін таңдауда дербес.

Бақылау жұмыстары мен сынақтар аталған пәнді оқуға бөлінген оқу уақытының есебінен, соның ішінде модульдерге біріктірілген немесе модуль бойынша емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Емтихандар мен бақылау жұмыстарының саны білім алушылардың біліктілігіне, іскерлігі мен құзыретіне қойылатын талаптар негізге алына отырып айқындалады.

ӘАОО-да барлық пәндер бойынша аралық аттестаттау көзделген, оның негізгі түрі емтихан болып табылады.

Жалпы білім беретін пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және ТжКБ ұйымдары таңдаған пән бойынша емтихан өткізуді көздейді.

ТжКБ білім беру бағдарламасы толық аяқталған соң қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында біліктіліктің әрбір деңгейі аяқталған соң білім алушыларды қорытынды аттестаттау көзделеді.

Жұмыс біліктілігін игерген және оқуды жалғастырмайтын білім алушылар үшін біліктілік емтиханы түрінде қорытынды аттестаттау өткізіледі. Бағдарламаны толық меңгерген жағдайда, аралық аттестаттау шеңберінде білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін біліктілік емтиханы өткізіледі, қорытынды аттестаттауға арналған оқу уақытының көлемі кәсіби практикаға беріледі.

Біліктілік емтихандары өндірістік алаңдарда, зертханаларда, шеберханаларда немесе әрбір біліктілік бойынша қажетті жабдықпен жаратқандырылған оқу орталықтарында өткізіледі.

Өнер және мәдениет саласы мамандықтары үшін шығармашылық тапсырмалар орындау қарастырылған.

ӘАОО үшін қорытынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша кешенді емтихан тапсыруды қамтиды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін қорытынды аттестаттау өндірістік оқыту бойынша орындалатын іс-әрекеттерді түсіндіре отырып, практикалық жұмысты тапсыру нысанында өткізіледі.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттау нысанын ТжКБ ұйымы анықтайды.

Тізбесі оқу жоспарына сәйкес анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды, оның ішінде дене тәрбиесі мен жекелеген жалпы білім беру, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша сабақтарды, шеберханаларда (оқу алаңдарында және фермерлік шаруашылықтарда) өндірістік оқытуды өткізу кезінде оқу топтары 13



адамнан аспайтын шағын топтарға, медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында клиникалық пәндер бойынша оқу топтары 8 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. ТжКБ ұйымдары білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

### **3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

21. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар апталық оқу жүктемесін, оқу жылының ұзақтығын, міндетті оқу уақытының көлемін қамтиды.

22. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында аптасына кемінде 36 сағат міндетті оқу жүктемесін қоса алғанда, аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

23. Теориялық оқытудың күндізгі нысаны кезінде оқу уақытының жалпы көлемі аптасына кемінде 36 сағат болатын міндетті оқу жүктемесі есебінен айқындалады (бұл ретте көрсетілген көлемге факультативтік пәндер бойынша сабақтар мен консультациялар кірмейді).

ӘАОО үшін оқу-жаттығуларда, далалық жорықтар өткізу кезеңінде, полигондарда, практикалардың барлық түрлерінде оқу жұмысы аптасына оқу сабақтарының 48 сағатына дейін, әскери тағылымдамаларды өткізу кезеңінде 40 сағаттық жұмыс аптасының негізінде жоспарланады.

24. Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 1440 сағатты құрайды.

25. Факультативтік пәндер және (немесе) модульдер 1 оқу тобына аптасына 4 сағаттан артық емес көлемде жоспарланады. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде факультативтер ТжКБ ұйымының қалауы бойынша білім алушының таңдау бойынша компонентіне енгізеді.

Оқытудың күндізгі нысанында білім алушылар үшін консультациялар әрбір оқу жылындағы оқу тобына 100 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді және емтихандар мен курстық және дипломдық жұмыстарды орындау түрінде аралық және қорытынды аттестаттау көзделген пәндер және (немесе) модульдер бойынша жоспарланады.

26. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізуге арналған оқу уақытының көлемі 2 аптадан аспайды.

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға бөлінген уақыт 6 аптадан аспауы тиіс. Мамандықтың күрделілігіне байланысты диплом алдындағы (біліктілік) практиканың ұзақтығы жұмыс оқу жоспарына сәйкес жоспарланады.

27. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңінен, практика және демалыстан тұрады. Оқу жылына соңғы курста қорытынды аттестаттау кезеңі қосылады.

Академиялық кезең ұзақтығы 15 аптадан тұратын семестрден (әскери және медициналық мамандықтар үшін 15 аптадан кем емес) немесе ұзақтығы 10 аптадан тұратын триместрден немесе ұзақтығы 7,5 апталық тоқсаннан тұрады.

ТжКБ ұйымы академиялық кезеңнің нысанын, соның ішінде оны ұйымдастырудың аралас нысанын дербес айқындайды.

28. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушының оқу жүктемесінің көлемі игерілген кредит бойынша әрбір оқу пәні және (немесе) модулі немесе басқа да оқу жұмысының түрлерімен өлшенеді.

Оқу жұмысы көлемін жоспарлау кезінде бір кредит 30 академиялық сағатқа тең.

29. Міндетті оқу сабақтары уақытының көлемі кешкі оқыту нысаны үшін күндізгі оқыту нысанына көзделген тиісті оқу уақыты көлемінен 70%-ды және сырттай оқу нысаны үшін 30%-ды құрайды.

#### **4-тарау. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар**

30. Кадрларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ТжКБ білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім берудің деңгейіне сәйкес базалық және кәсіби құзіреттіліктермен анықталады.

31. ТжКБ білім беру бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушылар даярлығының көзделген біліктілік деңгейіне байланысты мынадай құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған:

1) белгілі бір деңгейде дербес әрекет ете отырып, оқытушының жетекшілігімен жұмыс жүргізу, негізгі базалық білімді қолдану, практикалық тапсырмаларды орындау, нұсқаулықпен берілген алгоритм бойынша іс-әрекет тәсілін таңдау, жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-әрекеттерді түзету;

2) қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

3) маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

32. ТжКБ ұйымдарында білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар :

1) қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білікті жұмысшы кадрларды даярлау бағдарламасы толық аяқталған кезде аралық аттестаттау қорытындылары бойынша нақты мамандық бойынша жұмыс біліктілігін беру;

2) білім алушылар оқытудың даярлық деңгейін аяқтағаннан және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін, әскери мамандықтар үшін ӘАОО-да оқуды аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін орта буын маманының біліктілігін беру;

3) мемлекеттік үлгідегі құжат бере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған арнайы оқу бағдарламасы толық аяқталған кезде нақты мамандық бойынша жұмыс біліктілігін беру рұқсат етіледі.

33. Модульдік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың дайындық деңгейі базалық және кәсіби құзыреттілікті меңгеруді көздейді.

Базалық құзыреттер мамандықтар үшін әзірленеді және әлеуметтік жауапкершілік, жұмысты ұйымдастыру, жұмыс орнындағы басқа адамдармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ қоршаған ортаға жауапкершілік мәселелерін қозғайды.

Кәсіби құзыреттіліктер жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, кәсіптік стандарттар (бар болған жағдайда) және (немесе) еңбек нарығының функционалдық талдауы негізінде әр біліктілік бойынша әзірленеді.

## **5-тарау. Оқу уақытына қойылатын талаптар**

34. Оқыту мерзіміне қойылатын талаптарда ТжКБ білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдері көрсетілген.

35. Далалық маусымның басталуының өңірлік нормаларына сәйкес далалық жағдайда практикалық оқытуды жүргізетін ТжКБ ұйымдарын қоспағанда, оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және мамандықтың ерекшелігіне қарай оқу процесінің ұйымдастырылуына байланысты аяқталады.

Каникул уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде әскери мамандықтардан басқа, қысқы мерзімде – кемінде 2 аптаны құрайды. Дуальды оқыту кезінде ТжКБ ұйымдарының қалауы бойынша білім алушылар каникул уақытында кәсіпорындарда кәсіптік практикадан өтеді.







3	Жұмысшы біліктілігі бойынша кәсіптік модульдер	+	+	+	+	-
3.1	Міндетті компонент ( 70% дейін)	+	+	+	+	-
3.2	Таңдау бойынша компонент ( 30% дейін)	+	+	+	+	-
3.3	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика	Жұмысшы біліктілігіне оқыту уақыты жалпы көлемінен 40 % кем емес				
4	Орта буын маманы біліктілігінің кәсіптік модульдері	-	+	-	+	+
4.1	Міндетті компонент ( 70% дейін)	-	+	-	+	+
4.2	Таңдау бойынша компонент ( 30% дейін)	-	+	-	+	+
4.3	Кәсіптік практика	Орта буын маманы біліктілігіне оқыту уақытының жалпы көлемі 40 % кем емес.				
5	Аралық аттестаттау	+	+	+	+	+
6	Қорытынды аттестаттау	+	+	+	+	+
	Міндетті оқыту қорытындысы ( кредиттер мен академиялық сағаттар бойынша)	120/3600 ( 2880+720 БӨЖ****)	( 180/5400 ( 4320+1080 БӨЖ)	( 60/1800 ( 1440+360 БӨЖ)	( 120/3600 ( 2880+720 БӨЖ)	( 60/1800 (1440+360 БӨЖ)
7	Факультативтер	аптасына 4 сағаттан артық емес				
8	Консультациялар	жылына 100 сағаттан артық емес				
	Кредиттер мен академиялық сағаттар бойынша	134/4020 ( 3300+720 БӨЖ)	( 201/6030 ( 4950+1080 БӨЖ)	( 67/2010 ( 1650 +360 БӨЖ)	( 134/4020 ( 3300+720 БӨЖ)	( 67/2010 (1650 +360 БӨЖ)

\* ұқсас мамандықтар бойынша;

\*\* ТЖКБ ұйымының қалауы бойынша модульдерге біріктіріледі;

\*\*\* ТЖКБ ұйымының қалауы бойынша кәсіптік модульдерге біріктіріледі;

\*\*\*\* Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)– оқытушының әдістемелік басшылығымен тапсырма бойынша орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз білім алушылардың жоспарланған жұмысы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
6-қосымша

## Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық кезең – орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы мынадай үш нысанның біреуінде дербес белгілейтін кредиттік оқыту технологиясы кезіндегі теориялық оқу кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.

2) академиялық сағат – оқу сабақтарының барлық түрінде кесте бойынша білім алушының оқытушымен қарым-қатынас жұмыстарының уақыты;

3) бағалау өлшемшарттары – күзiреттiлiкке қойылған талаптарға сәйкестiкке оқу нәтижелерін бағалау бойынша шешім қабылдауға арналған көрсеткіш;

4) базалық құзырет – өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеттілігі, өзін-өзі ынталандыруға және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімділігі;

5) базалық модуль – білім алушылардың өзін-өзі және өз қызметін басқару, өзін-өзі ынталандыру мен ұйымдастыру қабілеттілігін игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толық тарауы немесе оқыту кезеңі;

6) біліктілік – алынған кәсіп пен мамандық бойынша қызметтің белгілі бір түрін құзыретті орындауға білімділік, даярлық деңгейі;

7) дипломдық жұмыс (жоба) – орта білімнен кейінгі білім берудегі білім беру бағдарламаларының білім алушылардың игеруінің нәтижелер қорытындылау және бітіруші курста олардың орындалуын көрсететін студенттердің жеке шығармашылық жұмысы;

8) жеке оқу жоспары – білім берудің тіркелген кезеңінде, білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін және білім беру жолдарын таңдауға, оның ішінде білім беру бағдарламаларының игеру шегінде жеделдетілген оқуға академиялық құқықтарын іске асыруға ықпал ететін, білім алушының оқу жоспары;

9) кәсіби модуль – білім алушының құзіреттілік негізінде кәсіби міндеттердің жиынтығын шешу қабілетін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толық тарауы немесе оқыту кезеңі.

10) кәсіптік құзырет – білім, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі;

11) кредит – білім алушының (оқытушының) оқу жұмыстары көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

12) кредиттік оқыту технологиясы – академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;



13) модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өзіндік жеткілікті және толық бөлімі немесе оқыту кезеңі;

14) модульдік оқыту – модульдік білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

15) міндетті компонент – үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі;

16) оқу жоспарының моделі – орта білімнен кейінгі білім беру мазмұнының негізгі инварианттық құрылымдық компоненттерін көрсететін оқу жоспарын ұсынудың нысаны;

17) оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) – оқу жұмыс жоспарының нақты пәні және (немесе) модулі үшін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлейтін құжат;

18) оқу жұмыс жоспары – оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесі, оқудың бірізділігі мен көлемін, бақылау нысанын регламенттейтін үлгілік оқу жоспарының немесе осы стандарттың негізінде орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы әзірлейтін құжат;

19) оқыту мерзімі – нақты оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай) бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімі;

20) таңдау бойынша компонент – орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ұсынатын пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде білім алушылардың өздері таңдай алатын оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және тиісті кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) ең аз көлемінің тізбесі;

21) транскрипт – білімді бағалаудың әріптік және сандық жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген оқудың тиісті кезеңінде игерілген пәндер мен (немесе) модульдердің тізбесі бар құжат;

22) тьютор – білім алушылардың даярлық деңгейін қамтамасыз ететін оқу процесін даралау (жеке оқу жоспарын құру және білім беру-кәсіби траекториясын жоспарлау) үшін жағдайлар жасайтын ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың тәлімгерлік функциясын атқаратын маман;

23) үлгілік оқу бағдарламасы – үлгілік оқу жоспарының нақты пәні (модулі) бойынша меңгерілуге тиіс білім, іскерлік және дағдының мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат;

24) үлгілік оқу жоспары – мамандықтар мен біліктіліктерге қатысты білім алушылардың модульдер бойынша оқу уақытының, кәсіби практикаларының және оқу қызметінің басқа да түрлерінің, бақылау нысандарының, оқу мерзімдерінің көлемін (еңбек сыйымдылығын) регламенттейтін осы стандарт негізінде әзірленетін құжат;

25) эдвайзер – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының

қалыптасуына) және оқу кезеңінде кредиттік оқыту технологиясы бойынша орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

26) элективті және (немесе) модульді пәндер каталогы– таңдау бойынша компоненттері бар пәндер және (немесе) модульдердің тізбесі, олардың қысқаша сипаттамасы;

3. Орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау осы стандартқа, сондай-ақ мыналарға:

1) оқу-бағдарламалық құжаттарға – осы стандарттың оқу жоспарының моделіне, үлгілік және оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына, жеке оқу жоспарларына;

2) орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлай отырып орта білімнен кейінгі білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

4. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұны бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының жекелеген модульдерін немесе пәндерін қоса алғанда, техникалық және кәсіптік білім берудің модульдеріне интеграцияланған білім беру бағдарламаларын зерделеуді көздейді.

Орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған білім беру бағдарламаларын нақты қызметті орындау және кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қажетті білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұндық аспектілерін біріктіру негізінде орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлейді. Интеграцияланған білім беру бағдарламаларының түрлері: пәнаралық, деңгейаралық, жоғары оқу орындары аралық және халықаралық

Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы:

1) базалық және кәсіптік модульдерді игеруді;

2) базалық және кәсіптік модульдер бойынша зертханалық-практикалық жұмыстарды орындауды;

3) өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуді;

4) курстық және дипломдық жобалауды (жұмысты) орындауды;

5) аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді қамтиды.

Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру:

1) оқу әдебиетінің кітапханалық қорының және оқу-әдістемелік құралдарының, оның ішінде модульдер (пәндер), білім алушының дербес жұмыстары, курстық және дипломдық жұмыстар (жобалар) бойынша цифрлық білім беру ресурстарының болумен ;

2) базалық жоғары білімі бар, өндірістік өтілі бар инженерлік-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Мамандық бейініне сәйкес келетін базалық жоғары білімі бар өндірістен білікті мамандарды тартуға жол беріледі.

5. Білім беру бағдарламаларының тәрбиелік компоненттері ұлттық құндылықтарды дарытуға, патриоттық және азаматтықты қалыптастыруға, білім алушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілетін дамытуға бағытталған.

6. Орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған білім беру бағдарламалары кредиттік-модульдік технологияны қолдана отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде құрылады.

7. Базалық және кәсіби модульдер міндетті және таңдау бойынша компоненттерді қамтиды.

Міндетті компонент модульдерінің тізбесі үлгілік оқу жоспарымен немесе осы стандарттың оқу жоспарының моделімен айқындалады.

Таңдау компоненті модульдерінің тізбесін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы дербес айқындайды.

Базалық және кәсіптік модульдердің міндетті компонентінің көлемі оларды оқуға бөлінген уақыттың жалпы көлемінің кемінде 70%-ын құрайды.

Базалық және кәсіптік модульдерді таңдау компонентінің көлемі 30% - дан аспайды және бұл:

1) орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын меңгерген бітіруші дайын болуы тиіс қызметтің негізгі түрлерін кеңейтуге;

2) міндетті компоненттің мазмұнымен анықталатын білім алушының дайындығын тереңдетуге;

3) аймақтық еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес бітірушінің бәсекеге қабілеттілігін және тиісті мамандық бойынша білімін келесі деңгейде жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік береді.

8. Таңдау компоненті нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және еңбек нарығының қажеттілігін, сондай-ақ білім алушының жеке мүдделерін ескереді.

Таңдау компоненті жұмыс берушілер мен орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әріптестерінің, пәндік-циклдік комиссиялардың ұсыныстары бойынша қалыптастырылады.

9. Базалық модульдер жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндердің мазмұнын қамтиды.

Кәсіптік модульдер жалпы кәсіптік, арнайы пәннің, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың мазмұнын қарастырады.

10. Оқу процесін жоспарлау кезінде үлгілік оқу жоспарлары осы стандартқа қосымшада келтірілген орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі негізінде әзірленеді.

11. Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін жоспарлау, білім беру мазмұны, оқу сабақтарын өткізу тәсілдерін таңдау, білім алушылардың өзіндік жұмысы, олардың оқу жетістіктерін қорытынды бақылау түрлері арқылы жүзеге асырылады.

12. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары үлгілік, жұмыс және жеке болып бөлінеді

13. Үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарлары осы стандарттың негізінде орта білімнен кейінгі білімнің нақты мамандықтары бойынша әзірленеді.

Үлгілік оқу жоспарларында міндетті компоненттің және оқу қызметінің әрбір түрінің (кәсіптік практиканың, аралық және қорытынды аттестаттаудың, дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың) кредит пен сағаттарда еңбек сыйымдылығы анықталады, ал таңдау компоненті кредиттер мен сағаттардың жалпы санымен көрсетіледі.

14. Үлгілік оқу жоспарлары осы стандартқа қосымшада келтірілген орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделіне сәйкес келеді және дайындық жағдайында:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар қатарындағы мамандар;

2) әскери, медициналық мамандықтар және мәдениет және өнер мамандықтары бойынша мамандар ерекшеленеді.

15. Оқу жұмыс жоспарларын осы стандарт және үлгілік оқу жоспары негізінде оқу нысаны мен мерзімін көрсете отырып, әрбір оқу тобына белгілі бір бейін, мамандығы мен біліктілігі бойынша орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы әзірлейді.

Оқу жұмыс жоспары оқу процесінің кестесінен, уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректерден, түсіндірме жазбадан және оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің тізбектілігі мен көлемін, бақылау нысанынан, семестр бойынша теориялық оқыту мен кәсіптік практиканың сағаттарын (кредиттерін) бөлуді реттейтін жоспар-кестеден тұрады.

Жұмыс оқу жоспары оқудың барлық кезеңіне әзірленеді және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Жұмыс оқу жоспары білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу үшін негіз болады.

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жұмыс оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларынан мынадай жағдайларда:

1) эксперименттік режимдегі жұмыста;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар арасынан мамандар даярлауда ерекшеленеді

16. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде:

1) базалық және кәсіптік модульдерді игеруге бөлінетін оқу уақытының 50% - ға дейін және оқу сағаттарының жалпы санын сақтай отырып, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы 60% - ға дейін өзгертеді;

2) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау нысандарын, әдістерін тандайды;

3) жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес оқу бағдарламаларының мазмұнын модульдерге біріктірілген (қосылған) пәндерді кәсіптік модуль, өндірістік оқыту және кәсіптік практика бойынша 50%-ға дейін өзгертеді. Міндетті оқытуға арналған жалпы сағат санын сақтай отырып, жұмыс берушінің талаптары бойынша қосымша модульдер енгізеді;

4) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және білім алушылардың аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және кезеңділігін тандайды;

5) бір мамандық шеңберінде ұқсас біліктілік бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары болмаған кезде білім беру ұйымдары қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары бойынша ұқсас тәсілді пайдалана отырып, оқу жұмыс жоспарларын әзірлейді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Оқу жұмыс жоспарларына қосымша орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары элективті пәндер және (немесе) модульдердің каталогын әзірлейді

18. Үлгілік және оқу жұмыс жоспарының және элективті пәндер және (немесе) білім алушының мамандығы бойынша модульдердің негізінде эдвайзердің көмегімен жеке оқу жоспары жасалады.

Жеке оқу жоспары әр білім алушының жеке білім траекториясын анықтайды.

Жеке оқу жоспарына міндетті компоненттің пәндері және (немесе) модульдері және оқу қызметінің түрлері (кәсіптік практика, аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау, таңдау компонентінің пәндері және (немесе) модульдері енгізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған жеке оқу жоспары олардың психофизикалық дамуының ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді.

Тьютордың көмегімен ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға арналған жұмыс оқу жоспарлары негізінде жеке оқу жоспары жасалады.

19. Жеке оқу жоспарының нысанын, құрылымын әзірлеу, бекіту тәртібін элективті пәндер каталогын және (немесе) модульдерді білім беру ұйымы дербес айқындайды.

20. Оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) оқу жоспарының барлық пәндері және (немесе) модульдері бойынша әзірленеді. Бұл ретте міндетті компоненттің пәндері және (немесе) модульдері бойынша оларды әзірлеу үлгілік оқу бағдарламалары негізінде олар болған кезде жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабустардың) нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы дербес айқындайды.

21. Әрбір пән және (немесе) модуль аяқталғаннан кейін емтихан немесе сараланған сынақ түрінде оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау рәсімі өткізіледі.

Кәсіби практикалардың, курстық жұмыстардың (жобалардың) барлық түрлерін орындау нәтижелерін бағалау есептерді (жұмыстарды) қорғау нысанында жүргізіледі.

22. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау және (немесе) емтихан тапсыру нысанында қорытынды аттестаттау өткізіледі.

Өткізуге арналған оқу уақытының көлемі екі аптадан аспайды.

Өнер және мәдениет саласындағы мамандықтар үшін шығармашылық тапсырмаларды орындау қарастырылған.

Жұмыс біліктілігін меңгерген және орта білімнен кейінгі білім деңгейі бойынша оқуын жалғастырмайтын білім алушылар үшін тиісті деңгейдегі диплом ала отырып, біліктілік емтиханы нысанында қорытынды аттестаттау өткізіледі.

23. Үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларында білім алушыларды қорытынды аттестаттау әрбір біліктілік деңгейін аяқтағаннан кейін көзделеді. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын игерген жағдайда білікті жұмысшы кадрлар деңгейі үшін біліктілік емтиханы аралық аттестаттау шеңберінде өткізіледі, қорытынды аттестаттаудың оқу уақытының көлемі кәсіптік практикаға бөлінеді.

Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша білім алушыларға нақты біліктілік бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізілген деңгейі (разряд, класс санат) беріледі.

Біліктілік емтихандары әрбір біліктілік бойынша қажетті жабдықтармен жабдықталған өндірістік алаңдарда, зертханаларда, шеберханаларда немесе оқу орталықтарында өткізіледі.

24. Өндірістік оқыту оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында, жұмыс берушілердің кәсіпорындарында (ұйымдарында) өндірістік оқыту шеберінің және (немесе) тәлімгердің басшылығымен жүзеге асырылады.

Кәсіптік практика оқу, өндірістік және диплом алдындағы болып бөлінеді.

Оқу практикасы оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және өндірісте жүзеге асырылады.

Кәсіптік практика кәсіпорындарда (ұйымдарда), жұмыс берушілер шарттық негізде ұсынатын жұмыс орындарында жүргізіледі және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушылардың бір немесе бірнеше ұқсас біліктілік емтиханын тапсыра отырып, меңгеруі көзделеді.

Кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушыларға Кәсіптік біліктіліктің қол жеткізілген деңгейі (разряд, класс, санат) беріледі.

Кәсіптік практиканың мерзімдері мен мазмұны оқу жұмыс жоспарында және оқу жұмыс бағдарламаларында айқындалады.

Дуалды оқыту кезіндегі кәсіби тәжірибеге бөлінетін сағат көлемі жалпы білім беретін пәндерді, факультативтер мен консультацияларды оқытуға көзделген сағат көлемін қоспағанда, жалпы сағат санынан есептеледі.

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қалауы бойынша кәсіптік практика кәсіптік модульдерге біріктіріледі.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Консультациялар мен факультативтік сабақтар білім алушылардың жеке қабілеттері мен сұраныстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

26. Курстық жобалар (жұмыстар) жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, оның ішінде модульдерге біріктірілген пәндер бойынша оқу жұмысының бір түрі ретінде қарастырылады және оқытуға бөлінген оқу уақыты шегінде орындалады. Семестрдегі курстық жобалардың (жұмыстардың) саны біреуден аспауы тиіс. Қосымша бір курстық жұмыс (жоба) жоспарлауға рұқсат етіледі.

27. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

### **3-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

28. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір оқу пәні және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін кредиттерде өлшенеді.

Студенттердің жекелеген санаттары үшін оқытудың нысаны мен технологиясына байланысты оқытудың кредиттік технологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жылы ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын игеруге жол беріледі.

29. Аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстың, практиканың барлық түрлерінің, аралық және қорытынды аттестаттаудың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

30. Оқу жұмысының көлемін жоспарлауда бір кредит 30 академиялық сағатқа тең.

31. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестация кезеңінен, практика және каникулдардан тұрады. Соңғы курстағы оқу жылына қорытынды аттестациялау кезеңі қосылады.

32. Академиялық кезең ұзақтығы 15 аптадан тұратын семестрден (әскери және медициналық мамандықтар үшін 15 аптадан кем емес) немесе ұзақтығы 10 аптадан тұратын триместрден немесе ұзақтығы 7,5 апталық тоқсаннан тұрады.

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы академиялық кезеңнің нысанын, оның ұйымының аралас нысанын қоса алғанда, дербес айқындайды.

33. Өндірістік оқытудың ұзақтығы білім алушының 36 сағатқа тең апта ішіндегі белгіленген жұмыс уақытын негізге ала отырып, апталарда айқындалады (6 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат).

Диплом алдындағы (біліктілік) тәжірибенің ұзақтығы мамандықтың күрделілігіне байланысты жоспарланады

34. Орта білімнен кейінгі білім берудің аяқталуының негізгі критерийі студенттердің оқу кезеңінде барлық кредит кезеңдерін қоса алғанда, толық білім бағдарламалары бойынша оқу түрлерін толық игеру болып табылады.

35. Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде түскен студенттерге кредиттердің саны мен орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасының қажетті көлемін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы алдыңғы білім беру деңгейінің бейінінің және қол жеткізілген оқыту нәтижелерінің сәйкестігін ескере отырып дербес айқындайды.

36. Орта білімнен кейінгі білім берудің қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша:

1) оқытудың қол жеткізілген нәтижелеріне, алдыңғы білім беру деңгейінде игерілген пререквизиттерге байланысты өзінің Жеке оқу жоспарын қалыптастырады, оларды орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы міндетті түрде қайта оқиды және оның транскриптіне енгізіледі;

2) оқытудың жеке мерзімдері мен орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы қолданыстағы орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы негізінде дербес айқындайтын білім беру бағдарламасының көлемі болады.

37. Міндетті оқу сабақтарының оқу уақытының көлемі кешкі оқу нысаны үшін 70% және сырттай оқу нысаны үшін күндізгі оқу нысаны үшін көзделген оқу уақытының тиісті көлемінің 30%-ын құрайды.

38. Оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспауы тиіс.

39. Күндізгі оқу нысаны кезінде білім алушылардың міндетті жүктемесінің көлемі аптасына кемінде 36 сағатты құрайды.



#### **4-тарау. Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар**

40. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларына, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды қамтиды.

41. Орта білімнен кейінгі білім берудің біріктірілген білім беру бағдарламалары бірнеше жұмыс біліктілігін игере отырып, қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейді.

Орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары мынадай құзыреттіліктерді иеленуге бағытталған: ұйымның стратегиясы, саясаты мен мақсаттары шеңберінде еңбек және оқу қызметінің үдерістерін өз бетінше басқару және бақылау жүргізу, мәселелерді талқылау, қорытындыларды дәлелдеу және ақпаратпен сауатты жұмыс істеу, кәсіби салада теориялық және практикалық білімнің кең ауқымын қолдану, кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздестіруді орындау, шешу тәсілдерінің алуан түрлілігін және оларды таңдауды болжайтын, шығармашылық тәсілді қолдану (немесе кәсіби проблемаларды шешудің әртүрлі, оның ішінде балама нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну шеберлігі мен дағдысы), ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзетуді орындау.

42. Білім алушылардың дайындық деңгейі базалық және кәсіби құзыреттілікті меңгеруді көздейді.

Базалық құзыреттер мамандық үшін анықталады және ұлттық сананы қалыптастыру, рухани жаңғырту әлеуметтік жауапкершілік, жұмысты ұйымдастыру, жұмыс орнындағы басқа адамдармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ қоршаған ортаға жауапкершілік контекстінде әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды дамытуға бағытталған.

Кәсіптік құзыреттер жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұрауын ескере отырып, әрбір біліктілік бойынша кәсіби стандарттар (болған жағдайда) немесе еңбек нарығын жекелеп талдау негізінде анықталады.

43. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен адамдарға тиісті мамандық бойынша "қолданбалы бакалавр" біліктілігі беріледі. Білім алушылардың дайындық деңгейі базалық және кәсіптік құзыреттерді меңгеруді көздейді.

#### **5-тарау. Оқу уақытына қойылатын талаптар.**

44. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімін қамтиды және білім беру бағдарламаларының

мазмұнымен, оқыту нәтижелерімен және игерілген кредиттердің көлемімен анықталады.

Оқу жылы 1 қыркүйектен басталады және мамандықтың ерекшелігіне байланысты оқу процесінің ұйымдастырылуына қарай аяқталады. Каникул уақыты жылына 11 аптаны, оның ішінде әскери мамандықтардан басқа, қысқы мерзімде – кемінде 2 аптаны құрайды.

Оқу мерзімі жалпы орта білім базасында 2 жыл 10 ай, Техникалық және кәсіптік білім базасында ұқсас мамандықтар бойынша қабылдау базасына байланысты: орта буын маманы үшін 10 ай, білікті жұмысшы кадрлар үшін 1 жыл 10 ай.

Өнер, геология, су көлігін пайдалану, медицина, әскери мамандықтар үшін оқу мерзімі тиісті мамандықтың ерекшелігіне байланысты айқындалады.

Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына қосымша

## Орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі

№ п /п	Модульдер мен оқу жұмыстарының атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		
		Техникалық және кәсіптік білім беру базасында		Жалпы орта білім беру базасында
		Оқу мерзімі (жыл (ж.) ай (а))		
		10а.	1ж.10а.	2ж.10а.
1	2	3	4	5
1	Базалық модульдер *	+	+	+
2	Жұмысшы біліктілігі бойынша кәсіби модульдер	-	-	+
2.1	Міндетті компонент (кемінде 70%)	-	-	+
2.2	Таңдау бойынша компонент (30% аспайды)	-	-	+
2.3	Өндірістік оқыту және кәсіптік практика	Жұмысшы мамандықтар бойынша оқу уақытының жалпы көлемінен кемінде 40 %		
3	" _____ " қолданбалы бакалавриат біліктілігінің кәсіптік модулі			+
3.1	Міндетті компонент (кемінде 70%)	+	+	+
3.2	Таңдау бойынша компонент (30% аспайды)	+	+	+
3.3	Кәсіптік практика*	Оқу уақытының жалпы көлемінен кемінде 40 %		
4	Аралық аттестаттау	+	+	+
5	Қорытынды аттестаттау	+	+	+
	Барлық міндетті оқытудың қорытынды кредиттері мен академиялық сағаттары	60/1800 (1440+360 БӨЖ**)	120/3600 (2880+720 БӨЖ)	180/5400 (4320+1080 БӨЖ)
6	Факультатив (аптасына кемінде 4 с.)	+	+	+
7	Консультациялар (жылына кемінде 100 с.)	+	+	+
	Барлық кредиттер мен академиялық сағаттар:	67/2010 (1650+360 БӨЖ)	134/4020 (3300+720 БӨЖ)	201/6030 (4950+1080 БӨЖ)

\*оқу орнының қарастыруы бойынша кәсіби модульдерге біріктірілуі мүмкін;  
\*\*Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) - оқытушының әдістемелік басшылығымен тапсырма бойынша орындалатын, бірақ оның тікелей қатысуынсыз білім алушылардың жоспарланған жұмысы.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
7-қосымша

## **Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖБС) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖОО), оның ішінде әскери арнаулы оқу орындарындағы (бұдан әрі – ӘАОО) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды

2. МЖМС-да мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) ӘАОО-дағы біліктілік сипаттамалары – Қазақстан Республикасы Қорғаныс саласында және тиісті лауазымда кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік және дағды;

2) ӘАОО-дағы кәсіби құзыреттер – ұлттық қауіпсіздік жүйесінде кәсіби қызметті және құқық қорғау органдарында тиісті лауазымда кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік және дағды;

3) бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

4) дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс)) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

5) дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

5-1) дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

6) жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары;

7) жоғары арнаулы білім (специалитет) – кемінде 300 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

8) жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

9) құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті

10) міндетті компонент – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;

11) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты;

12) таңдау компоненті – ЖОО ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

ӘАОО-дағы ОЖЖ – білім беру бағдарламасы және біліктілік талаптары, сипаттамалары негізінде АӘОО дербес әзірлейтін оқу құжаты;

13) үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – УОБ) – Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып жоғары білім беру мазмұнына қойылатын талаптар**

3. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер және осы МЖБС-ға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

ӘАОО-ларда ЖБП циклі міндетті және жоғары оқу орны компоненті пәндерінен, БП және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті пәндерінен тұрады, олардың құрылымы осы МЖБС-ға 3-қосымшада келтірілген.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. ЖБП циклі тізбесінде міндетті компонент пәндерінің көлемін азайтуға жол берілмейді, оның мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады. Тек техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары үшін рұқсат беріледі.

5. ЖК және ТК пәндерін ЖОО дербес анықтайды және еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

ӘАОО-да жоғары оқу орны компоненті нақты ӘАОО-да қалыптасқан ғылыми мектептер, біліктілік сипаттамаларына, біліктілік талаптарына қойылатын ӘАОО талаптарының ерекшелігін ескереді.

6. ЖБП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология).

Бұл ретте бакалавриат деңгейіндегі барлық мамандықтар және (немесе) кадрлар даярлау бағыттары бойынша ЖОО білім алушылары "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәнінен оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

ЖБП цикліндегі міндетті компонент пәндері:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарланған;

2) дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін құрайды;

3) мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады;

4) өз өмірі мен қызметіндегі барлық салаларда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;

5) өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;

6) қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін тыңдаушы келесі біліктілікке ие болады:

1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыда түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға беру;

2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұнын және ерекшеліктерін интерпретациялау;

3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық құбылыстарға жеке баға беру;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу;

5) Қазақстанның қазіргі заманғы оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолдана білу;

6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру;

7) осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу;

8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеуге арналған ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана білу;

9) өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту;

10) қазақстандық қоғамның іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану;

11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін таныту;

12) әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана білу;

13) талдаудың әдіснамасын таңдау;

14) зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу;

15) жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсыну;

16) тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай білу;

17) грамматикалық білімдер жүйесін, белгілі бір тілде тиісті ниет білдірудің прагматикалық құралдарын жеткілікті көлемде түсіну негізінде лингвистикалық және сөйлеу ресурстарын дұрыс пайдалана білу;

18) байланысқа қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беру;

19) жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана білу;

20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану.

8. ЖБП циклінің ЖК және (немесе) ТК, экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы кәсіптік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, көшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пәндердің жалпы көлемінен кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

9. ЖОО пәнаралық сипатқа ие ЖБП циклінің пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалар әзірлей алады.

10. ӘАОО-да ЖБП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасындағы пәндердің көлемінен кемінде 23%-дан аспайды немесе 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, философия, қазақ (орыс) тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), дене шынықтыру, әлеуметтік-саяси білімнің модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология).

ӘАОО-да "Дене шынықтыру" пәнін БП цикліне немесе қосымша оқыту түріне ауыстыруға, ал оған бөлінген кредиттерді ЖК-нің ЖБП циклі ауыстыруға рұқсат етіледі.

ӘАОО-да ЖК ЖБП циклінің пәндері кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

11. БП циклі оқу пәндерін оқуды және кәсіби практикадан өтуді қамтиды және кемінде 112 академиялық кредитті құрайды.

ӘАОО-лар үшін БП циклі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 112 академиялық кредиттен аспайды. БП цикліне практикалардың барлық

түрлері (кәсіптік практика, оқу практикасы, әскери тағылымдама, жауынгерлік дайындық және т.б.) кіреді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Бейіндеуші пәндер циклі көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндерін және кәсіптік практика түрлерін қамтиды.

ӘАОО-ларда цикл пәндерінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 60 академиялық кредитті құрайды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болады.

Білім алушылар оқытудың жеке траекториясын анықтау кезінде жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті аясында негізгі (Major) білім беру бағдарламасы пәндерін және (немесе) қосымша (Minor) білім беру бағдарламасы пәндерін таңдай алады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты және дипломдық жобаны жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.

Бұл ретте, дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына мынадай негіздер бойынша екі кешенді емтихан тапсыра алады:

- 1) денсаулығына байланысты стационарда ұзақ ем алу;
- 2) ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I топтағы мүгедектер;
- 3) жүкті әйелдер немесе екі жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелейтіндер;
- 4) оқуды аяқтамаған сырттай оқу нысанының студенттері.

Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушылар ЖОО басшысының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсетеді.



Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық жасауды бейін бойынша оқытушылар және (немесе) Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін, кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. ӘАОО-ларда қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, кешенді емтихан және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан дайындау және тапсыру нысанында не кешенді мемлекеттік емтихан, екі базалық және (немесе) бейіндеуші пәндер бойынша мемлекеттік емтихандар және (немесе) "Дене шынықтыру" пәні бойынша емтихан тапсыру нысанында өткізіледі.

ӘАОО-ларда қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары қарамағында ӘАОО бар мемлекеттік органдар бекітетін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау қағидаларында айқындалады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін алынған білім нәтижелерін және игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Оқытудың қосымша түрлерін әскери дайындық және студенттің өзі анықтайтын оқудың басқа да түрлерін қамтиды.

ӘАОО-да оқытудың қосымша түрлерін ӘАОО дербес анықтайды.

18. Әскери дайындық мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде немесе ақылы негізде жүзеге асырылады.

ӘАОО-ны қоспағанда, басқа қосымша оқыту түрлерін меңгеру ақылы негізде қамтамасыз етіледі.

19. Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде жүзеге асырады.

Бұл ретте оқу пәндерінің 50%-ын оқыту (мемлекеттік немесе орыс) тілінде, 20%-ын екінші тілде (сәйкесінше орыс немесе мемлекеттік), 30%-ын ағылшын тілінде оқыту көзделеді.

Үш тілде білім беру бағдарламасын енгізген ӘАОО оқытуды үш тілде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырады. Екі тілде білім беру бағдарламасын енгізген ӘАОО оқытуды екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырады. Бұл

ретте әртүрлі тілдерде оқытылатын пәндердің пайыздық арақатынасын ӘАОО дербес айқындайды.

20. Дуальды оқыту элементтерін енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте пәннің оқу материалының 40%-ына дейінін тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және тағы басқа) меңгерілуі тиіс екені көзделген.

21. ЖОО оқу бағдарламаларын (оқу жұмыс жоспары, жеке оқу бағдарламалары) және пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары (силлабустар) әзірленетін оқу нәтижелерін көрсететін МЖБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

ӘАОО-ны қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары модульдік оқыту қағидаты бойынша әзірленеді.

22. Жоғары білімді кадрларды даярлау жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ екінші жоғары білім алған кезде – жоғары білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасының базасында "кіруде" жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бейінінің техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес келген жағдайда формальді білім берудің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады және оқу мерзімі қысқартылады.

Білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келмеген жағдайда оқыту жоғары білімнің толық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Оқыту нәтижелері сәйкес болған жағдайда пререквизиттер ретінде алдыңғы формальды білім деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білімнің оқыту нәтижелері қайта есептелуі мүмкін.

23. Білім беру мазмұнын жоспарлау, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін ЖОО оқытудың кредиттік технологиялары негізінде дербес жүзеге асырады.

24. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні оның білім берудің тиісті саласына қатыстылығын, оқу саласының сипаттамасын, даярлау деңгейін, оқу нәтижелерін, кәсіптік қызметтің негізгі түрлерін білдіреді және Жіктеуішке сәйкес анықталады:

1) "Педагогикалық ғалымдар" - педагогикалық жоғары білім;

2) "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" - жоғары өнертану немесе жоғары гуманитарлық білім;

- 3) "Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат" - әлеуметтік ғылымдар саласындағы жоғары білім немесе PR саласындағы жоғары білім;
- 4) "Бизнес, басқару және құқық" - экономикалық білім немесе жоғары заңгерлік білім;
- 5) "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика" - жоғары жаратылыстану білімі немесе жоғары математикалық білім;
- 6) "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" - АКТ саласындағы жоғары білім;
- 7) "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" - жоғары инженерлік білім;
- 8) "Ауыл шауашылығы және биоресурстар" - жоғары ауылшаруашылық білім;
- 9) "Ветеринария" - жоғары ветеринарлық білім;
- 10) "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" - жоғары медициналық білім;
- 11) "Қызмет көрсету" - қызмет көрсету саласындағы жоғары білім;
- 12) "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" - ұлттық қауіпсіздік және әскери іс саласындағы жоғары білім.

Білім беру салалары мен деңгейлері бойынша берілетін дәрежелердің атауы осы МЖБС-ға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

### **3-тарау. Студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

25. Оқу жүктемесі оқу пәнін, модулін немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасын толық зерделеу үшін студентке талап етілетін және жоғары білімнің білім беру бағдарламасында белгіленген оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

26. Оқу жүктемесі студенттің барлық оқу әрекетін қамтиды – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы жұмыстар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.

27. Студенттің оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысандарын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), аралық аттесттау, практика, каникул кезеңдерінен, қорытынды аттесттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратынын ескеру қажет.

ӘАОО-да курсанттың оқу жүктемесін анықтау кезінде ӘАОО дербес айқындайтын академиялық кезеңнің ұзақтығы негізге алынады.

28. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі, әдетте, 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды.

ЖОО семестр (триместр, тоқсан) бойынша академиялық кредиттердің көлемін дербес бөледі.

ЭАОО-ларда бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті құрайды. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 20 академиялық кредитті меңгереді.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

30. Осы МЖБС-ның 27, 28-тармақтарында көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесін білдіреді. Студенттің бір семестр ішінде академиялық кредиттердің аз немесе көп мөлшерін меңгеруіне рұқсат беріледі. Оқытудың нысандары мен технологиясына байланысты студенттердің жекелеген санаттары үшін оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты әртүрлі болуы мүмкін және оны ЖОО дербес есептейді.

31. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

"Ветеринария", "Денсаулық сақтау" даярлық бағыттары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ сәулет және дизайн саласындағы білім беру бағдарламаларының ерекшелігін ескере отырып, оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты студенттің кемінде 300 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы немесе жоғары білім беру бағдарламасы базасында немесе жоғары білімнің қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін жалпы орта білім беру бағдарламасы базасында оқуға түскен студенттердің академиялық кредиттер саны мен жоғары білімнің білім беру бағдарламасының қажетті көлемін ЖОО формальды және формальды емес білім беруде бұрын қол жеткізілген оқу нәтижелерін тануды ескере отырып, "Формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін формальды емес білім арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 508 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 17588 тіркелген) сәйкес дербес айқындайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. ЖОО білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

#### **4-тарау. Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар**

33. Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі.

Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

34. Дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

2) білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

4) мамандарға да, маман еместерге де ақпараттар, идеялар, проблемалар мен шешімдер туралы хабарлау;

5) зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру.

35. Дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

2) кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;

4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;

5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;

6) ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;

7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну;

8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға "бакалавр" дәрежесі және (немесе) тиісті біліктілік беріледі және жоғары білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) және (немесе) дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement (диплома саплэмент)) тегін беріледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

**37. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының барлық оқу кезеңінде студенттің оқу әрекетінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 240 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
1-қосымша

## **Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

		Жалпы еңбек сыйымдылығы

№	Пәндер мен циклдердің атауы	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі	1680	56
	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шетел тілі	300	10
1)	Қазақ (Орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық пәндер (БП) циклы	3360	112
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіптік практика		
3	Бейіндеуші пәндер циклі	1800	60
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіптік практика		
4	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
1)	Таңдау компоненті		
5	Қорытынды аттестаттау	кемінде 360	кемінде 12
1)	Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	360	12
	Барлығы	кемінде 7200	кемінде 240

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
2-қосымша

## Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Пәндер мен циклдердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша

1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі	1680	56
	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шетел тілі	300	10
1)	Қазақ (Орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық пәндер (БП) циклы	4260	142
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіптік практика		
3	Бейіндеуші пәндер циклы	2700	90
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіптік практика		
4	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
1)	Таңдау компоненті		
5	Қорытынды аттестаттау	кемінде 360	кемінде 12
1)	Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	360	12
	Барлығы	кемінде 9000	кемінде 300

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға міндетті  
стандартына  
3-қосымша

## ӘАОО-да жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы (оқу мерзімі 4 жыл)

№	Пәндер мен циклдердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі	кемінде 1680	кемінде 56
	Міндетті компонент	кемінде 1530	кемінде 51
	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	150	5



	Философия	150	5
1)	Шетел тілі	300	10
	Қазақ (Орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны компоненті	150-ден кем емес	5-тен кем емес
2	Базалық пәндер (БП) циклы	кемінде 3360	кемінде 112
1)	Жоғары оқу орны компоненті		
3	Бейіндеуші пәндер циклы	кемінде 1800	кемінде 60
1)	Жоғары оқу орны компоненті		
4	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
5	Қорытынды аттестаттау	360	12
	Барлығы	7200-ден кем емес	240-тан кем емес

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
4-қосымша

## Білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес берілетін дәрежелердің атауы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/н №	Білім беру саласының атауы	Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже	Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт/ бейіндік) берілетін дәреже	Философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже
1.	Педагогикалық ғылымдар	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі/ білім магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) /білім докторы
		1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бойынша өнертану ғылымдарының магистрі/ өнер магистрі	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD

2.	Өнер және гуманитарлық ғылымдар	бағдарламасы бойынша өнер бакалавры 2. "білім беру бағдарламасының атауы және код" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры 3. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры	2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі/ гуманитарлық білім магистрі 3. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша филология ғылымдары магистрі/ тіл білімі магистрі	философия докторы /Өнер докторы 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы 3. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
3.	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі/ әлеуметтік білім магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
4.	Бизнес, басқару және құқық	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры немесе бизнес және басқару бакалавры 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша құқық бакалавры	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі/ бизнес және басқару магистрі немесе MBA 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі/құқық магистрі	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы / экономика докторы немесе D B A 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы /құқық докторы
5.	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі/ жаратылыстану магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы

6.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
7.	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
8.	"Ауыл шауашылығы және биоресурстар"	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі/ауыл шаруашылығы магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
9.	"Ветеринария"	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ветеринария маманы	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жоғары ветеринария ғылымдарының магистрі/ветеринария магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
10.	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік қамтамасыз ету бакалавры	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша медицина ғылымдарының магистрі/ денсаулық сақтау магистрі 2. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ғылым магистрі/әлеуметтік қамтамасыз ету магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы /медицина докторы
			"білім беру бағдарламасының коды	

11	Қызмет көрсету	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры	және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ғылым магистрі/ қызмет көрсету саласының магистрі	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
12	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры	"білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	"білім беру бағдарламаларының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы /әскери ісі және ұлттық қауіпсіздік докторы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 604 бұйрығына  
8-қосымша

## **Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – МЖБС) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 5-1) және 5-2) тармақшаларына және 56-бабына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖОО), оның ішінде әскери арнаулы оқу орындарындағы (бұдан әрі – ӘАОО) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы білім беру ұйымдарында, білім беру мазмұны мен оқыту технологиясы ерекше мәртебеге сәйкес, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде білім алушылардың айрықша мәртебесіне сәйкес дербес айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. МЖБС-да Заңға сәйкес ұғымдар қолданылады. Оларға қосымша мынадай ұғымдар енгізілген:

1) ӘАОО-дағы біліктілік сипаттамалары – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік және дағды;

2) ӘАОО-дағы біліктілік талаптары – ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды;

3) ӘАОО-дағы кәсіби құзыреттер – тиісті лауазымда құқық қорғау органдары жүйесіндегі кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білімдер, іскерліктер мен дағдылар;

4) ӘАОО-дағы магистрлік диссертация – магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және (немесе) практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылымның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

5) ӘАОО-дағы ОЖЖ – білім беру бағдарламасы не ҮОҚы негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін оқу құжаты;

6) бейіні бойынша доктор – Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

7) ДВА бағдарламасы (бұдан әрі – ДВА (ДиБиЭй)) – бизнес-әкімшілендіруде жобалау жұмысы мен қолданбалы зерттеулер жүргізуге негізделген және басқарушы кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы;

8) докторант – докторантурада білім алатын адам;

9) докторантура – білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

10) докторлық диссертация – докторанттың теориялық ережелер әзірленген, жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы;

11) дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс)) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде

қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

12) executive MBA (бұдан әрі – EMBA (эксекютив ЭмБиЭй)) – бұл мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағдарланған MBA бағдарламасы;

13) жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогының негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жеке жасайтын оқу жоспары;

14) жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

15) құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

16) магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

17) магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

18) магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

19) магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

20) магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

21) MBA бағдарламасы – бизнес саласындағы заманауи білімдер мен дағдыларды меңгерген, процестер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын жасауға, стратегиялық және оперативті міндеттерді анықтай білуге және ғылыми аспаптарды қолдана отырып, оларға қол жеткізе білуге қабілетті басқарушы кадрлар даярлау бағдарламасы;

22) міндетті компонент – МЖБС-да белгіленген және білім алушылардың оқыту бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

23) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру ұйымының білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін оқу құжаты;

24) таңдау компоненті – жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушының өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

25) философия докторы (PhD) – Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

26) іскерлік әкімшілендіру докторы – DBA бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

27) іскерлік әкімшілендіру магистрі – MBA немесе EMBA бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже;

28) диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресҰч пропозал)) – докторант дайындаған және бірінші немесе екінші оқу жылы ішінде жоғары оқу орны бекіткен, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, әдебиеттерге шолу жасауды және зерттеудің күтілетін нәтижелерін қамтитын құжат.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, магистратураның білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар**

### **1-параграф. Магистратура**

3. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны мыналардан тұрады:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;

2) магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;

3) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы. ЭАОО үшін магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны орындау;

4) қорытынды аттестаттау.

4. Базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау бойынша компонент (бұдан әрі – ТК) пәндерінен тұрады.

ӘАОО-да БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК пәндерін қамтиды.

5. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін ЖОО дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің талабы, магистранттардың сұраныстары мен мүдделері ескеріледі.

ӘАОО-ны қоспағанда, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті "Ғылым тарихы мен философиясы", "Шет тілі (кәсіби)", "Жоғары мектеп педагогикасы", "Басқару психологиясы" пәндерін, бейінді бағыт үшін "Менеджмент", "Басқару психологиясы", "Шет тілі (кәсіби)" пәндерін қамтиды.

ЖОО-лар пәнаралық сипатқа ие БП циклінің жоғары оқу орны компоненті пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалар әзірлейді.

6. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 20 академиялық кредиті ЖК-ға тиесілі.

ӘАОО-ларда ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің кемінде 16%-ын құрайды.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі оқу мерзімдері 1 жыл және 1,5 жыл болатын 6 академиялық кредитті құрайды.

ӘАОО-ларда бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 12%-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 15%-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 49 академиялық кредитті құрайды.



ӘАОО-ларда ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 46%-ды құрайды.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бейінді бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі ЖОО-ның қалауы бойынша ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 45 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

ӘАОО-ларда бейінді бағыттағы магистратурада магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен бейіндеуші пәндер циклінің көлемі кемінде 47% (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 50%-ды (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдеттегідей, бірқатар білім салалары үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатқа ие.

11. Тиісті бағыттар бойынша магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы осы стандартқа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

12. ЖОО білім беру қызметін алынған лицензияға сәйкес жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген) бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

13. Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды ЖОО және ғылыми ұйым кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.

14. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

ӘАОО-да ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура тереңдетілген кәсіптік немесе ғылыми-педагогикалық даярлығы бар басқару, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

15. Бейінді бағыт бойынша магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау

қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Бизнес-орта үшін мамандар даярлау мақсатында ЖОО MBA бағдарламаларын іске асыра алады.

16. Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті мыналар болып табылады:

1) магистранттарды практикалардың, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалардың түрлерін қамтитын практикалық даярлау;

2) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.

17. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

1) БП циклінде педагогикалық – ЖОО-да (ӘАОО-ларда БП циклінде және ОҚТ);

2) бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу – диссертация орындалған жерде ( ӘАОО-ларда МҒЗЖ шеңберінде).

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте ЖОО қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылады.

19. Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.

20. ӘАОО-ны қоспағанда, бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндер циклінде өндірістік практиканы қамтиды.

Магистранттың өндірістік практикасы оқу процесінде жинаған теориялық білімдерін бекіту, дағдыларды, құзыреттер мен оқыған білім беру бағдарламасы бойынша практикалық кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеру мақсатында өткізіледі.

ӘАОО-да өндірістік практика МҒЗЖ шеңберінде кәсіптік практика немесе әскери тағылымдама түрінде өткізіледі.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Зерттеу (өндірістік) практиканың мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

22. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

ӘАОО-да ғылыми тағылымдама МҒЗЖ шеңберінде жүргізіледі.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

24. Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
- 2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
- 4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;
- 5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;
- 6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

25. Бейінді магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;
- 2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;
- 3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;
- 4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

26. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистрантты академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін ЖОО дербес айқындайды.

27. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

28. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

29. ЖОО магистранттың зерттеу нәтижелерін жариялауына көмек көрсетеді.

30. Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, ғылыми-педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР) базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

ӘАОО-ларда бірінші семестр ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы ғылыми кеңес шешімінің негізінде ӘАОО басшысының бұйрығымен бекітіледі.

ӘАОО-да магистранттың ғылыми жетекшісі ғылым кандидаттары немесе докторлары немесе PhD докторлар, сондай-ақ "магистр" дәрежесі немесе кем дегенде 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар подполковник әскери атағына (арнайы атағы, шені) ие немесе ғылымның тиісті саласының білікті мамандары қатарынан, ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың авторы болып табылатындар тағайындалады.

Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми консультанттар тағайындалады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**31. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптарды ЖОО өзі айқындайды.

ӘАОО-да магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнына және ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптарды ӘАОО дербес немесе тиісті уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі тиіс, мұндай тексерісті жүргізу қағидалары мен тәртібін ЖОО-ның өзі анықтайды.

34. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауды, оны ресімдеуді және қорғау рәсімін қамтиды.

35. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін ЖОО және ғылыми ұйым дербес айқындайды.

36. ӘАОО-ны қоспағанда, бейінді магистратураны бітірген магистрантқа педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламаларын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметке рұқсат етіледі.

37. ӘАОО-ны қоспағанда, бейінді магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасының мазмұны осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

38. ӘАОО-ны қоспағанда, педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын аяқтаған бейінді бағыттағы магистрге негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

Педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын меңгергені туралы куәліктің нысанын ЖОО дербес айқындайды және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ЖОО-лар тарапынан міндетті түрде танылады.

39. Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.

ӘАОО-ларда қорытынды аттестаттау көлемі өз бетінше анықталады, 12 кредиттен аспайды және ӘАОО өз бетінше пәндер цикліне және басқа да қызметтер түрлеріне қайта бөле алады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен меңгерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

ӘАОО-ларда қорытынды аттестаттау кешенді мемлекеттік емтихан тапсыру және (немесе) магистрлік диссертация (жоба) қорғау нысанында өткізіледі.

ӘАОО білім алушылардың теориялық дайындық деңгейін, оқу жетістіктерін, оқу нәтижелері мен зерттеу-талдау қабілеттерін ескере отырып, оларды қорытынды аттестаттаудың нысанын өзі айқындайды.

Егер магистрлік диссертация (жоба) қорғау қорытындысы аттестаттауға шықпаған жағдайда, магистрлік диссертация (жоба) қорғауды өткізу тәртібін ӘАОО өзі айқындайды.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. ӘАОО білім алушыларын қоспағанда, магистратурада білім алушылар қажет болған жағдайда оқудың қосымша түрлерін өз бетінше ақылы негізде меңгереді.

**42. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. МВА (ЕМВА) бітірушілерінің басты және кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптар.

МВА (ЕМВА) бағдарламасын бітірушілердің құзыреттері мынадай білімдермен және дағдылармен айқындалады:

1) заманауи нарықтық ортада ұйым қызметінің стратегиялық позициясымен бизнесті басқарудың мәні;

2) ұйымдардың құрылымы, олардың мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара іс-қимыл жүргізу тетіктері, ұзақ мерзімді перспективада сыртқы контекст жағдайында жұмыс істеу принципі;

3) стратегиялық басқарудағы көшбасшылық тұжырымдамасы;

4) басқарудың заманауи тәсілдері;

5) менеджменттің аналитикалық әдістері, проблемаларды диагностикалау, талдау және шешу әдістері, сондай-ақ шешім қабылдау және оларды практикада іске асыру әдістері;

6) бизнестің жаһандану мәні;

7) бизнестің проблемалық аспектілерін талдау және шешімдерді түрлендіру;

8) сыртқы ортаның ықпалын анықтау және оны басқарудың практикалық проблемаларын шешу кезінде ескеру;

9) теория білімдеріне, заманауи зерттеулер мен практиканың талаптарына қарай менеджменттің әртүрлі функционалдық аспектілерін кіріктіру;

10) компанияны басқару проблемаларын шешуде маркетингтік және қаржылық тәсілдерді пайдалану;

11) бизнесті жүргізу проблемаларын қарау және оларды халықаралық ортадағы бәсекелестік позициясымен басқару.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

44. MBA (EMBA) білім беру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) кәсіби құзыреттерді және тұлғалық дамуды, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері;
- 2) өндірістік практиканы (өндірістен қол үзіп білім алушы тұлғалар үшін);
- 3) магистрлік диссертацияны немесе жобаны орындау;
- 4) қорытынды аттестаттау.

45. Басты және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша MBA (EMBA) білім беру бағдарламалары міндетті және элективті компоненттер пәндерінен тұрады.

Элективті пәндердің тізбесі белгілі бір бизнес саласы үшін MBA (EMBA) бағдарламасының дайындау бағытына және мамандандыруына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

46. MBA және EMBA білім беру бағдарламасының құрылымы осы МЖБС-ға 6-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

47. MBA (EMBA) білім беру бағдарламасы шеңберінде магистрлер даярлау жалпы бейіндегі кәсіби басқарушыларды (general manager) даярлауға қойылатын талаптарды орындау жағдайында әртүрлі бағыттар бойынша, сондай-ақ корпоративті бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

48. MBA (EMBA) бағдарламаларына оқытуды бизнес-зерттеулерді және консалтингті, ғылыми қызметті жүргізуге тартылған, сондай-ақ басқарушылық жұмыс тәжірибесі бар професорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз етеді.

49. ЖОО МЖБС талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін көрсететін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді, оның негізінде пәндер бойынша оқу жоспарлары (білім алушының оқу жұмыс жоспарлары, жеке оқу жоспарлары) және оқу жұмыс бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

ЖОО білім беру технологияларын қолдану және қажетті білім беру қызметтерін ұсыну арқылы MBA (EMBA) білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары модульді оқыту принципі бойынша әзірленеді (ӘАОО-да басқа принциптер бойынша да әзірленеді).

50. Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте "кіруде" магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген

жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді (ӘАОО-да пререквизиттер орнатылмайды).

Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін ЖОО дербес анықтайды. ӘАОО-ны қоспағанда, пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизиттер ретінде магистрант тануды ЖОО Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсынады.

Жоғары арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері бейінді бағыттағы магистратураның тиісті бағдарламаларына сәйкес оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

ӘАОО үшін жоғары арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелері түрлі академияның білімі болған жағдайда бейіндік бағыттағы магистратураның тиісті бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелеріне теңестіріледі.

51. МВА (ЕМВА) білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға "Іскерлік әкімшілендіру магистрі" дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі.

### **3-тарау. Магистранттың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

52. Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәндерін, модулін немесе барлық білім беру бағдарламасын зерделеуі үшін талап етілетін және білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізуі үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

53. Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – дәрістер, семинарлар, топтық сабақ, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, практика, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), магистрлік диссертацияны (жобаны), өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының жеткшілігімен орындау.

54. Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

55. Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);



- 3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

ӘАОО-да магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың жалпы кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеудің тақырыбы, бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 2) практика (қажет болған жағдайда педагогикалық практика), әскери тағылымдама (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 3) негіздемесі және құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;
- 4) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 5) ғылыми жарияланымдар жоспары, ғылыми-практикалық конференцияларға (ғылыми-теориялық конференцияларға) және тағы басқаларға қатысу.

56. Магистранттың оқу жүктемесін анықтауда оқу жылы нысанын ЖОО немесе ғылыми ұйым дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсандық – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады.

57. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

58. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

59. 56 және 57-тармақтарда көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесі болып табылады. Магистранттарға семестрде аз немесе көп академиялық кредит санын игеруге жол беріледі. Магистранттардың жекелеген санаттары үшін оқыту нысаны мен технологияларына қарай оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің нақты уақыты ерекшеленеді және ЖОО өз бетінше есептейді.

60. Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті (ӘАОО үшін кемінде 120 кредит) мөлшерінде анықталған;

- 2) бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті (ӘАОО үшін 1 жыл оқу мерзімімен 60 кредиттен кем емес, 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 кредиттен кем емес және 110 кредиттен көп емес) игеруі болып табылады.

#### **4-тарау. Магистранттардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

61. Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

62. Дескрипторлар білім алушының:

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

63. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға "магистр" дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскрипт) бірге тегін беріледі.

64. ЖОО немесе ғылыми ұйым бітірушіге дипломға жалпыеуропалық қосымшаны ( Diploma Supplement (диплома саплемент)) тегін береді.

#### **5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығы**

65. Магистратурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгілеген көлемі меңгеріліп, күтілген оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

66. Кадрларды магистратурада даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында:

1) кемінде екі жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік;

2) кемінде бір жылдық оқыту мерзімімен бейіндік болып екі бағытта жүзеге асырылады.

67. MBA білім беру бағдарламалары бойынша оқудың типтік мерзімі 2 жылды, EMBA бағдарламасы бойынша кемінде 1 жылды құрайды.

## **2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мазмұнына қойылатын талаптар**

### **2-параграф. Докторантура**

68. Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және жоғары оқу орны компонентін (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компонентін (бұдан әрі – ТК), практиканы қамтитын базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдерінен тұрады. Бұл ретте, БП және бейіндеуші пәндер көлемінің арақатынасын ЖОО дербес анықтайды.

ӘАОО-ларда теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және жоғары оқу орны компонентін базалық пәндер БП және бейіндеуші пәндер циклдерінен тұрады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

69. ЖК және ТК пәндерінің тізбесін ЖОО-лар дербес анықтайды. Бұл еңбек нарығының қажеттілігі, жұмыс берушілердің үміттері, докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері есепке алынады.

ӘАОО-да ЖК пәндерінің тізбесін ӘАОО дербес анықтайды.

Пәндер мен модульдер бағдарламалары, әдетте, білімнің бірқатар бағыттарының түйісуінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатқа ие.

70. PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады, бейінді докторантурада, оның ішінде DBA бағдарламалары бойынша – магистратура немесе бейінді магистратураға теңестірілген жоғары арнаулы білім беру базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте "кіруде" докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратураның бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі формалды білім берудің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді (ӘАОО-да пререквизиттер орнатылмайды).

Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды игеру мерзімдерін ЖОО-лар дербес анықтайды. ӘАОО-ны қоспағанда, пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

Пререквизиттер ретінде докторант тануды ЖОО Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсына алады.

ӘАОО-ны қоспағанда, бейінді бағыттағы магистр PhD докторантураға түскен жағдайда, пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

71. Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және пәнді терең зерделеуді болжайды.

72. Бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы ұлттық экономика, білім, медицина, құқық, өнер, экономика, ұлттық қауіпсіздік және әскери іс саласындағы, бизнес-әкімшілендіру сияқты әлеуметтік салалар үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығын және пәнді терең зерделеуді болжайды.

73. Докторантураның кәсіптік даярлау бойынша білім беру бағдарламалары PhD докторанттар немесе бейіні бойынша докторлар даярлауға арналған аккредиттелген бағдарламаларды іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтар тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленеді.

74. Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасы:

1) PhD бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – педагогикалық және зерттеу практикасын;

2) бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практиканы қамтиды.

Педагогикалық практика кезеңінде докторанттар қажет болған жағдайда бакалавриатта мен магистратурада сабақ өткізуге тартылады.

Докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеулерде эксперименттік деректерді түсіндіру бойынша практикалық дағдыларды бекіту мақсатында өткізіледі.

Докторанттың өндірістік практикасы оқыту және кәсіби деңгейін арттыру барысында алған теориялық білімді бекіту мақсатында өткізіледі.

Зерттеу және өндірістік практикалардың мазмұны докторлық диссертациялар тақырыбымен анықталады.

75. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдасы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДЭЗЖ), ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияларды жазу мен қорғаудан құрылады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 123 академиялық кредитті құрайды.

ӘАОО-ларда докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 123 академиялық кредитті құрайды.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде докторанттың жеке жоспарында инновациялық технологиялармен және жаңа өндіріс түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларында, оның ішінде шетелде міндетті ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

Шетелдік тағылымдамадан өту шарттарын ЖОО дербес анықтайды.

77. Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ қойылатын талаптар:

- 1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі мәселелеріне сәйкес келеді;
- 2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы;
- 3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- 4) компьютерлік технологияны пайдалана отырып, деректерді өңдеудің және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістеріне негізделеді;
- 5) ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып жүргізіледі;
- 6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтиды.

78. Бейіні бойынша доктор бағдарламасы бойынша білім алушының ДЭЗЖ қойылатын талаптар:

- 1) докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі мәселелеріне сәйкес келеді;
- 2) өзектілігі, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы;
- 3) ғылымның, технологияның және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделіп, интеграцияланған, функционалдық сипаттағы басқару мәселелеріне арналған нақты практикалық ұсыныстарды, тәуелсіз шешімдерді қамтиды;
- 4) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

79. Оқу жылы аяқталғаннан кейін жыл сайын докторант жеке жұмыс жоспарын орындау бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Докторантураның академиялық аттестациясын өткізу тәртібін ЖОО дербес анықтайды.

80. Докторлық диссертация ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) кезеңінде жүргізіледі.

ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) қорытынды нәтижесі докторлық диссертация болып табылады.

81. Докторантураға оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде докторлық диссертацияны жүргізу үшін докторантка ғылыми жетекші тағайындалады.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен ғылыми жетекші бекітіледі.

82. Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік етуді кемінде 2 адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың бірі шетелдік ЖОО ғалымы болады ("Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" даярлау бағыттары тобынан басқа).

Бейіні бойынша доктор немесе DBA дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік етуді кем дегенде 2 адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың біреуі тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманы болады.

Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуына және академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамсыз етеді.

"Ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болатын оқытушының ғылыми жетекшілігін жүзеге асырады:

- 8D05 "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", 8D06 "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", 8D07 "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары", 8D08 "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", 8D09 "Ветеринария", 8D10 "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамсыз ету (медицина)" кадрлар даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасында JCR (СРР) деректері бойынша 1, 2, 3-квартильдерге кіретін немесе Scopus (Скопус) базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала, немесе Хирш индексі 2 және одан көп;

- даярлаудың қалған бағыттары бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар

тізбесіне енгізілген, бейін бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақалалардың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші 35-тен кем емес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын;

- 8D12 "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" кадрлар даярлау бағыты бойынша басылымдар ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген кемінде 7 ғылыми мақаласы бар.

**Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

83. Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестрде анықталып, ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

84. Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламасын іске асыруға бағытталған.

85. Докторанттың ғылыми зерттеуінің негізгі нәтижелері ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда "Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) сәйкес жарияланады.

**Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

86. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы осы МЖБС-ға 7-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Бейінді докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы осы МЖБС-ға 10-қосымшаға сәйкес, ӘАОО-да 11-қосымшаға сәйкес келтірілген.

ӘАОО-лар үшін ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы осы МЖБС-ға 8-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Докторантураның білім беру бағдарламалары модульдік оқыту принципі бойынша құрылымдалады.

**Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

87. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертацияны (жобаны) жазу мен қорғау түрінде өтеді.

Докторлық диссертация Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінін пайдалануын анықтау мәніне тексеруден өтеді.

**Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

88. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-аналитикалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқару құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға және кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламалар талаптарына сай дайындығын бағалау болып табылады.

**89. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

90. DBA бітірушілерінің негізгі және кәсіби құзыреттері білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) ұйымдастыруға жүйелі тәсілдің әдіснамасын, басқарудың заманауи тәсілдерін және менеджменттің аналитикалық әдістерін, диагностикалау, талдау және проблемаларды шешу әдістерін, сондай-ақ шешім қабылдау және оларды практикада іске асыра білу әдістерін меңгеру;

2) менеджменттің практикалық проблемаларын білікті түрде шешу және осы шешімдерді өмірде жүзеге асыру, басқару функцияларын орындауға дайын болу және тұтастай ұйымның мүддесі үшін кәсіби проблемаларды шешуге қабілетті болу;

3) тиісті басқарушылық лауазымға орналасу үшін қажетті және нарықтық экономиканың ерекшеліктері мен оның мүмкіндіктерін, мемлекеттің функциялары мен экономикалық ролін терең түсінуге, экологиялық проблемаларды түсінуге, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін және оны жүргізудің өркениетті этикалық нормаларына сүйенгенін түсінуге негізделген қажетті білімді, іскерлік пен дағдыларды меңгеру;

4) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі проблемалары мен перспективаларын бағалай, әлемдік экономика мен жаһандандудың қазіргі даму үрдістерін түсіне және халықаралық бәсекелестік мәселелерін басшылыққа ала білу.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

91. DBA білім беру бағдарламасы:

1) теориялық оқытуды;



2) ғылыми-зерттеу жұмысын, оның ішінде докторлық диссертацияларды орындауды;

3) қорытынды аттестаттауды қамтиды.

92. DBA білім беру бағдарламасының мазмұны қазақстандық бизнес пен менеджменттің ерекшеліктері мен принциптерін, халықаралық бизнесті және шетелдік басқару тәжірибесін зерттеуді ескере отырып әзірленеді.

ЖОО компоненті мен таңдау компоненті пәндерінің тізбесін жұмыс берушілердің және еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес ЖОО дербес анықтайды.

93. DBA білім беру бағдарламасының құрылымы осы МЖБС-ға 9-қосымшаға сәйкес келтірілген.

94. DBA білім беру бағдарламасының зерттеу компоненті докторанттың қолданбалы және зерттеу жұмыстарынан, басылымдары мен докторлық диссертациясын жазуынан қалыптастырылады.

95. Докторанттың зерттеулерінің нәтижелері кемінде 7 (жеті) ғылыми басылым мен журналдарда, оның ішінде кемінде 3 (үш) алыс шетелдердегі ғылыми басылымдарда және халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланады.

96. DBA бағдарламасының докторанттарына ғылыми жетекшілік етуді ғылым докторлары (кандидаттары) қатарынан тағайындалатын, ғылыми-зерттеу (академиялық) тәжірибесі бар немесе басқару және консалтингтік жұмыс тәжірибесімен DBA дәрежесі бар кемінде екі консультант жүзеге асырады.

97. DBA бағдарламалары бойынша оқытуды ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі бар және даярлау бағыты бойынша кәсіби білім мен дағдыларға ие халықаралық тағылымдамалары мен жарияланымдары бар профессорлық-оқытушылық құрам жүзеге асырады.

98. ЖОО заманауи білім беру технологияларын қолдану және қажетті білім беру қызметтерін ұсыну арқылы DBA бағдарламасын іске асыру жағдайларын қамтамасыз етеді.

99. DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаларға жоғары оқу орнының аттестаттау комиссиясының шешімімен Іскерлік әкімшілендіру докторы (DBA) дәрежесі беріледі.

**Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Докторанттың оқу жүктемесінің ең көп көлеміне қойылатын талаптар**

100. Оқу жүктемесі докторантқа оқу пәнін, модульді, барлық білім беру бағдарламасын зерттеуге және білім беру бағдарламасының белгіленген оқу нәтижелеріне жету үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

101. Оқу жүктемесіне докторанттың барлық оқу қызметі: дәрістер, семинарлар, топтық сабақтар, топтық жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, өндіріс орнындағы практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (тәжірибелік-зерттеу жұмысы), докторлық диссертацияны жазу мен қорғау, өзіндік жұмыс, оның ішінде ғылыми жетекшінің басшылығымен.

**Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

102. Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды.

103. Докторанттың жеке жұмыс жоспары барлық оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайға жыл сайын нақтылануы мүмкін);
- 2) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны);
- 3) практика (бағдарламасы, бағасы, мерзімі және есеп беру түрі);
- 4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген докторлық диссертацияның тақырыбы;
- 5) докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- 6) ғылыми басылымдар мен тағылымдамадан өту, оның ішінде шетелдік тағылымдамадан өту жоспары.

ӨАОО-да докторанттың жеке жұмыс жоспары барлық оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 2) практика (педагогикалық практика қажет болғанда), тағылымдама (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру түрі);
- 3) негіздемесі мен құрылымы бар докторлық диссертация тақырыбы;
- 4) докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- 5) ғылыми басылымдар жоспары, ғылыми-практикалық (ғылыми-теориялық конференцияларға қатысу) және т.б.

104. Докторанттың оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысанын ЖОО немесе ғылыми ұйым анықтайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратындығы ескеріледі.

105. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 кредитке тең және бір оқу жылында 1800 академиялық сағатта сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті меңгереді.

106. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

107. Осы МЖБС-ның 104 және 105-тармақтарында көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесін көрсетеді. Докторанттың семестрде академиялық кредитті аз немесе көп мөлшерде орындауына жол беріледі. Оқу түрі мен технологиясына қарай, жеке санаттағы докторанттарға оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін берілетін нақты уақыт өзгеше болуы және ЖОО тарапынан есептелуі мүмкін.

108. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша докторлар даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі өлшемшарты докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгерген және диссертациясын нәтижелі қорғаған докторантқа философия докторы (PhD) немесе оқу мерзіміне қарамастан бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

#### **4-тарау. Докторанттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар**

109. Докторанттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің үшінші дәрежелі Дублин дескрипторлары (докторантура) негізінде анықталады және оқыту нәтижелері арқылы меңгерген құзыреттіліктерін көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық білім беру бағдарламасы деңгейінде де, сондай-ақ жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де қалыптасады.

110. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі Біліктіліктің кешенді негіздері шеңберіндегі үшінші деңгейлі дескрипторлар білім алушының мынадай қабілеттерін көрсететін оқыту нәтижелерін айқындайды:

1) зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру;

2) маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;

3) ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылым саласының шекарасын кеңейтуге өздерінің түпнұсқа зерттеулерін енгізу;

4) жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;

5) өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;

6) білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуында академиялық және кәсіптік тұрғыда дамытуға жәрдемдесу.

111. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және сараптама нәтижелері бойынша ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының диссертациялық кеңестерінің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің оң шешімімен докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша

доктор дәрежесі беріледі және "Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) сәйкес диплом және оның қосымшасы (транскрипт) беріледі.

**Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

112. PhD докторы дәрежесін алған тұлға ғылыми білімін тереңдету, мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешу үшін жоғары оқу орны таңдаған жетекші ғалымның басшылығымен постдокторлық бағдарламаны орындайды немесе ғылыми зерттеулер жүргізеді.

113. Бейінді докторантураның түлегі педагогикалық бейін пәндерінің циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысады. Бұл цикл қосымша академиялық кезеңде игеріледі (егер докторантураның білім беру бағдарламасында қарастырылмаса), оны аяқтағаннан кейін негізгі дипломға тиісті сертификат беріледі.

114. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтырылған, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтырылған, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

ӘАОО-да докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтырылған, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған докторантқа диссертациясын келесі жылдары қорғауға мүмкіндік беріледі. Ғылыми компонент кредиттерін қайта меңгеру және диссертацияны қорғау тәртібін ӘАОО өз бетінше анықтайды.

**Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-тарау. Докторантураның оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

115. Докторантурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгілеген көлемі меңгеріліп, күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда білім беру бағдарламасы толық меңгерілген болып есептеледі.

116. Докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары базасында:

1) кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік;

2) кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен бейіндік болып екі бағытта жүзеге асырылады.

117. ДВА білім беру бағдарламасы бойынша типтік оқу мерзімі кемінде 3 жылды құрайды.

Жоғары оқу орнынан  
кейінгі білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
1-қосымша

## Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	2520	84
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	оның ішінде:		
	Ғылым тарихы мен философиясы		
1)	Шет тілі (кәсіби)		
	Жоғары мектептің педагогикасы		
	Басқару психологиясы		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	1470	49
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
3)	Зерттеу практикасы		

2	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 360	кемінде 12
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРК)	360	12
	Барлығы	кемінде 3600	кемінде 120

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
2-қосымша

## ӘАОО-да ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		Жалпы	академиялық кредит бойынша
1	2	3	
1	Теориялық оқыту	кемінде 74	
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	кемінде 16%	
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 46 %	
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Ғылыми-зерттеу жұмысы	34 аспайтын	
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)		
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	12 аспайтын	
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРК)		
	Барлығы	кемінде 120	

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
3-қосымша

## Бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы			
		1 жылдық типтік оқу мерзімімен		1,5 жылдық типтік оқу мерзімімен	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4	5	6
1.	Теориялық оқыту	1050	35	1800	60
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	300	10	450	15
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	180	6	180	6
	Оның ішінде:				
	Шет тілі (кәсіби)				
	Менеджмент				
	Басқару психологиясы				
2)	Таңдау компоненті (ТК)	120	4	270	9
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	750	25	1350	45
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)				
2)	Таңдау компоненті (ТК)				
3)	Өндірістік практика				
2	Эксперименттік-зерттеу жұмысы	390	13	540	18
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	390	13	540	18
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)				
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 360	кемінде 12	кемінде 360	кемінде 12
1)	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРҚ)	360	12	360	12
	Барлығы	кемінде 1800	кемінде 60	кемінде 2700	кемінде 90

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
4-қосымша

## ӘАОО-да бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

--	--	--	--

Р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		Типтік оқыту мерзімі 1 жыл	Типтік оқыту мерзімі 1,5 жыл
		академиялық кредит бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Теориялық оқыту	кемінде 35	кемінде 60
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	кемінде 12%	кемінде 15%
1)	ЖОО компоненті (ЖК)		
1.2	Бейіндеуші пәндер (КП) циклі	кемінде 47%	кемінде 50%
1)	ЖОО компоненті (ЖК)		
2.	Эксперименттік-зерттеу	кемінде 13	18 аспайтын
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)		
2)	Өндірістік практика (кәсіби практика немесе әскери тағылымдама)		
3)	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4)	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	12 аспайтын	12 аспайтын
1)	Кешенді мемлекеттік емтихан (КМЕ)		
2)	Магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеу және қорғау (МДРҚ)		
	Барлығы	кемінде 60	кемінде 90*

Типтік оқыту мерзімі 1,5 жылды құрайтын бейінді магистратурада жалпы еңбек сыйымдылығы 110 кредиттен аспайтын көлемді құрауы мүмкін.

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
5-қосымша

## Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	600	20
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	600	20
	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):		
	Оның ішінде:		



1)	Ғылым тарихы мен философиясы		
	Жоғары мектеп педагогикасы		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	300	10
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
	Барлығы	кемінде 900	кемінде 30

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
6-қосымша

## МВА және ЕМВА білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Блоктар мен пәндердің атауы	Жалпы сыйымдылығы			
		МВА		ЕМВА	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы	1740	58	600	20
1)	Жоғары оқу орны компоненті:	180	6	180	6
	Стратегиялық менеджмент	90	3	90	3
	Бизнес-зерттеу	90	3	90	3
2)	Таңдау компоненті	1320	44	1320	14
	Оның ішінде көшпелі модуль/ шетелде тағылымдамадан өту*				
3)	Өндірістік практика	кемінде 240	кемінде 8		
2	Жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы	600	20	300	10
1)	Жоғары оқу орны компоненті				
2)	Таңдау компоненті				
3	Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/жобаны орындау	900	30	540	18
4	Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертацияны/жобаны жазу және қорғау)	360	12	360	12
	Барлығы	кемінде 3600	кемінде 120	кемінде 1800	кемінде 60

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
7-қосымша

## Докторантураның ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық компоненті	1350	45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі 1) Академиялық хат 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Педагогикалық практика	кемінде 300	кемінде 10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы	кемінде 300	кемінде 10
2	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)	3690	123
1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		
3	Оқытудың қосымша түрлері		
4	Қорытынды аттестаттау	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
8-қосымша

## ӘАОО-ғы докторантураның ғылыми-педагогикалық білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық компоненті	кемінде 1350	кемінде 45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі		
1)	Жоғары оқу орны компоненті		
2)	Педагогикалық практика		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі		
1)	Жоғары оқу орны компоненті		
2)	Зерттеу практикасы		
2.	Ғылыми-зерттеу жұмысы	3690 аспайтын	123 аспайтын
1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
3.	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4.	Қорытынды аттестаттау	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау		
	Барлығы	Кемінде 5400	Кемінде 180

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
9-қосымша

## DBA бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

p/c №	Блоктар мен пәндердің атауы	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы	1290	43
1.1	Жоғары оқу орны компоненті:	150	5
	Зерттеу әдістері және әдіснамасы	150	5
1.2	Таңдау компоненті	300	10
1.3	Зерттеу практикасы	840	28
	оның ішінде көшпелі модуль/шетелде тағылымдамадан өту		
2	Жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы	300	10
	Таңдау компоненті	300	10
3	Докторлық диссертацияны орындауды қамтитын зерттеу жұмысы	3450	115

4	Қорытынды аттестаттау (докторлық диссертацияны жазу және қорғау)	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 10-қосымша

## Бейіндік докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық компоненті	1350	45
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі 1) Академиялық хат 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі		
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы	кемінде 600	кемінде 20
2	Докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (ДЭЗЖ)	3690	123
1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы		
3	Оқытудың қосымша түрлері		
4	Қорытынды аттестаттау	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12
	Барлығы	кемінде 5400	кемінде 180

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 11-қосымша

## ӘАОО-ғы докторантураның бейіндік докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы

Ескерту. 11-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	Общая трудоемкость
--	--------------------

№ п/п	Наименование циклов дисциплин и видов деятельности	в академических часах	в академических кредитах
1	2	3	4
1.	Теоретическое обучение	не менее 1350	не менее 45
1.1	Цикл базовых дисциплин (БД)		
1)	Вузовский компонент (ВК):		
1.2	Цикл профилирующих дисциплин (ПД)		
1)	Вузовский компонент (ВК)		
2)	Производственная практика		
2	Экспериментально-исследовательская работа докторанта (ЭИРД)	не более 3450	не более 115
1)	Экспериментально-исследовательская работа докторанта, включая прохождение стажировки и выполнение докторской диссертации		
3	Дополнительные виды обучения (ДВО)		
4	Итоговая аттестация (ИА)	360	12
1)	Написание и защита докторской диссертации		
	Итого	не менее 5400	не менее 180

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК